


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

Успанова З. У.

# Психодиагностика саласының даму тарихы



Қызылорда «Тұмар», 2008ж.

ББК 88.37я73  
У 76

Пікір берушілер:

Ауталипова Ұ.И. – Қаз Мем Қыз ПИ-нің психология кафедрасының, психология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Аббасова Р.К. -Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің «Педагогика» кафедрасының педагогика ғылымдарының кандидаты.

Имангалиева Ш.Д.-Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-ң «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы.

Успанова З .У. Психодиагностика саласының даму тарихы. Оқу құралы.  
-Қызылорда, «Тұмар», 2008ж. - 313 бет.

ISBN 9965-838-40-2

Бұл оқу құралында психодиагностика саласының даму тарихына, интеллект мәселесіне қысқаша шолу беріледі және осы саланың дамуына үлес қосқан ғалымдардың ғылыми зерттеу бағыттарымен таныстырады. Әртүрлі психодиагностика саласында пайдаланатын әдістемелер берілген (Личко, Эйдемиллер, ММРІ, Амтхауер, Пифагор т.б.). Оқу құралы жоғары оқу орындарының педагогика және психология бөлімінің студенттеріне және осы ғылым саласына қызығатын оқырмандар қауымы пайдалануына болады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде (Хаттама №6 30.06.07) Абай атындағы ҚазҚПУ-нің «Білім» тобындағы мамандық бойынша оқу-әдістемелік секциясының ұсынылған. Хаттама №6 «25» желтоқсан 2007ж.

ББК 88.37я73

0605010405  
00(05)–06

ISBN 9965-838-40-2

© Тұмар 2008ж.

# 1. Психодиагностика ғылымның қайнар көзі

## 1.1. Френсис Гальтон және индивидуалды (жекелік)

### өзгешеліктерді өлшеуі

«Есептеуге келгеннің бәрін есептей біл»

Ф.Гальтон

Индивидуалды өзгешеліктерді зерттеудің ғылыми негізін қалаған және оны өлшеу құралы ретінде пайдалану тестісін еңгізген ағылшын ғалымы Френсис Гальтон (1822-1911) еді.

Ф.Гальтон адамның тұқым қуалаушылық арқылы берілетін қабілетін өлшеуді мақсат етті.

Бұл мәселе ғалымды көптен қызықтырған еді. Адамзат несілі азғындауға ұшырайтындығы мен мақсатты іріктеу жолымен жақсартуға зәру болатындағына сене отырып, ол адамдарды сұрыптау үшін қабілеттерін өлшеу әдісін жасауға ұмтылды. **«Психометрия» нақты айтқанда ақыл-ой (mind) операциясының саны мен және өлшеумен қамти алатын өнер** - мысалы, әр түрлі адамдардың реакциясының уақытын анықтау. Қандай да бір білім саласының феномені өлшеу мен санға бағынбаса, онда олар ғылымда статуска және абыройға жете алмайды» дейді Ф.Гальтон. (Galton Fr. Psychometric Experiment.-Brain.-1899.-V.2. –P.148-157).

Дж. Локктың философиялық іліміне және өзінің бақылауына сүйене отырып, Ф.Гальтон сенсорлық айырмашылықтың көмегімен адамның ақыл-ойын бағалауға болады деп жорамалдады. 1883 жылы ол ақыл-ойды өлшеу идеясын қалыптастыра отырып «Біздің сыртқы ортадан қабылдайтын барлық ақпаратымыз (бір нәрсенің жайы туралы мәлімет) сезім мүшелеріміз арқылы беріледі, адамның сезім мүшелерінің көмегімен әлсіз өзгешеліктерді қабылдай алу қабілеті дамыған сайын оның өзіндік пікірі қалыптасып интеллектуалды іс-әрекетін (ақыл-ойын) жүзеге асыру мүмкіншілігі көбейе түседі».

Ф.Гальтон сезімталдық табалдырығын, жауап беру ұзақтығын анықтаудың тәжірибелік психологиядағы тәсілін жетілдіріп, жаңа түрлерін де ендіردі. Олардың біреуі дыбыс ұзақтығын қабылдауға арналған ысқырық болса, екіншісі ұзындықтың айырмашылығын көруге арналған сызғыштық. Бұлар осы кезеңге дейін Гальтонның тапқырлық қасиетін танытып отыр.

1884 жылы ол «Денсаулық сақтау әдістері» атты көрмесінде өз құралдары мен тестілерін жұртшылық назарына ұсынды. Көрмеге келіп-кетушілердің кез келгеніне Ф.Гальтонның антропометриялық лабораториясында қабілетін өлшеп алуға мүмкіндік жасалған еді. Оның ойынша антропометрия адамның дене бітімінің физикалық және ақыл-ойын өлшеуге арналған өнер туындысы деп түсінді. Тестілеу он жеті көрсеткіш бойынша айқындалады, оның ішінде қолдың күштерін және оның (ұру) соққы күшін, көздің жітілігін, өкпе көлемін анықтау, әр түрлі түстерді айыру, объектілерді есте сақтау т.б. зерттеулер арқылы жүргізілді. Көрме жабылғаннан кейін 1885 жылы Ф.Гальтон өзінің лабораториясын Оңтүстік Кенсингтон мұражайына орналастырып, алты жыл бойы мұнда 9000 адамға өлшеу жүргізді. Ерекше атап өтетініміз, Ф.Гальтон психологиядағы **статистикалық (сандық) процедура** саласына жаңалық әкелуші де (новатор) ретінде танымалы, ал онсыз индивидуалды өзгешеліктер бойынша мәліметтерді талдау мүмкін емес. 1888 жыл ол **корреляция коэффициентін** есептеу әдісін ұсынды. Екі өзгергіш мүшенің бірінің өзгеруінің негізінде екіншісінің сол бағытта мол немесе аз өзгеруіне байланысты болады. Мысалы, қолдың ұзындығы аяқпен корреляцияланған адамның аяғы да ұзын болып келеді және керісінше болуы да мүмкін деп жазды Ф.Гальтон.

Тұқым қуалаушылық пен антропометриялық зерттеулерінде Ф.Гальтон корреляция коэффициентін есептеуді қолданды. Тұқым қуалаушылық сонымен бірге сандық зерттеу **регрессия** құбылысы корреляция ұғымымен тікелей байланысты: «Регрессияны (кері кету) былай түсіндірді. Балаға өз ата-анасынан және ата-бабасынан тұқым қуалаушылық арқылы қасиеттер беріледі.

Жалпы айтқанда оның генеалогиясы негүрлым әрі қарай алысырақ тараған сайын оның ұрпақтары көп және әр түрлі болады. Олар басқа адамдар тобынан айырмашылық тапқанша жалғасады саны бірдей, нәсіл жағынан тұтас болғанынша олардың бойы нәсіл тәрізді орташа болады, немесе олар орта бойлы болады. Бұл Ф.Гальтонның **регрессия (кері кету)** заңы болып табылады. Сонымен қатар ол егер әрбір ұрпақ ата-анасының екеуінен ерекшелікке ие болса, арғы ата-аналарына тән ерекшеліктің `(өзінің ата мен әжесінен және нағашы ата-әжесінен) төрттен біріне ие болса, онда азаю қатары пайда болып, қосынды саны бірлікке тең болуға тырысады. Ұрпақтардың **тұқым қуалаушылық заңының** мәні осында. Ол тұқым қуалаушылықты корреляция арқылы түсінуге тырысты, жанұялық ұқсастықты корреляция аймағының кездейсоқ оқиғасы ретінде қарастырды. Сонымен ұқсастық деңгейі мен туысқандық деңгейі арасындағы корреляция тұқым қуалаушылық болып саналады. Осы заңды интеллектінің (ақыл-ойдың) тұқым қуалаушылықпен берілуіне таратылу себебі деп тапты. Әрине, бұл гальтонның заңы бүгінгі күні тек тарихи қызығушылық қана туғыза алады, бірақ өз кезінде бұл жаңашылдық болып табылды. Гальтон Гаусстың қисық доғасын «огивы» бейнелейтін математикалық әдісті енгізді. Осы бағыттағы еңбектерімен психодиагностикадағы психометриялық іргетасты қалады.

Бұл жерде Гальтонмен ұзақ жылдар бойы бірлесіп зерттеу жүргізген адамды да атап өткен жөн. Ол - Карл Пирсон (1857-1936), ол Гальтонның өмір естеліктерін жазған және керемет математик болған. Пирсон корреляция есептеуге арналған математикалық аппаратты жетілдірді. Нәтижесінде баршаға әйгілі, тіпті студенттерге де мәлім Пирсон бойынша корреляция коэффициентін есептеу дүниеге келген. Сонымен қатар ол параметриялық емес  $d$ -квадрат коэффициентін жасап шығарды. Бұл коэффициенттер психодиагностикалық зерттеулерде кеңінен қолданылды, соның арқасында психологиялық тестілерді жасау мен қолдану барысында сандық әдістер дәстүрге айналды.

Алғашқы интеллект тестерін жасаған Ф.Гальтон жеке адамның ерекшеліктерін өлшеу мәселесін де айқындаған . 1884 жылы Ф.Гальтон «Мінезді өлшеу» (Измерение характера) мақаласын жариялады, онда тек қана ақыл-ойды ғана емес, өзге де психикалық қасиеттерді зерттеуді қажет деп тапқан . «Ақыл ойдың қасиеттерін өлшеу өнері жоғары дамуға жетті деп есептеу дұрыс емес, оның себебі адамның басқа қасиеттерін өлшеу аз дамып, әрі олармен әрекет ету қарастырылмауында » дейді (Galton Fr. Measurement of Character // Fortnightly Review for August.-1884.-V.34. –P.179-185).

Ф.Гальтонның ойынша мінезді өлшеу үшін **сфигмограф** құралын, ал қанның қысымын анықтау үшін **Массо аппаратын** пайдалануға болады. «Күнделікті әрекетті орындау барысындағы сандық жағынан адамның мінез-кұлқының қайталануы» мінездің дәл өлшеуі болып табылады. Гальтонның бұл зерттеулері аяқталмаған болса да, жеке адамның когнитивтік емес қасиеттерін өлшеу құралдарын жасауға қызығушылықты тудырады.

Жеке адамды айқындауда Ф.Гальтон «ассоциация идеяларын» зерттей отырып, проективтік техниканың дамуына да үлес қосты. 1878 жылы Nineteenth Century, ал келесі жылы Brain де Ф.Гальтон өзі жасаған ассоциативтік эксперимент нәтижесін жариялады.

Бірінші тәжірибесін ұзақ серуендеу барысында жүргізді, ол кезеңде 300-дей әр түрлі объектіге көңіл аудара алды (ол өзіне қиялдауға жол бермесе де, өзінің белгісіз жолдармен ғана, санасынан өткен көптеген ойларды жинақтай алғандығын айтады. Оның бүкіл өткен өмірінің көпшілігі қысқаша түрде көз алдынан өткен. Бірнеше күннен кейін тәжірибе қайталанды. Олар әр түрлі болғанымен де өткен тәжірибедегі ойлардың көпшілігі қайталанбай қалды. Ассоциация табиғатын және олардың қайталану жиілігін анықтау үшін шешуші эксперимент жүргізілді. Жетпіс бес сөздің тізімі жасалынды. Ф.Гальтон осы сөздерді бірінен соң бірін оқып, әрі уақытты хронометрмен бақылап отырды және осы сөздерге байланысты екі ассоциация ойы пайда болғанша зерттеуді жалғастырып отырды. Екінші ассоциация эксперименттік

сөзден туындауы керек. Бұл тәжірибе бір ай уақыт аралық интервалымен төрт рет қайталанды. Жалпы зерттеуші 505 «ассоциацияланған ойларды» тіркеді. Олардың қалыптасуына 560 секунд қажет болды, орташа алғанда бір минуты 46-ға тең болды, олар төрт рет қайталанды, оның жасалған тәжірибеде 293 рет қайталанды, оның үшеуінде 36-сы, екеуінде 57-сі, бірақ тәжірибеде 107-сі қайталанған. Алынған нәтижені өңдей отырып, Ф.Гальтон төмендегідей қорытындыға келеді:

-ассоциация қайталануының жиілігі күткенімізден де жоғары: «Рух әрдайым таныс жолдарымен саяхат жасап жүреді, алайда сол жорықтардан еш әсер де сақталмайды»;

-ассоциация даралыққа (жекелікке) ие болып келеді: «екі ересек адамның ақылының толық келісімге келуі мен оларды жақындастыру мүмкін еместігін көреміз» екі ересек адам үшін толық келісімге келгенше дейін өз ақылдарын жақындастыру тіпті де мүмкін емес;

- балалық шақпен байланысты ассоциациялар айтарлықтай тұрақты болады;

-ассоциациялар жеке адамды зерттеу үшін айтарлықтай маңызды.

-ассоциациялар саналы емес процестері мен тығыз байланысты. Олар психикалық операцияның терең деңгейінің бар екендігіне дәлел бола алады, өзгеше түсіндіруге келмейтін психикалық феномендерді айқындауға көмектеседі.

Ф.Гальтон басқа да көптеген мәселелермен айналысты (ауа райы және басқа да атмосфералық құбылыстардан евгеникаға дейін), бірақ кейінірек те ассоциация мәселелерін зерттеуге оралған жоқ. Сонда ол жеке адамды зерттеу техникасын жасауға басшылық жасап, жиырма бес жыл өткеннен кейін оны К.Юнг пен М.Вертхеймер жаңартып, отыз бес жыл өткеннен соң ол проективті техника деген атауға ие болады.

Ф.Гальтонның ақыл-ойды зерттеу мектебінің дамуына қосқан үлесі мол еді. Оның зерттеулері жеке адамды тестілеуге жол ашты. Қазіргі

психодиагностика өз дамуында «Есептеуге келгеннің бәрін есептей біл» деген оның өмірлік ұраны негізге айналған идеялары мен еңбектеріне сүйенеді.

---

➤ **Гальтон Френсис** Бирменгем қаласында, өте бай, қуатты, ғылыммен айналысатын жанұяда дүниеге келді (Galton F. 1882-1911). Оның анасы Эразм Дарвиннің қызы болған. 1844 жылы Кембридж университетінде бакалавр дәрежесіне ие болды. Ч.Дарвиннің туысқан інісі ағылшын антропологы, психологы. Оксфорд және Кембридж университеттерінің құрметті докторы. Евгеникалық негізін салушылардың бірі. «Heredity Genies» (1869) зерттеуінде адам қажеттіліктеріндегі индивидуалды жекелік ерекшеліктер проблемасының эволюция теориясын шешуге тырысты. Эксперименталды психология саласында бір нәрсенің өзгеру түрінің сандық әдістерін қолданғандардың бірі. Психологиялық тестілер, анкеталар және сауалнамаларды қолданудың пионері аталды. Корреляциялық талдаудың дамуына мәнді үлес қосты. Негізгі жұмыстары: «Heredity Genies: an inquiry into its laws and consequences» (1869); «English Men of Science». «Their Nature and Nurture» (1874); «Psychometric experiment» (1879); «Human Faculty» (1889); «Essays in engenics» (1909).

## **1.2.Джеймс Мак-Кин Кеттеллдың ақыл тестілері**

Егер психология экспериментсіз және өлшеусіз өтетін болса, ол функциялық ғылым тәрізді айқындалған және дәлме-дәл бола алмайды. Бұл бағыттың бірінші қадамы ақыл-ой тестілерінің сериясын қолдану көмегімен психикалық процестердің тұрақтылығын, өзара тәуелділігі мен әр түрлі жағдайдағы өзгерістерді көрсетуде. Олардың нәтижелері ғылыми құндылығында.

Дж. Кеттелл



Ф.Гальтонның зерттеулері, оның тестілері әр түрлі елдердің ғалым-психологтарының назарын аударды, оның шәкірттері мен ізбасарлары пайда болды. Ф.Гальтонның индивидуалды (жекелік) ерекшеліктер өлшемі мен әдістеріне біршама әуестенушілердің бірі американдық ғалым **Джеймс Мак-Кин Кеттелл** (1860-1944) болды.

Индивидуалды ерекшеліктер мәселелерді қабылдамау тән. Вундтық экспериментті психологиядан түңіле отырып, Дж. Кеттелл Ф.Гальтонның арқасында әрекет ету уақытын зерттеуден ақыл-ойды өлшеуге ойысты. Ол Ф.Гальтонда қонақта болып, АҚШ –қа қайтқан соң тестілерді белсене насихаттауға кірісті.

1890 жылы Дж.Кеттелл **Mind** атты журналында психодиагностика саласындағы әйгілі еңбегін жариялайды, онда қай зерттеуші болса да индивидуалды ересектер мәселелеріне назар аудармай, оның жетістікке жете алмайтынын айтты. Бұл «Умственные тесты измерение» (**ақыл-ой тестілері және оның өлшемі** – Mental Test and Measurement) атты мақаласы, оның соңғы сөзін Ф.Гальтон өзі жазды. Ақыл-ой тестілері индивидуалды ерекшеліктерді меңгеру және өлшеуге деген талпыныста болған психологтар арасында «**mental test – ақыл тесті**» деген ұғым көпшілікке белгілі болды және психологияның бір саласының символына айналып тез арада танымал бола бастады.

«Егер психология экспериментсіз және өлшеусіз өтетін болса, ол функциялық ғылым тәрізді айқындалған және дәлме-дәл бола алмайды. Бұл бағыттың бірінші қадамы ақыл-ой тестілерінің сериясын қолдану көмегімен психикалық процестердің тұрақтылығын, өзара тәуелділігі мен әр түрлі жағдайдағы өзгерістерді көрсетуде. Олардың нәтижелері ғылыми құндылығында» деп жазды Дж. Кеттелл (Cattell. Mental Test and Measurement// Mind.-1990.- V.15.-P.373).

Дж. Кеттелл белгілі адамдар санына тестілер мен статистикалық (сандық) талдауды қолдануды жаңа психологияның кепілі ретінде қалыптастыра

отырып, оның дәлдік білімдерге сүйенуі туралы айтты. Жоғарыда аталған мақалада ол сондай-ақ бір кездері пайдаланған тестілердің елу тізімінің ішінен оны іріктеп алды. Олар танымал тестілер:

- «механикалық күшті өлшейтін» (динамометрия ),
- «анықталған арақашықтыққа қолдың қозғалысы үшін жұмсалған уақыты» (диапазон движения ),
- « сезімталдық зонасы» (зона чувствительности),
- «ең аз түйсінетін салмақ айырмашылығы» (наименее ощутимая разница в весе),
- «дыбысқа деген реакция уақыты» (время реакции на звук ),
- «түстерді айыру реакциясы» (время распознавания цветов),
- «елу сантиметрлі сызықтың екі есе қосарлануы» (удвоение 50 сантиметровой линий),
- «он секундтық уақыт мерзімін ажырату» (размышление 10-секундного отрезка времени),
- «әрі қатарын бір ізгілік жаңғырту» (последовательность воспроизведения буквенного ряда).

Осы тестілерді Дж.Кеттелл ақыл өлшеуіндегі ең қарапайым психикалық функциялар деп санай отыра мақаласының аяғында: «Ф.Гальтон осы ұсынысымды қолдайды деген үміт артамын» деп аяқталған. Бірақ мэтр өзінің соңғы сөзінде керісінше, сол ауыспалы тестілер нәтижелерін салыстыру маңыздылығының тәуелсіз емес өзгерістер екендігін еске алмаған үшін Дж.Кеттеллдің ойын-сынға алды. (басқа сөзбен айтқанда Ф.Гальтон бұл жерде тест **жарамдылығына** назар аударды). Өзінің шәкіртін төмендетпей Кеттеллдің тест жүйесіне қосу үшін Ф.Гальтон өзінің жасаған бірнеше жаңа тестілерін ұсынды.

XIXғ. аяғына таман гальтон-кеттелл тестілері өте кең дәрежеде таралды. Тек АҚШ-та 1895-1896 жылдар аралығында тестік зерттеулерді координациялау үшін екі ұлттық комитеттің құрылуы қажет болды. Бұл

тестілер білім саласында қолданылды, бірақ өте тез арада осы тестілер арқылы алынған нәтижелер оқытушылардың тәуелсіз ақыл-ой деңгейінен берген бағаларымен салыстырғанда байланысы жоқ болды. Тест мәліметтері оқытудағы сәттілікпен де сәйкес болмады. Бұл тестілердің оқушыларды дифференциялауға жарамсыздығын төмендегі мысалдардан көруге болады. 1891 жылы Франц Боаз (АҚШ-университетінің бірінде жұмыс жасаған) 1500-ге жуық оқушыға тест жүргізіп, өзінің мәліметтерін басқа оқытушылардың «ақыл-ой дарындылығы» деген тестілері бойынша алған нәтижелерімен салыстырғанда ешқандай практикалық сәйкестікті байқамады. Дәл осындай қорытындыға келген Йельск университетінде Дж. Джильберт болды (1200 оқушыны тесттен өткізген).

1901 жылы Кларк Висслер (Кеттелдің шәкірті) өз ұстазының тестерін жоққа шығарып төмендегі мәліметтерді жариялайды: Ол академиялық үлгірім арасындағы корреляцияны көрсетті:

-0,08 –динамометрия көрсеткіштерімен;

-0,02 – түс-түрлерін ажыратуымен;

-0,02 – уақыт реакциясымен. Сенімді және жарамды (валидті) тестілер құрастырылады деген үміт жалғасса да, ақыл-ой қабілеттеріне деген тестік қатыс бәсеңдей бастайды.

Қысқа мерзім ішінде үлкен атаққа ие бола отырып, бәрінен бұрын ақыл-ой тестеріне алғашқы сәтсіздікті сынақтан XIX ғ. психодиагностиканы дүниеге әкелген аяқтала бастады. Көптеген «**ақыл тестері**» («тесты ума») сенсорлық көрсеткіштерге негізделген артқан үміттерді аяқтамады. Интеллектінің табиғатын, оның атқаратын қызметін білу үшін теориялық негізі бар жаңа тестілерді құрастыру қажет болды. Ондай тестілер ғасырдың соңғы жылдары құрастырылды, бірақ бұл бағыттағы негізгі тарихи оқиғалар XX-ші ғасырдың екіншісіне тиді.

Қысқа мерзім ішінде, әсіресе интеллектіні тестілеуде, үлкен атаққа ие болған және алғашқы сәтсіздіктердің дәмін татқызған психодиагностиканың

өмірге келу дәуірі аяқталды. Көптеген ақыл-ой тестілері жинақталған сенсорлық көрсеткіштер олар артқан үмітті ақтамады.

---

➤ **Джеймс Мак-Кин Кэттелл** (Cattell J. Mc-K.;1860-1944). 1860 жылы Истон (Пенсильвания) қаласында дүниеге келген. Лафайет колледжінің бакалавры (1880), философия докторы (Лейпциг университеті, 1886). 1883-1886 жылдар В.Вундтың ассистенті ретінде қызмет атқарған. Вунд лабораториясынан кеткен кезде оның зерттеулері Ф.Гальтонның әсері арқылы зерттеулері жекелік айырмашылық бағытында болды. Әлемдегі бірінші психология профессоры (Пенсильван университеті, 1887-1891) Американдық психолог, Пенсильван және Колумбия университеттерінің профессоры. Американдық психологиялық корпорациясының негізін салушы және бірінші президенті. Осы уақыттан бастап оқытушылықты және ғылыми зерттеулерді біржолата қояды, бірақ) соңғы күніне дейін қоғам қайраткер және баспада жұмыс жасаған. 1944 жылы ланкастер кесірінен (Пенсильванияда) дүние салды.

Зерттеулері: реакцияның уақыт өлшемі және психологиялық тестілеу мәселелеріне арналған. Д.М.Кэттеллдің жұмысы: «Mental Tests and Measurement» (1890). «Ақыл тестілері және оны өлшеу» атты.

### **1.3.Альфред Биненің ақыл-ойды өлшеуге қосқан үлесі.**

Эксперименталды психологияның негізін салушылардың бірі **Альфред Бине** (1857-1911ж.) Жоғарғы психикалық процестерді зерттеу осы ғылымның негізі болып табылады. Бине өзінің зерттеулерінің бастапқы кезеңдерінде интеллекті мен хиромантия және френологиядағы «өзгергіштер» арасындағы өзара қатынасты қарастырды. Сондай-ақ Гальтон мен Кеттелдің қолданған тестілерін пайдалана отырып, эксперименттер (тәжірибелер) жүргізді.

А.Бине 1890 жылдың басында интеллектінің даралық өзгешелігін зерттеу үшін күрделі психикалық процестерді қарастыру қажет деп тапты. Сонымен

қатар 1896 жылы Бине мен Анри ақыл-ой қабілетін тестілеу үшін үлкен маңыздылығы бар тест сериясын: олар зейін, ұғыну, ес, қиял, эстетикалық бағалау, моралдық пікір, кеңістікті визуалды түрде түсінудің сипаттамасын береді. Бине бірнеше жылдар бойы сапалы ақыл-ой өзгергіштерінің маңыздылығына көңіл бөлді, оның ішінде жеке адамның (тұлғаның) ақыл-ой іс-әрекетіне мән берді. Биненің осы жылдардағы (1902) «Экспериментальное исследование интеллекта» («Ақыл-ойды эксперименталды зерттеу») деген кітабының маңызы зор болды. Бине және оның әріптестерінің қазіргі кезеңдегі ақыл-ой тестілеріне ұқсас зерттеулерді жүргізу маңыздылығын айта келіп, ертеден-ақ, сенсорлық функциядан да күрделіліктерін зерттеуге, өлшеуге деген талпыныстың болғанын айта кетуіміз қажет.

XVIII ғасырда Чарльз Боне күрделі психикалық процесті өлшеу туралы ұсыныс жасаған еді. Оның ақыл-ой процестері бір пікірдің негізінде жасалған ой қорытындысымен өлшенеді деген ұсынысы ескерілмей қалған еді. Эмиль Крепелиннің шәкірті А.Орн 1889 жылы ақыл-ой қабілетін өлшеуге арналған тестілерді құрастырып, оларды төрт типке бөлді:

- қабылдау
- ес
- ассоциация
- моторлы функциялары.

Шамалы уақыт өткен соң 1895 жылдары Крепелин ақыл-ой функцияларын өлшеуге арналған ұзақ тестілер қатарын жасап, оларды базалық ақыл функциялары деп қарастырды. Жүйке аурулары емханасының науқастарына арнап қарапайым психологиялық ізденістері мен арифметикалық операциялардан тұратын өз тестілерін ойлап тауып, оларды «машықтану нәтижесін, есте сақтауды, шаршау мен тітіркендіргішті, қабылдауды бағалау үшін қолданды».

1891 жылы Гарвард университетінің ғалымы Хуго Мюнстерберг мектеп жасындағы балаларға арналған 14 тесті дайындады. Олардың ішінде оқуға,

вербальды ассоциацияға, есте сақтауға, сонымен қатар жай арифметикалық тапсырмаларға арналған тестілер болды.

Атақты неміс психологы **Герман Эббингауз** (1850-1909) адамның есте сақтауын экспериментальды зерттеу арқылы оның екі түрі арасындағы өзгешелікті ашып көрсетеді, яғни **имплицитті** – жаттауды оңайлату **эмплицитті**-тікелей еске түсіруді білдіретін. Балалардың ақыл-ой қабілетін зерттей отырып, 1897 жылы Г.Эббингауз соңынан өзінің есімімен аталатын тест жасап шығарады. Ол интеллектінің сөзді мәнді тұтас етіп құрауы мен қиыстара білуі оның маңызды сипаттамасы болады деп есептеді. Тестіні құрастырудағы қолданылған толықтырып отыру қағидасы қазіргі күнге дейін психодиагностикада кеңінен қолданылады. Бине индивидуалды (жеке) өзгешеліктерді зерттеу үшін нәтижелерінің таралуы кең болатындай өте күрделі психикалық процестерді іріктеп алу қажет екендігіне сенімді болды. Процесс күрделірек болған сайын, тұлғаға және сезіммен есте сақтауға байланысты өзгеріп отырады деп есептеді. Пікір айту қабілетін және ес пен қиялды анықтауға арналған психологиялық тестілерді қолдану қажет деп есептеді. Бине сиялы дақтар (чернильные пятна) арқылы қиялды зерттеуге болады деп айтқандардың алғашқысы еді. Бине өз пікірі бойынша негізгі базалық ұғымдарына норма (қалыпты) мен нормадан ауытқу жатады, бірақ норманы айқындау тек бастамасы ғана деп есептеген болатын.

1905 жылы А.Бине **Теодор Симон** мен біріге отырып, балалардың (ақыл-ойын) интеллектін өлшеуге арналған 30 тапсырмадан тұратын және күрделенуіне қарай орналастырылған бірнеше шкаланы жасайды. Баланың жинаған ұпайы дұрыс шешімін тапқан тапсырмалар санына байланысты болды. Бине бойынша бұл шкала саралаудың «дөрекі» тәсілі болып табылады. (мысалы қарапайым 5 жасар бала 14 тапсырмадан артық орындай алмайды) Бұл шкалада перцептивті-сенсорлық тапсырмалардың болуымен қатар интеллектінің негізгі құрамды бөліктері болып табылатын пікір айту, ұғыну,

пайымдау қабілеттерін ашуға арналған вербальдық материалдарға да ерекше орын берілді.

1908 жылы жетілдірілген «Бине-Симон» шкаласы жарық көрді. Олар сол деңгейден өткен белгілі жастағы баланың (%) пайызына сәйкес 59 тесті 3 жастан 13 жас аралығын жас ерекшелік белгісіне сай топтады. Бұл анықтаушы пайыздың диапазон 67%-75% дейін болды. Егер көптеген балалар тестке жауап берген болса, онда ол тапсырмалар бұл деңгейдегі балалар үшін жеңілдеу деп есептелінді, ал егер де балалардың азшылығы ғана тестіге жауап берсе, онда ол осы жас деңгейі үшін қиын тесті болып табылады.

Бине мен оның жақын әріптестерінің зерттеулерінен бұрын құрастырылған тестілерді тікелей байланыссыз индивидуалды ерекшеліктері өлшенетін тесттерден «тазалау» басталады. Мысал ретінде «Бине-Симон» (1911) тапсырмасы бойынша 7 мен 8 жастағы балаларды тестілеуін қарастырайық. 7 жастағы балаларға арналған тестері:

1. оң және сол жағын айыру.
2. көрсеткен суретті суреттей білу.
3. бірнеше тапсырманы орындау.
4. бірнеше ақшаның жалпы құнын атау.
5. көрсетілген 4 негізгі түсті атау.

8 жастағы балаларға арналған тестері: есте сақтау арқылы екі объектіні салыстыру.

1. екеуінің арасындағы ұқсастықты табу.
2. 20-дан бірге дейін керісінше санау.
3. күнді, айды, жылды, қай күн екендігін айту.
4. бір таңбалы бес саннан тұратын қатарды қайталау.

Биненің интеллектуалдық деңгейді шешудегі данышпандық шешімі нормаға сай дамыған баланың қай жас кезеңінде мұндай сынаулардың дұрыс шешімін таба алатындығын айқындауы еді. Бала өзінің жас кезеңіне сәйкес тапсырманы дұрыс орындаса, онда ол нормаға сай дамыған болып табылады.

Бине бұл тапсырмаларды ақыл-ой жасын анықтау үшін қолданды және ол хронологиялық жаспен сәйкестендірілді. Тестік тапсырмаларды нәтижелі орындаудың көрсеткіші ақыл-ой жасы болып табылады. Тапсырмалар жасына сай топталады. 8 жасар балалардың көпшілігі орындай алатын тапсырмалар 8 жас деңгейіне сай болады да, ал 9 жасарлардың біразы орындай алатын тапсырмалар 9 жас деңгейіне сәйкес келеді. Кейде ол төменгі ақыл-ой жасына сәйкес келетін кейбір тапсырмаларды орындай алмауы да мүмкін, осыған сай барлық тестік тапсырмаларды орындай алатындай максималды (max.) жас ерекшелік деңгейін, базалық жасты табуымыз керек. Жоғарғы деңгейге лайықталған тапсырмалар шешімі берілген кезде ол негізгі нәтижеге «жеке сынаулар» түрінде айдың күндерін қосумен анықталады. Ақыл-ой жасы «базалық жас» және қосымша ойлардың қосындысы ретінде беріледі. Мысалы: сыналушының хронологиялық жасы 12 жасқа тең. Тестілеу кезінде келесі нәтижелер алынды

жылдар	ойлар
VII (негізгі базалық деңгейі )	84
VIII	6
IX	2
X	4
XI	2
Барлығы:	98

Нәтижелерге сүйенсек, ақыл-ой жасы 8 жас 2 аға тең екен. Ақыл-ой жасы мен хронологиялық жастың арасындағы айырма интеллектінің абсолютті шамасы болып табылады. Осыған байланысты (Intelligence Quotient) зияттылық коэффициенті ұғымын енгізді (интеллектуалдық коэффициент) пайда болды. Бұл формула ретінде былай жазылады:

$$IQ = \frac{\text{ақыл – ой жасы}}{\text{хронологиялық жасы}} \times 100$$



1912жылы Вильям Штерн енгізді.

Бине-Симонның тестісі бүкіл дүние жүзіне тез тарады және оның көптеген өзгертулері мен аудармалары жарияланып отырды. Соның ішінде орыс тіліне де аударылды. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында интеллектуалдық тестілеудің дамуы Бине-Симон тестісінің дамуымен байланысты болды.

---

➤ **Бине Альфред** (Binet A.;1857-1911). Ницце қаласында дүниеге келген. Лицейді бітіргеннен кейін құқықтық бағыттағы іс-әрекетпен айналысқан. Ж.Шарко жетекшілігімен өз бетінше білім алып, гипноз және истерия проблемаларымен айналысты. 1894жылы жәндіктердің жүйке жүйесін зерттеу бойынша докторлық дәрежеге ие болды. Оның қызығушылық диапазоны – жануар магнетизмнен көз жұмып шахматты ойнауға дейін. 1894 жылы В.Анри екеуі бірлесіп Парижде оқушылар арасында жекелік айырмашылықтарды өлшейді.

Француз психологы, медицина және құқық докторы (Париж университеті), Франциядағы экспериментальды психология (Сорбона, Париж) лабораториясының алғашқы негізін салушы. Қабілеттерді, психикалық дамуды, индивидуалды – психологиялық ерекшеліктерді меңгеру аумағындағы зерттеулерімен белгілі болған. А.Бине Т.Симонмен бірігіп бірінші болып интеллектінің психиометриялық тестін жасады (Бине – Симонның ақыл-ой дамуының шкаласы).

➤ **Симон Теодор** (Simon T.; 1873-1961). Дижонда (Франция) дүниеге келген. Париждегі медицина мектебінде білім алып 1899жылдан бастап кемтар (неполноценных) балалар пансионатында өзінің клиникалық зерттеулерімен А.Биненің көзіне түседі. Сол кезде Биненің өзі баланың физикалық және ақыл-ой даму аралығының байланысын зерттеп жүрген кезі еді. Симон осы проблеманы жалғастырып, осы тақырыпта диссертациясын қорғайды (1900). 1901-1905жылдар аралығында әртүрлі госпитальдерде

жұмыс істейді. 1905-1920жылдары – Сен Джон госпитальдің психиатры болды. 1905жылы әйгілі Бине-Симон шкаласын құрастырды (ақыл-ой шкаласы деп аталады).

Француз психологы, Сиенадағы мұғалімдер колледжінің профессоры, Педагогикалық лаборатория жетекшісі (Париж). А.Бинемен бірге интеллектіні зерттейтін бірінші тестіні (1905), балаларды екі жастан зерттейтін тестілердің, Perraу-Vaculuse тестілер батереясын (1920-1930жж.) Т.Симон жетекшілік еткен ақыл-ой дамуы артта қалғандарға арналған колонияның атына сай бойынша жасады. Негізгі жұмыстары: «Les enfants anormaux» (А.Бинемен бірлесе, 1907); «Pedagogie expermentale» (1924).

➤ **Штерн Луис Вильям (Stern W. 1871-1938).** Берлинде университетінде филология, философия және психология бойынша білім алған. 1897жылы Бреслоу университетінде Г.Эббингауздың соңынан барады. Өзі әйелімен бірлесіп, 18 жыл бойы үш баласының психикалық дамуын бақылайды. Оның нәтижесі екі монографиясында 1907 және 1909 жылдарда жариялайды. Сөйтіп 1900жылы жеке айырмашылықты зерттеу арқылы дифференциалды психологияның негізін қалайды. 1916жылы Гамбург қаласына көшіп талантты балаларды зерттеу үшін психологиялық тестілерді жасайды.

Неміс психологы, Гамбург университетінің профессоры. Интеллект коэффициенті (IQ) түсінігін жүргізді. Негізгі жұмыстары: «Zur Psychologie der Aussag» (1802); «Die defferentielle Psychologie und ihre methodischen Grundlagen» (1911); «Person und Sache» 3 vol. (1906-1924).

#### **1.4.Ақыл-ой құрылымы және Чарльз Спирмен**

Алғашқы интеллектісін (ақыл-ой) ұйымдастыру теориясын тестерді статистикалық (сандық) талдау негізінде құраған **Чарльз Эдвард Спирмен** (1863-1945) болды.

Ф.Гальтонның корреляциялы талдауымен шабыттанып, ол 1901ж. әр түрлі ақыл-ой қабілеттердің өзара байланыста болу мәселелеріне өз зейінін аударды, ал 1904ж. өзінің бүгінгі күнге дейін жеткен классикалық еңбектерін жариялады. Олар:

- «жалпы ақыл-ой, объективті детерминдеу және өлшеу» (Общий интеллект, объективно детерминированный и измеренный)

-«екі зат арасындағы байланысты өлшеу және дәлелдеу» (Доказательность и измерение связи между двумя предметами).

Ч.Спирмен зерттеулері екі факторлы ақыл-ой теориясының дүниеге келуіне әсер етті. Осы теорияға сәйкес тесттер арасындағы оңды корреляцияны анықтайтын және пайдаланылатын әдістемелерге тән спецификалық ( $S_1$   $S_2$   $S_3$   $S_{4 \text{ т.б.}}$ ) факторларды анықтайтын жалпы негізгі (general factor – G) факторлар бар. Үлгі ретінде (корреляцияға x – белгісі қойылған): (тест орындау сәттілік көрсеткіші)

Тест	Фактор				
	G	$S_1$	$S_2$	$S_3$	$S_4$
1	x	x			
2	x		x		
3	x			x	
4	x				x

Бұл қағида бойынша оң корреляция негізгі фактордың болуына байланысты. Тесттер осы факторларға неғұрлым толық болса, онда аралық корреляциялары жоғарылайды. Осыған байланысты Ч.Спирмен теориясын **монофакторлы** деп санаған дұрыс. Ал ерекшелік факторлар қателіктерді өлшеуге тән. Ч.Спирмен бойынша, general factor неғұрлым тар интерпретациялануды оның барлық ақыл-ой өлшеулеріне тән екендігінде. Сонымен қатар G факторын саралай отырып, оны күш қуаты деп (mental energy) болжайды. Бірақ G факторын Ч.Спирмен ақыл-оймен теңдестірмеді. Оны күңгірт түсінік деп жорамалдады. Математикалық және вербалды

тестерде G факторының атқаратын ролі өте зор, ал сенсорлық тестерде оның ролі минималды болып келеді.

Ақыл-ойдың әр түрлі жағын өлшеу арқылы мақсатына байланысты тестілерді сұрыптап алудың деген жолын тапты, бұл ойы тестілерді құрастыру интуицияға негізделеді деген идеяны жоққа шығарады. Зерттеулер арқылы ол тест арасындағы корреляцияның тек қана негізгі фактордың болуымен ғана байланысты емес екендігін көрсетті. G фактор жағынан толықтығы мол болғанымен мазмұнды әр түрлі тесттердің корреляциясы жоғары болады. Ч.Спирменнің осы ойлары топтың факторларға әкеледі, бір жағынан негізгі фактор G әмбебап емес, екінші жағынан S – факторлары бір мағыналы ерекше емес.

---

➤ **Спирмен Чарльз Эдвард.** 1863жылы Лондон қаласында дүниеге келді. Он бес жыл бойы әскери қызметте болып, 34 жасында Вундт лабораториясында психологиямен айналысты. 1906жылы Лейпциг университетінде докторлық дәрежесіне ие болды. 1907-1911жылдар аралығында эксперименталды психологияның оқытушысы, 1911-1928 жылдар аралығында психология профессоры. Психологияның «Лондондық мектебінің» негізін қалаушы. Оның студент кезіндегі екі факторлы ақыл-ой теориясы осы кезге дейін мәнді. Ол – факторлық талдаудың негізін қалаушы. Ағылшын психологы, Лондон және Честерфильд университеттерінің психология және логика профессоры. Математикалық статистикада кеңінен қолданылатын көптеген әдістердің авторы Интеллектінің екі факторлы теориясын және факторлы анализдің техникасын жасады.

## **2. XX-ғ. психодиагностика саласы**

### **2.1. 1901 және 1920 жылдар аралығындағы психодиагностика**

#### **Ғылымының дамуы**

Ақыл-ой тестілеуіндегі алғашқы психологиялық дағдарысты жеңу Альфред Бине есімімен байланысты. Ең алғашқы оның тестілерін АҚШ-та Генри Годдард (1866-1957) Еуропадан келген иммигранттарды зерттеу әдістемелеріне қосты. Ол бейімделмеген тестілерді қолдану қандай нәтижеге әкелетінін көрсетті. Мыс. 83% еврейлер, 80% венгерлер, 79% италияандар, 87% Ресейден келгендерді ақылынан азған адам деп сипаттауға болады ағылшын тілін жетік білмеуіне немесе мүлде білмеуіне байланысты азған деп сипаттауға болады.

XX ғасырдан бастап Бине шкаласы әр түрлі елдерде кең пайдаланыла бастады.

Бине-Симон шкаласының (1908ж. редакциясы) Г.Годдард жасаған аудармасы қанағаттандырмағаннан кейін басқа американ психологі Льюис Мэдисон Термен (1877-1956) мен Х.Д.Чайлдз бірлесіп, тесттің жаңа бейімделген түрін жасады. Бине өзі жасағандай шкаланың жарамдылығы мен сенімділігін тексеруге байланысты, әрекет жасады бірақ бұл жолы ол АҚШ-та болды. Біраз тест тапсырмаларына түрлі өзгешеліктер еңгізіп, оған тесттің жаңа түрлері қосылды. Бұл шкаланың білім көлемі үш жастан бастап ересек жастағы деңгейіне лайықталған, бірақ 11 жастағыларға арналған тестер оның құрамына кірмеген. Нәтижесі арқылы ақыл дамуы мен жас кезең арасындағы ара қатысты көрсеткен және оны зияттылық коэффициенті деп қайта құрған немесе IQ. Термен осы шкала арқылы алынған үлестерді топтастырудың төмендегі үлгісін ұсынды:-

IQ 90-нан – 109-ға дейінгі орташа ойлау қабілеттілікті көрсетеді,

-IQ одан төмен болса олар ойлау қабілеттілігі төмен деп болып саналады, ал

-IQ 140-тан жоғары болса, аса жоғары қабілетті адам – данышпандықты танытады. Термен өзінің қойған шектеулерінің өз еркімен белгіленгенін және топтастыру үлгінің өзі тек жаңа өлшемдерді жалпы басшылыққа алу сипатында ғана пайдалану үшін арналғанын ескертті. Өкінішке орай біраз

мамандар жоғары және төмен (зияттылық коэффициенті) IQ балаларды үлгірім мен жалпы мінез құлқы арасындағы қарама-қарсылық нәтижелері таң қалдыруына байланысты бұл ескертпені елемеді. Л. М. ерменнің сіңірген еңбегі оның тестілеу тарихында алғашқылардың бірі болып тестті өткізу мен нәтижелерді анықтау үшін қажетті нұсқаулардың толық сериясын жасап шығуына көрінеді. Л. М. Термен тестілеудің стандартты процедураларынан ауытқу көптеген қателіктерге әкеліп соқтыратынын да ерекше атап айтқан болатын.

АҚШ-та ақыл қабілетін анықтау үшін Стэнфордтың версиясы кеңінен қолданыла бастайды. Терменнің бұл ақыл-ой шкаласы АҚШ-та 20 жылдан астам уақыт классикалы түрде үлгі тестінде есептелді . Бұл шкала жарамдылығы мен сенімділігі арқасында Биненің шкаласын белгілі дәрежеде жетілдірді. Сонымен бірге Л. М. Термен шкаласыда сынға алынды. Он жыл бойы 11 жастағы балалардың деңгейін анықтауға арналған тестілер болмауына байланысты нәтижелерді өңдеу кезінде проблемалар туды, егер бала 10 жасқа дейін бар тапсырмаларды орындаған болса, бірақ 12 жасқа арналған тапсырмаларды орындай алмаса, онда қалай қорытындылау керек? Ұпай «бытыраңқылығының» мағынасы ашық қалған проблемасы болды және оның жасаған шкаласы кіші жастарға өте оңай, ал ересектерге пайдалануға өте қиын болды, тағы да басқа кемшіліктері болды, бірақ олардың бәрі Терменнің жасаған шкаласының жақсы жақтарын жойған жоқ. 45 минуттың арасында балаға диагностика жасау арқылы оның ақыл қабілеті туралы сенімді мәліметтер алуға мүмкіндік береді деп жазды.

1911жылы шыққан А. Бине (3 жастан 11 жасқа дейінгі) шкаласының ұсыныстарын ескере отырып, 11, 13 және 14 ақыл кірістірілмеген 3 жас пен ересек жас деңгейіне дейін кеңейтілген шкаласы жасалды. Хронологиялық жаспен байланысты ақыл жасы негізіндегі нәтиже одан әрі жалғасын тапты және ол былайша түсіндірілді:

-егерде баланың ақыл жасы физикалық жасына сай болса, онда ақыл-ой дамудың «**әдеттегі**» (орташа) сатысында болғаны;

-егерде баланың ақыл дамуы жоғары болса, онда оның ақыл-ойы дамудың алға басқаны , яғни «**өрленген**» сатысында болғаны;

-егерде баланың ақыл дамуы балада төмен болса, онда оның ақыл-ойы дамудың «**төмен**» сатысында болғаны;

Бине балалардың әлеуметтік қарым-қатынас жасауына көмегін тигізетін жолдарды ерекше атап көрсете отырып, жалпы топтағы ақыл-ойы төмен балаларды дифференциялаудың мүмкін жолдарын ұсынды:

-нақұрыс бала еш нәрсе жасай алмайды, ым арқылы қарым-қатынаста болады;

-кемтар бала сөйлеу арқылы қарым-қатынаста болады;

-мешеу бала жазу арқылы қарым-қатынаста бола алады.

Бүгінгі күні қолданылып жүрген Бине шкаласының дамуы төмендегі кестеде бейнеленген:

жыл	Автор (авторлар)	Ескерту
1905	Бине және Симон	Стандартталмаған 30 тапсырмасы
1908	Бине және Симон	Ақыл жас қағидасы, бірақ толығымен стандартталмаған
1911	Бине және Симон	Ересектерге арналған шектеу шкаласын қосу
1916	Термин және Меррилл	Вербалды материалдың молшылығы
1937	Термен және Меррилл	2-ші басылымы, параллельді түрлерін пайдалану, стандартизациялауды жақсарту
1960	Термен және Меррилл	3-ші басылым, 4,5 мың адамды тексеру

1972	Роберт Торндайк (атақты американ психолог Эдвард Ли Торндайктың баласы)	2,1 мың адамды рестоңдартизациялаудан өткізу
1986	Торндайк Р., Хаген Сеттлер	5 мың адамды (жастық диапазоны: 2-0,23-11), 15 субтестен өткізіп, стандартизациялап қанағаттарлық етті

Жоғары корреляция көрінісін әлеуметтік ортадағы ата-аналарының алатын орнымен (статус) байланысты деп 1917 жылы Бриджеспен Колер зерттеулері дәлелдеп және «XX1 ғ. психодиагностикасына корреляция салдары тұқым қуалаушылық пен немесе әлеуметтік ортасының әсерімен пайда болуы тиіс пе?» деген сұрақты шешуімен айналысты. Бұл сұраққа толығымен жауап таппаған фактінің себебі ол ақыл қабілетін зерттеу жолында IQ тестілерін өткізу және нәтижені өңдеу жолында олардың дәлдігін айқындау үшін мамандардың лайықты тәжірибесі мен білімнің болмауына байланысты.

Тест XX ғ. басында жеке өзгешеліктерін өлшеу құралы ретінде қолданбалы зерттеулерге тез ене бастайды. Сондықтан зерттеушілер **топтық зерттеулерді** өткізуге мәжбүр болады.

Алғашқы топпен зерттеулерді жасаған Терменнің аспиранты Артур Синтон Отис (1886-1964) болды. Бірнеше адамды бір уақытта тексеруге болады деген идеясымен Терменге келіп, оны ұстазы қоштап бес жыл бойы Отис топты зерттейтін тестілерін жасады. Терменнің жолын ұстана отырып, Отис өзінің идеясының негізін Биненің ақыл-ой моделінен алып, адаптациядан өткізді (өзінің топқа деген жаңадан жасаған тапсырмаларын және өзіне дейінгі белгілі тапсырмалары). Отистің зерттелушілерге берген тапсырмаларының жазбаша түрде болуы оның психодиагностикадағы үлесі болып табылады. Өзінің тестілерді топпен жүргізу бағытындағы жұмысын Отис 1918 жылы аяқтады.



Психодиагностикалық (тесті) құралдың дамуына бірінші дүниежүзілік соғыс стимул болды. П. Фресстің айтуы бойынша соғыс «теске жарық берді». Әскери дайындығы жоқ адамдарды тестілеу арқылы іріктеу миллиондаған солдат, офицерлердің өмірін сақтап қалуға себеп болды. Сондықтан 1917 жылы сол соғысқа қатысушыларға АҚШ-та тестік зерттеулер жүргізу кеңінен қолданылды.

1917 жылы сәуір айында психология бойынша бас комитет құрылды, оның негізгі атқаратын мақсаты армиядағы психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және бақылау болды. Осы комитетті басқаруға АҚШ психология ассоциациясының президенті Горвард университетінің профессоры Роберт М. Йеркс тағайындалды. Бұл комитет құрамына атақты психологтар да кірді: Мак. Дж. Кеттелл, Г. Стенли Холл, Торндайк т.б., онда 11 бөлім ұйымдастырылып, әр қайсысы әскердегі әр түрлі психологиялық мәселелерді шешуге тиісті болды.

АҚШ әскеріндегі соғысқа қатысушыларды психологиялық зерттеуімен қамту үшін психологиялық әскери мектеп ұйымдастырылып, онда аға нұсқаушының басқаруымен жеті психолог қызмет жасаған. Төрт айдың ішінде бұл мектеп 100 офицер мен 300-ден астам курсанттар даярланған.

Жалпы 1726000 адам топтық тестілеуден, 83000 адам жеке тестілерден өткен. Оның нәтижесі бойынша 500000-наң астамы сауатсыз болып шыққан, 8000-дайы ақыл қабілеттілігі төмендігі байланысты әскерден босатылған, 20000-ы арнайы батальондарға бақылау және әрі қарай оқыту үшін немесе жоғары ақыл дамуын қажет етпейтін тапсырмаларды орындау үшін арнайы батальондарға жіберілген. Осы зерттеу қорытындылары таң қаларлықтай фактіге әкелді: олардың 3%-дай жастардың ақыл-ойы 10 жастағы балалардың ақылынан төмен болды. (Бине – Симон шкаласы бойынша), ал орташа бүкіл АҚШ солдаттарының ақыл-ой жасы 13,5 тең болды. Бұл мәліметтер жарияланған кезде, бүкіл қоғамдық ортаның төбесінен жай түскендей болды.

АҚШ әскерінің қатары қоғамның аз қамтылған қамтамасыз жанұяларынан шаққандар болды, олар тіпті оқи да, жаза да алмайтын сауаттары ашылмаған (оқу, жазу, қоғамдағы мәдени қатыстары төмен). 1918 жылы 28 сәуірден 1919 ж. 31 қаңтар аралығында 1566011 рекруттың ішінде 25,3 % үйлеріне хат жаза алмайтындар, газеттерді оқи алмайтындар болған. Әрине осылардың бәрі тестілеу нәтижесіне әсер етпей қойған жоқ.. Сондықтан АҚШ әскерінің сауаты барлары «Альфа» атты тестілеуден, ал сауаты жоқтары «Бета» атты тестілеуден өткен. Топтық тестілеу «Army Alpha» атты тесті ақыл қабілетін анықтауға пайдаланылған, оның құрамындағы вербалды шкаласында төмендегі тапсырмалар болды, ол: арифметикалық есеп шығару, синоним және антонимдерді таңдау, өз пікірін айтуға деген қабілеттілігі т.б., ал «Army Beta» атты тестілері тек вербалды емес тапсырмадан құрылған.

Соғыстан кейін де АҚШ-та Бине-Симон шкаласының Стенфордтық версиясы жалпыға танымал бола тұрса да, басқа да тест варианттары жасалынды. Оның ішінде Кульман шкаласы (1922), Йеркс шкаласы (1923) және Геринг версиясы (1922). Бірнеше адамға арналған тесттер, оның ішінде Отистың топтастыру тесті (1923) А және Б түрі; Диарбонның топтық тестілері (1922); Торндайктің жетекшілігімен білім саласындағы ақыл қабілетті айқындауға арналған SAVD шкаласы; Миллердің аналогия (үлестік) тесті (1926); Кульман – Андерсеннің ақыл қабілетті. Терменнің топтық тесттері (1920) анықтауға арналған тесті (1927); Ақыл қабілетті анықтайтын «Нортхамберленд» (1920) тесті Гофр Томсон жасап, кейін Мори Хаус тесті деп аталған Англияда кеңінен қолданылды.

Ақыл-ойды айқындау саласында Еуропада ең табысты еңбек еткендердің бірі - Ришар Мейли (1900-1984) болды. Оның жасаған **«Ақыл-ой аналитикалық тесті»** атты теориясы ақыл-ойдың 4 маңызды факторларына негізделген, олар: қиындықты түсінуі, иілгіштігі, шапшаңдығы және тұтастығы, оны ақыл-ой тесті (1928) деп аталған. Мейли шығарған

психодиагностика оқулығы бойынша еуропалық психологтардың біраз ұрпағы тәрбиеленген және ол бірнеше рет басылып шыққан.

Тестілерге қысқаша мәлімет бере отырып, арнайы қабілеттер мен ақыл-ойды өлшеуге деген Фергюсонның (1920) **ағаш пішіні** (Доски Форм) атты; Дж. Стенквисттың (1923) механикалық құралдарды жиыстыру арқылы (балада, ересектерде) қабілетті өлшеуге арналған жалпы механикалық қабілеттерді өлшейтін тестілер жинағы, адам суретін салу тесті (1926) бұл тестт суреттің толық аяқталуына, дәлдігін және моторлы координациясын бағалаудың көмегімен баланың ақыл-ой деңгейін анықтау үшін жасалған Флоренс Лаура Гудинаф (1886-1959) **адамның суретін салу тесті**. Австралияда алғашқы жасалған Стэнли Дэвид Портеустың (1883-1972) **лабиринттері** (1913). Тестілердің әр түрлілігі зерттеушілерде қанағаттанбаушылық сезім тудырды, олардың бәрі бұл салада әлде де біраз жұмыс жасау керектігін мойындаған. Оларды үш мәселе толғандырды:

1) ересек адамның ақыл-ойын өлшеуге арналған жекелік шкаласының жоқтығы;

2) нәрестелік жастағы баланың ақылын өлшеуге арналған лайықты шкаланың қажеттілігі;

3) тестілердің жалпы құрастырып шығару теориясын жасау және ақыл-ой, жеке тұлғаны тереңінен психологиялық тұрғыдан зерттеу. Ересек адамдарға байланысты шкаланы жасау тіпті жүргізілген жоқ. Психологтардың зерттеулеріне көбінесе мектеп, мектепке дейінгі мекемелердің балалары қатысты. Ал нәрестелік жасқа байланысты 1925 жылы «мектепке дейінгі жастағы баланың ақылының дамуы» («Умственное развитие ребенка дошкольного возраста») атты Гезеллдің еңбегі жарық көрді.

Арнольд Люциус Гезелл (1880-1961) нәрестенің мінез-құлқын зерттеу үшін алғашқы рет кинематографияны пайдаланған ғалым. Өзінің бақылау нәтижесін «Нәресте және адам дамуы» 1925 жылы («Младенчество и развитие человека») шыққан кітабында 3 айдан бастап 30 айға дейін баланың дамуын

бағалайтын 195 критерий – көрсеткіштерді пайдаланды, және 60 ай толғанға дейін өзге де көрсеткіштер жасанда. Әр хронологияның жасқа тән саналатын даму графиктерін көрсетті. Көрсеткіштерді топтап төрт категорияға жатқызды, олар: моторлы, адаптивті (мысалы, көз қимылының ілесетіні және заттарды таңдау), әлеуметтік -жекелік және тілдік (мысалы, өзінің қоректендіру қабілеті, сонымен бірге дәрет пен зәр шығаруын бақылау).

Гезеллдің даму графиктері, әсіресе әлеуметтік-жекелік көрсеткіштеріне байланыстылары сынға алынды, бірақ психологтар мен ата-аналардың бала өмірінің ерте кезеңдерде дамуын бағалауға мүмкіндік беретін бірден-бір диагностикалық құрал ретінде біраз уақыт пайдаланылды.

1921 жылы Терменнің жетекшілігімен жасалған дарынды балаларға арналған ақыл-ой тестілерінің көлемді жобалары танымал болды. Ол үшін Калифорниядан зияттылық коэффициенттері 135-200 аралығындағы 3 жастан – 9 жасқа дейінгі 1528 бала зерттеуге алынды. Дарынды баланы зерттеп білудегі Стэнфордтық жолдың маңыздылығы лонгитюдтық зерттеуінде бірінші тестілеуден кейін олардың пошта арқылы 12 рет аралық өлшеуден өтуі. Соңғы 35 жыл өткеннен кейін тестілеу кезінде дарынды баланың (одан кейін ересек кезінде әлеуметтік биікке ие болғандар) 98 % -ның дарынды болуы олардың жанұясының әлеуметтік-экономикалық статусымен тікелей байланысты екендігі анықталды.

Ақыл-ой тестілерге деген еліктеу басым бола тұра жеке тұлғаның когнитивті емес аймағын айқындайтын әдістемелер құрастырылып дами бастайды. Гальтонның еркін ассоциациялар жайындағы идеялары ұмытылмады. Евгений Блейлер мен Карл Юнг ассоциативті тәжірибе арқылы жеке тұлғаның комплекстерін анықтауға, психикалық ауруларды айқындауға тырысты. Бірақ клиникалық диагностика үшін бұл әдіс тиімді болмады, кейінірек олар оны басқа әдістемелермен комплексті түрде пайдалануға болатындығын дәлелдеді.

Роберт Сессион Вудвортс (1869-1962) жекелік бейнормалдық мінез-құлықты өлшеу мен анықтау үшін жасалған алғашқы сауалнаманы (1917) жасаған (кейбір психологтардың пікірі бойынша жеке адамдардың әр түрлі мінез белгілерінің үйлесімділігі жөніндегі мәліметтерді алу үшін 1909 жылы Голландтық зерттеушілері Г.Хейманс мен Е.Вирсма жасаған алғашқы сауалнама делінді). 1905 жылы Голландия дәрігерлеріне 20 сұрақты қамтитын сауалнамалар таратылып, оларға емделуіне жанұялар бойынша мәлімет беру тапсырылған «Жеке мәлімет парағы» (личный листок данных) атты Вудвортстың сауалнамасы бірнеше осы тәрізді сауалнамаларға ізашар ретінде болды.

Вудвортс–Кэди сауалнамасы 116 сұрақтан 85 сұраққа дейін қысқартылған. 12 жастан жоғарыларды тексеру варианты ұсынылған. Д. Лэйрд сауалнамасы 75 сұрақты қамтып, колледж студенттеріне арналып шизоидты, неврастеноидты (ипохондрия және шаршағандық), истероидты (конвульсия – дененің қатты қалжырауы, қақиюы, қалшылдауы, дірілдеуі мен амнезия – естің, еске сақтаудың солғындауы, ұмытшақ бола бастау), психастеноидты (қорқу мен жабысқақ ойлар). Вудвортс – Хаус «ақыл гигиена сауалнамасы» атты әдістемесін жасаған.

1924 жылы Л. Марстон сауалнама тізімін толықтырып интроверсия – экстраверсияны айқындауға арналған сауалнаманы ұсынды (онда ата-аналардың баласының 2 жасынан бастап мәлімет алу үшін 20 сұраққа жауап беру талап еткен).

1921-1922 жылдары ағайынды Флойд және Гордон Олпорттар жеке қасиеттер бойынша рейтинг өткізуді, одан алынған нәтижелерді профиль түрінде көрсетуді ұсынды. Олар рейтингтік бағалауға тән Торндайк (1920) жасап halo effect-тің («нимба эффект») барын білді. Солай бола тұрса да Гордон Олпорт (1921) жеке тұлғаны бағалаудың өзге әдістері болмағандықтан рейтингтік шкаланы пайдаланғанды жөн деп есептеді.

1921 жылы Фолкер жеке тұлғаны бағалау үшін сөз тізімбелерінен тұратын (Х-О) тест ұсынды, бірақ оның сенімділігі мен дәлдігі өте төмен болды және нәтижесінен шыққан қорытындысын талдауды ешкім білмеді.

«Темперамент пен ерікті» айқындау үшін 1919 жылы Довней ұсынған тест көпшілік зерттеушілерге стимул берді.

Джуна Довней (1875-1932) албырттықты, разылығын айтуды, батылдықты, қайсарлықты, зейінділікті және осылардың қарама-қарсы қасиетін өлшеуге тырысты. Ол баланың « Америка Құрама штаттары» атты тіркесті қалыпты жылдамдықпен қарандашты жәй қимылдата отырып, барынша жәй жазудың қалыпты жазудан өзгегелігін көрсететін уақытты белгілей отырып, орындауға ұмтылды. Мұнан басқа да жазбаша орындалатын 8 түрлі тапсырмалар болды. Довней тесті заңды бұзушы мен заңды қатал ұстаушылар, үндістер мен ақ нәсілдердің топтарын дифференциациялауды, бірақ жеке тұлғаны түсінуі де оның құндылығы таласты болды.

1922 жылы Фрайд оқуға деген қызығушылық бланкісін жасаған. 1927 жылы **Эдвард Келлог Стронг** – **кішісі** кәсіптік қызығушылық бланкісін құрастырған (Strong Vocational Interest Blank). Онда 420 тапсырмасы қызығушылық шкаласы 34 кәсіпке бағытталған. Сишораның музыканы оқыту қабілеттігіне деген тесті кең танымал болды. Оқытудағы қабілет тестілерін қорытындылаған Стэнли Нолл (Attitude Testing 1928) өзінің еңбектерінде көрсеткен.

1929 жылы Л.Терстоун мен Е.Чейваның «Измерение аттитюдов» (қатыстарды (мақсат етіп ұстауды) өлшеу) атты монографиясы жарық көрді. Аттитюд сауалнамалары бұл сауалнаманың жаңа түрі және тез арада қолдануда әйгілі кең тараған әдіс болып табылды.

Мектеп жасындағы баланың иланушылық, қайсарлық қасиетін зерттеу үшін Хартшорн және Мэй 1920 жылдары шынайы өмірдегі жағдайларды пайдалана отырып, олардың қаншалықты арсыз болатындығын тексерген.

Біршама графология проблемасына байланысты еңбектер болды, бірақ АҚШ-та жеке тұлғаны бағалау тәсілі ретінде жазуды талдауды қабылдамады.

1920 жылдың бірінші жартысынан оның аяғына дейін әр түрлі қабілеттерді және қызығушылықты өлшеуге көп назар аударылды. 1921 жылы Стенкюст механика курсына меңгеруге деген қабілетті өлшейтін тест құрастырған.

1921 жылы **Герман Роршахтың** (1884-1922) «Психодиагностика» атты кітабы жарық көрді. Бұл кітабында автордың ұсынған жаңа тестері перцепция негізінде құрастырылған. Онда бір-бірімен симметриялы 10 қара-ақ және түрлі-түсті сияның дақтары болды, оларға қарап неге ұқсайтынын айту қажет болған. Сәл уақыт өткеннен кейін бұл «психодиагностика» деген термин клиникалық психология синонимі ретінде қолданылып, ал Г.Роршахтың ұсынған тесті оның жеке тұлғаны зерттеудегі әйгілі әдістемесі болып табылды. 1928 жылы **Трумэн Келли** (1884-1961) «Перекрестки человеческого разума» атты еңбегінде ақыл-ой теориясының мультифакторлық негізін қалады.

- 
- **Роршах Герман** (Rorshach Hermann; 1884-1922). Швейцария психологы және психиатр. 1911 ж. психологиялық диагностикада тұлғаны зерттеуге проективті ықпалға бастау салған әлсіз құрылымдалған объектілерді қабылдаудың заңдылықтарын зерттеуді бастады. Ғылыми тұрғыда «психодиагностика» терминін енгізді. Атақты сиядағы тестінің авторы. Г. Роршах зерттеулері өзінің «Psychodiagnostik» (1921) деген кітабында көрсетілген.
  - **Годдарт Генри Герберт** (Goddard H.H.; 1866-1957). Американдық психолог, Огайо штаты университетінің профессоры, АҚШ-тағы дамуы кештеу қалған балалар мектебінің жетекшісі. Ақыл-ойы кемтар психологиялық зерттеулері мен белгілі. АҚШ-та қолданылатын Бине-Симон ақыл-ой дамуы шкаласының бейімделген версиясын (нұсқасын) жасады. Психикалық дамудың

кешігу деңгейінің топтарын ұсынды. Ретардация пайда болуында жетекші рөлді тұқымқұалаушылық факторлары ойнайды дегенді ұстанды. Негізгі жұмыстары: «Feeblemindedness Its Causes and Consequences», (1914); «School Training of Defective Children» (1915); «The Kallikak Family» (1912).

- **Термен Льюис Мэдисон** (Terman L.M. 1877-1956). Американ психологы, Стэнфорд университетінің профессоры. Л. М. Терменнің негізгі жұмыстары педагогикалық психология, тесттік өлшемдер теориясы проблемаларына, бала интеллектісінің даму, жыныстық және отбасылық қатынастар психологиясы мәселелеріне арналған. Көптеген кеңінен таралған психодиагностикалық әдістемелерді жасаушы болып табылады. Кең танымал Стэнфорд-Бине ақыл-ой дамуының шкаласынан бөлек топтық тест (Terman Group Test, TGT); Т. Л. Kelly және G. M. Ruchпен бірлесіп – Стэнфордтық жетістік тесті (Stanford Achievement Test, SAT); Q. Mc. Nemerмен бірлесіп ақыл-ой қабілеттері тесті (Terman-Mc-Nemer Test of Mental Ability, 1942); американ әскері үшін TGT модификация қатарын жасады. Негізгі жұмыстары: «The Measurement of Intelligence» (1916); «The Stanford Revision of the Binet-Simon Intelligence Scale» (1916); «The Intelligence of School Children» (1919); «Genetic Studies of Genius» (1930).
- **Мейли Ришар** (Meili R.; т.ж. 1900). Швейцария психологы, Берлин университетінің профессоры. «Zeitschrift für Psychologie» журналының редакторы; 1952-1980 ж. аралығында «Swiss Review of Psychology» журналының бас редакторы. Өзінің факторлы талдау генетикалық тұқым құалаушылық психология және тұлға психологиясы мәселелері, тестілерді қолданудың теориясы мен практикасы аумағындағы жұмыстарымен белгілі. Психологиялық



диагностика бойынша «Lehrbuch der Psychologischen Diagnostik» (1961) деген атақты оқулықтың авторы.

- **Гудинаф Флоренс Лаура** (Godenough F.L.; 1886-1959). Американдық психолог, минесоттық университет профессоры. Балалар психикасы дамуына, интеллектуалды тестілеу проблемаларын жасауға қосқан үлесімен белгілі. Гудинаф атақты «Адам суретін сал» тестін жасаушы. АҚШ-тағы белгілі «Minnesota Preschool Scale» (1932) әдістемесін жасауға қатысқан және бастаушысы. Негізгі жұмыстары: «The Measurement of Intelligence by Drawing» (1926); «Developmental Psychology» (1934); «Mental Testing» (1949).
- **Гезелл Арнольд Люциус** (Gesell A. L.; 1880-1961). Американдық психолог, Йельск балалар дамуы клиникасының жетекшісі. Баланың психикалық даму нормаларының, балалардағы психикалық функциялардың дамуының эксперименталды зерттеулерінің аумағындағы маман. Ерте кезеңдегі балалардың ақыл-ой дамуын оөлшеуге арналған біршама белгілі және кеңінен қолданылатын шкалалардың бірін жасады. Негізгі жұмыстары: «The Mental growth of the preschool child» (1925); «Infant and Child in the Culture of Today» (1942).
- **Вурдвортс Роберт Сессион** (Woodworth R. S.; 1869-1962). Эксперименталдық, педагогикалық және ғылыми-басылымдық қызметке 70 жылдан аса мерзімін сарп еткен американдық психолог. Колумбия университетінің профессоры (1903 ж. бастап). Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кәсіп таңдау мақсатымен тұлғалық сауалнамалар прототипін жасады. Негізгі жұмыстары: «Dynamic Psychology» (1917); «Psychology» (1921); «Dynamics of Behavior» (1958).

➤ **Стэнли Дэвид Портеус** (1883-1972) Бокс-Хиллде (Австралия) дүниеге келген. Мельбурн университетінде антропология саласы бойынша білім беру лабораториясын басқарған (1916-1917).

1919-1925 Вайнленд түзету мектебінде психологиялық лабораториясының директоры болып қызмет атқарды. 1922-1948 жылдар аралығында Гавай университетінің клиникалық психологиясының профессоры және оның директоры. Психодиагностика саласында «Лабиринттердің» авторы ретінде белгілі. Оның пікірінше «лабиринттер» шешу төмендегі қасиеттерді (қабілет, өзін-өзі бақылау, жоспарлау, әдептілік т.б.) бағалауға мүмкіндік береді. Осы қасиеттердің ақыл-ойға қарағанда әлеуметтік бейімделуіндегі ролі зор дейді. Көп зерттеулері нәсілдік айырмашылықты зерттеуге арналған. Оның әртүрлі нәсіл бойынша «рейтингтері» анық түрде нацистік сипатта болған. Жекелік айырмашылықтың себебін Портеус тума қабілетте деген.

➤ **Эдвард Келлог Стронг-кішісі** (1884-1963) Сиракузде (Нью-Йорк штаты) дүниеге келген. Биология бойынша бакалвр дәрежесін (1906) Калифорния университетінде алған. Үш жыл өткен соң сонда магистрлық диссертациясын қорғаған. Психология докторы (Колумбия университеті, 1911). Психология және білім беру профессоры ретінде Георг колледжінде жұмыс жасайды. 1917 жылдан бастап армияға таңдау өткізу мен қатар әскер персоналын оқытады. Кәсіби оқу департаментін басқарады (1919). Білім беру, зерттеу бюросын басқарады (1921). Зерттеулерінің негізі американдық қолданбалы психология фундаменті. 1927 жылдан бастап Стронг Стэнфорд университетінде бизнес мектебінің психология профессоры ретінде қызмет жасайды. Кәсіби қызығушылық бланкісін жасаумен оның есімі синоним ретінде

қабылданды және оны жетілдіріп (1955) жастардың кәсіби қызығушылығын зерттеуге байланысты кітабы шықты.

- **Трумен Ли Келли.** (1884-1961) Математика бакалавры (1909), психология магистрі (1911). Торндайк пен Вудвортстан Колумбия университетінде дәріс алған. Білім берудегі өлшемдер докторлық диссертациясын 1914 жылы қорғаған. 1920-1931 жылдар аралығында профессор-ассистент, білім беру және психология профессоры қызметі Стэнфорд университетінде атқарған. 1924 жылы «Статистические методы» сандық әдістер атты кітабы жарық көрді. Одан кейін «Білім берудегі нәтиже өлшеу интеграциясы» (интеграция измерения в образовании) атты монографиясы (1927) жарыққа шықты. Мұнда психологиялық тестілердің жарамдылығы мен сенімділігін айқындау үшін математикалық әдістерді қолдану жолдары көрсетілген. 1928 жылы шыққан кітабында «Перекрестки человеческого разума» атты Спирменнің генералды факторларын қалай дамытуға болатынын және ақыл-ойға байланысты басқа да факторлардың барын дәлелдеген.

## **2.2. 1930 және 1939 жылдар аралығындағы психодиагностика ғылымының дамуы**

1930 жылы көптеген жаңа тестілер пайда болды. Олардың көпшілігі АҚШ-та жасалған еді. 1936 жылы жарияланған тестілердің ішінде мына бес тесті алға шықты. - Мысалы Стенфорд-Бине тесті туралы 141 мақала, Роршах тестісі туралы-68 мақала жарияланды. Келесі орындарда Бернрейтердің (Bernreuter Personality Inventory) тұлғалық сауалнамасы, Сишордың (Seasures Measures of Musical Talent) музыкалық талантты өлшеулері Стронгтың (Strong Vocational Interest Beank) кәсіби қызығушылық бланкісі тұрған еді.

Онжылдықтың басында екі жақсы жасалған вербалды емес шкалалар пайда болды. Портеус лабиринті (Arthyr Point Scale of Performance Tests) мен

Косс кубигі сияқты белгілі тестілер негізінде 6 мен 16 жас арасындағы балаларды зерттеуге арналған шкаланы 1930 жылы Грэйс Артур жариялады. Бұл шкаланы алғашқы кезде Стэнфорд-Бине шкаласымен корреляциялану тек 12 жастағыларды зерттегеннен кейін ғана мүмкін болды.

Этель Корнелл және В.Кокс (Cornele-Coxe Performance Ability Scale) екеуі өзгеше вербалды емес шкала ұсынды. Бұл екі шкалалар әрі түрлі мақсаттар үшін жобаланды: біріншісі-Биненің вербалды емес түсінігін беру болса, ал екіншісі – оған қосымша ретінде қолдану болды. Стенфорд-Бине шкаласының кең тараған жаңа редакцияда қамтылмаған 11-13 жас пен қоса, 2 жастан ержеткен жасқа қарастырылды. Эквивалентті формасы жасалынды олар L және M болып табылды (авторлардың бас әріптері қолданылды: Льюис Термен және Мауд Мерилл). Бұл шкаланың болжамы Америкада туылған үш мың 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі ақ нәсілді балаларды зерттеу барысында бір үлгіге салынды (стандартталды). Сыналушылардың әлеуметтік және экономикалық мәртебесі бақылауға алынып отырылды.

1916 жылы және 1937 жылы жарық көрген шкалаларға мынадай сын ескертпелер айтылған еді: ауызша тапсырмалардың көптігі, ересектерді бағалау құндылығының күдік тудыруы, тапсырмаларды әр уақытта дұрыс таңдамауы т.б. Дегенмен соңғы шкала көптеген психологтар тарапынан қолдау тапты. М.Меррийдан басқа Стэнфорд-Бине шкаласын жасауда **Кьюин Мак-Нимар** (1900-1986) деген белгілі американ психологі жұмыс жасады, ол кейінірек Термен мен жаңа шкаланы, яғни **Термен Мак-Нимардың ақыл-ой тестісін** жариялады.

1938 жылы Ұлыбританияда тест жасалды. Бұл тест Равеннің прогрессивті матрицалары деп аталады. Бұл тестті Пенросем мен Дж.Равен жалпы интеллектіні өлшеуге арнаған еді. Тест Ч.Спирменнің генералдық фактор теориясына негізделді. Бірақ Равеннің прогрессивті матрицасы оқуға деген нәтижелілікті болжауда жоғары жетістікті бере алмады. 1930 жылдың басында психологтарды **Бэбкоктың** (Babcock's Deterioration Test) интеллектінің

нашарлауын диагностикалауға арналған тесті қызықтырды. Тестіге Стэнфорд-Бине шкаласынан вербалды тапсырмалар енгізілді. Кейінірек оқуға деген қабілеттілік пен жасап беру жылдамдығын анықтайтын 24 түрлі сынау қолданылды. Бұл интеллектінің сол деңгейін бейнелейтін көрсеткіш болды. Осы екі бағалаудың айырмасы интеллектінің нашарлау деңгейін бейнелейді деп қабылданды.

Дж. Хант (1936) мынаған нұсқады, біріншіден, психологтар арасында психиатриялық диагнозды нақты түрде қабылдайтын тенденция үрей туғызып отыр құмартушылықтың нақтылы ғылыми мектепке тиістілігін ескере отырып, классификациялық схемалар мен диагноздарды ықтималдылық ретінде ұғыну керек, екіншіден – көптеген психологтар пациенттердің мотивациялық сферасын ескермейді. Сондықтан көптеген зерттеулердің барлығында берілген тест тапсырмасын орындай алмады ма не орындағысы келмеді ме деген сұрақтарға жауап беру мүмкін емес. Дэвид Векслер 1939 жылы ақыл-ой шкаласын жасап оны Векслер-Беллвью деп атайды. Онда интеллектіні жан-жақты бағалау үшін шкала 11 субтестіден тұрады.

Вербалдық деп аталатын бірінші субтестінің көмегімен сыналушының жалпы және қарапайым арифметикалық есептерді шығаруын, құбылыстар мен заттар арасындағы ұқсастықты байқауын зерттеуге болады.

Вербалдық емес субтестілерде сыналушыдан бейнеден жетіспейтін детальдарды табу, кубиктерден әр түрлі фигураларды құрау, бөліктерден әр түрлі фигура құрастыру талап етіледі. Бұл субтестердің нәтижелі орындалуынан үш түрлі көрсеткіш анықталады: вербалдық интеллект, вербалдық емес интеллект және интеллектінің жалпы көрсеткіші. Векслердің тесті құрастырыудағы ең маңыздысы оның ақыл-ой жасын нәтижесіз деп тануы. Нақты тұлғаның алған ұпайы сол жастағы өзге тұлғалардың алған аз ұпайымен салыстырылады. Штерннің формуласы IQ өзгеріліп жаңа түрде енді:

$$IQ = \frac{\text{нақты} - \text{корсеткіш}}{\text{жас} - \text{тобына} - \text{арналған} - \text{кутетін} - \text{орташа} - \text{корсеткіш}}$$

1937 жылы ақыл-ойдың жетілуіне байланысты (The California Tests of Mental Maturity). Калифорниялық тестілер басылып шығарылды. Олар **Эдвард Ли Торндайк** пен (1874-1949) **Луис Леон Терстоунның** (1887-1955) интеллекті туралы тестілеріне сүйенеді. Бұл зерттеушілер интеллект тәуелсіз қажеттерден немесе факторлардан тұрады деп айтты. Алғашқы кезде мектеп жасындағы балаларға арналған бұл тестілер есту мен көру қабілетіне, пікір-талас пен сөздік қорларды айқындайтын тапсырмалардан тұрды. Терстоун 1938 ж. өзінің алғашқы ақыл-ой қабілеттер тестісін жариялайды (Primary Mental Abilities Test).

Факторлық-аналитикалық зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып интеллекті сипаттайтын тәуелсіз жеті факторын өлшеу шкала көмегімен жүргізеді деп есептеді. Бұл жерде айта кететін нәрсе Терстоун тек қана тестілердің авторы емес, сонымен қатар **интеллекті теориясының мультифакторлық негізін салушыда (1931).**

Осы жылы Гезелл мен Елена Томпсон 4 аптадан 56 аптаға дейінгі сәбилердің интеллектуалдық дамуын бағалаудың критерийлерін ұсынады.

1935 жылы Эдгар Долл (The Vineland Social Maturity Scale) әлеуметтік толығы Вайнленд шкаласын жасайды. Бұл шкала сәби жастан 30 жас аралығындағы адамдар үшін пайдаланылды. Шкала бойынша нәтижелер әлеуметтік толығы айқындауға көмектесті. Долл көптеген индивидуумдардың, мысалы: заң бұзушылардың интеллектуалдық деңгейі жоғары болғанымен, әлеуметтік толығы төмен болады деп есептеді. Долл интеллектімен байланысты тұлғаның факторымен айналысқан алғашқы психологтардың бірі еді. Вайнленд шкаласы балалардың даму деңгейін бағалау мүмкін болмағанда ғана қолданылады.

1931 жылы Олпорт –Вернон тесті (Allport-Vernon – Lindzey of Values). Тұлғалық құндылық жүйесін зерттеуге арналып, шкаласы басылып

шығарылды. Бұл тесті Эдуард Шпрангердің тұлғалық теориясының негізінде жасалды. Индивид үшін басым құндылықтар топтарын айқындауға көмектесті – Олар: эстетикалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни құндылықтар болып табылады. Осы жұмыстар американдық және ағылшын психологтарының **Филип Эварт Вернонмен** (1905-1987) бірлескен еңбектерінің жемісі болғандықтан қызықты болып отыр. Тұлғалық сауалнамалардың ішінде кең танымалысы мыналар:

Терстоунның жеке тұлғалық тізімі (описі) (Terntone Personality Schedule);

Бернрейтердің жеке тұлғалық сауалнамасы (Bernreuter Personality Schedule);

Беллдің икемделу сауалнамасы (Bell Adjustment Inventory);

Роджерс сауалнамасы (Rogers Adjustment Inventory);

Хумма – Водсворттың (Humm – Wadsworth Temperament Scale) темперамент шкаласы;

Калифорниялық жекелік тесті (California Test of Personality);

Малердің (Maller Personality Sketctes) жеке тұлғалық нобайлары;

Гилфордтың (Guilford Inventory of Faktors STDCR) жеке тұлғаның бес факторын айқындау сауалнамасы. Сауалнамаларда тікелей сұрақтар қойылады, мысалы: «Сіз өз ұялшақтығыңызға кінәлісіз бе? «иә», «жоқ», «білмеймін» деген жауаптарды пайдалану қажет деп ескертіледі. Ал зерттеушілер осы тұлғалық сауалнамаға келгенде клиникалық қиыншылықтарға тап болды. Психологтар осы әдісті пайдаланған кезде кейбір сұрақтар адамдарды қорқытып ала ма деп үрейленді. Дегенмен де кейбір тұлғалық сауалнамалар кең таралып және тұлғалық әдістемелер арасында бірінші орынға ие болды.

Р.Бернрейтердің сауалнамасын еске түсірмеу мүмкін емес (1933). Оның сауалнамасы 4 шкаладан тұрады. Мысалы:

нейротизм (B1N)

өзіне деген қанағаттанушылық (B2S)

интроверсия (B3I) және доминанттық (B4D). Негізінен бұл сауалнама 1960 жылға дейін кең түрде қолданылған, бірнеше тұлғалық қасиеттерді өлшеуге арналған алғашқы құрал болып табылған еді.

1930 жылдары психологтар жеке тұлғаға арналған сауалнамаларды жасап, өз назарларын факторлық талдауға аударып бастаған. Соның бірі Л.Терстоун мен **Джоя Пол Гилфорд** (1897-1987) зерттеулері болды.

Аппел (Appel, 1930) баланың салған суреті бойынша (үлгілерді салу, әртүрлі адамдарды жанұясындағы адамдарды қосқанда) олардың суреттеріне түсінік беру арқылы жеке тұлғаны тұтастық тұрғысынан бағалауға болады деді. Сия дақтарын бере отырып берген түсініктерін жазып отырған.

Шварц (Schwartz 1932) әртүрлі әлеуметтік жағдайлар бейнеленген суреттерді жеткіншектерге ұсынып оларға сипаттауды талап етіп, сурет бойынша сұрақтарына жауап алған.

Давид Леви (Dovid Levy 1937) балаларға жан ұясын бейнелейтін қуыршақтарды беру арқылы олардың ойын бақылаған. Бұл әрекеттің диагностикалық эффектісінен басқа да терапиялық әсері бар деді (ойын арқылы бала өзінің сезімін танытады жанұясындағы адамдарға байланысты).

1930 жылдардың ортасында Гарвард университетінде кристиан Морган мен **Генри Александр Мюррей** (1893-1930) өздерінің зерттеулерін өткізді. Диагностикалық процесдерасын құру кезінде алғашқы рет проекция қағидасына сүйенуді ұсынған өздерінің 1935 жылы «Жеке тұлға зерттеулері» (Исследование личности) атындағы кітабында психология саласындағы проекция қағидасының тұрақтауын айта келе алғашқы проективті тақырыптық апперцепция тестін (орысша Тест тематической апперцепции – ТАТ деп аталады) жасады. Бұны жеке тұлғаны зерттеудегі диагностикалық жаңа құралы ретінде психологтардың қажеттіліктеріне сай пайдалана алады.

Жоғарыда айтқанымыздай негізінде Самуил Бек (Samuel J.Beck,) 1921 жылы ақыл-парасаты кем ауруларға Герман Роршахтың перцепция негізгі бойынша құралған тест ақыл арқылы зерттеу жүргізіп, алған нәтижелерін



алғаш рет АҚШ-та жариялайды. Бұл әдістемені диагностикалық құрал ретінде Маргарет Герц (Margaret Hertz) және Бруно Клопфер (Bruno Klopfer) пайдаланған. Ал 1936 жылы Клопфер Роршах атты институт ашты және Rorschach Research Exchange атты журналды баспадан шығарды, ал 1949 жылы оның атын journal of Projective Techniques деп өзгертті.

Сонымен қатар психологтар тарапынан Роршах тестінің диагностикалық көрсеткіштері мен оларды талдау нәтижелерін анықтауда субъективтілігі сенімділігі мен жарамдылығы жөніндегі мәліметтердің жеткілікті емес екендігі сынға алынды.

Бірақ оған қарамастан клиницистерде басқа әдістемелер болмауына байланысты Роршах тесті өз мәнін жойған жоқ.

Маргарет Лоренфельд (1931) жасаған екі тест қызығушылық тудырды. «Мозаика» атты тесті бойынша тестіден өтушіден әр түрлі пішіндегі түрлі түсті пластинкалардан композиция жасау талап етілді. Ол орындалған композицияға жеке адам жөнінде ақпарат береді отыра, психиатриялық диагноз қоюға көмектеседі деп сенді, ал екіншісі «Әлем» деп аталатын тесті, онда миниатюрлы адам модельдерінің жануарларды, үйлердің және басқа да объектілердің кошірмесін пайдалану арқылы қоршауын сахна ретінде жасап, оны баяндауды қажет еткен. «Мозаика» тесті сияқты бұл тест те сенімділігі мен жарамдылығы зерттеуді қажет етті.

Шаков пен Розенцвейг (Sharow, Rosenzweig, 1939) соқырларды бағалау үшін таутофон атты құралды пайдаланған. Оларға анық емес сөйлемді ұсыну арқылы әңгіме не туралы болғанын аңғару керек, сол арқылы зерттеуге қатысқан адам ерекшелігі туралы мәлімет алуға болады деген.

Швейцар –венгр психологы **Леопольд Сонди** (1883-1986) 6 сериялы әр түрлі психикалық аурулар мен ауыратын адамның бет әлпетін бейнелейтін суреттерді ұсынды, оның әр сериясында 8 суреттен болды. Зерттеуші әр сериясынан өзіне ұнаған 2 сурет және ұнамаған 2 сурет таңдау қажет. Нәтижесінде ұнаған сурет арқылы мінез-құлықтың ашық еліктеу тенденциясы

сипатталады, ал ұнамаған суреттер арқылы еліктеу тенденциясының ұстамдылығы көрсетіледі. XXғ. қыркыншы жылдарының екінші жартысында Еуропа мен АҚШ-та Сондидың бұл проективті тесті әйгілі болды.

**Лауретта Бендер** (1897-1987) Бендер-гештальт (Bender-Gestalt) атты өз тестін 1938 жылы жариялады. Ол тоғыз геометриялық фигуралар композициясынан құрылған жеке тұлғаның қабылдауын зерттеуге арналды. Зерттелушіге әрбір көріністі берілген үлгі бойынша, сонымен бірге есте сақтауы бойынша жаңғырту ұсынылуы. Суреттерде көрініс тапқан кеңістікті талдау мен синтездеу механизмдерінің бұзылуына бас миының зақымдалғанын айқындауға мүмкіндік берді. Кейіннен бұл тестің нәтижелерін проективті болжамға сәйкес өңделіп дұрыстаған Леопольд Франк болды.

1939 жылы Франк «**проективті әдістемелер**» деген түсінікті (Роршах тесті, ТАТ, таутофон т.б.) тестілерге байланысты пайдалануды ұсынды. Бұлардағы жауап-реакциясы стимулдың объективті мәніне байланысты емес тігін көрсетеді, оның жекелігін ғана сипаттайды.

1938 жылы Оскар К.Бурос (1905-1978) «редакциясымен психикалық өлшеу жылнамасы» (Ежегодник психических измерений) атты бүкіл дүние жүзіне әйгілі басылым шықты. Бір жыл өткен соң О.Бурос психикалық өлшеу институтын ашты, Мұнда коммерциялық тестілердің мониторингі жарияланған, 1994 жылы ол «тестілеу орталығына» айналып, сервистық қызмет көрсетуге бағытталды.

Жоғарыда айтқандай, психодиагностиканың дамуы көбіне математикалық-статистикалық аппараттың жетілдірілуімен байланысты. 1935 жылы ақпан айында психометриялық қоғам құрылды (Ганновер, Нью-Гемпшир), оның алғашқы президенті Л.Терстоун болды. Бұл қоғамның негізгі міндеті психологияның дамуын ұтымды сандық ғылым ретінде қарастырылуда болды. 1936 жылдың наурыз айынан бастап, әрбір тоқсан сайын «Психометрия» атты журналы жарық көре бастайды, сөйтіп 1990

жылдары психометрия саласында қызмет атқаратын психологтар саны 30 елдің 550 мүшелерімен толықты.

Қоғам мүшелерінің еңбектері тест теориясының сандық (статистикалық) дамуына үлес болып қосылды. Оның ішінде атап айтсақ ол Ф. Лорд пен Новиктің *Statistical Theories of Mental Test Scores* (1968) атты кітабы, мұнда латенттық (жасырын) қасиеттің моделінің дамуы қарастырылған. (item-response theory) тапсырма және оған деген жауап қайтару арасындағы байланысты көрсету теориясы берілген. Осы тәрізді математикалық-статистикалық аппарат арқылы компьютерлық психодиагностика жасауға жол ашылды.

XXғ. отызыншы жылдары психодиагностика үшін өнімді (тиімді) болды. Алғашқы он жылдықтағы психодиагностика саласындағы бастапқы ойлар осы тиімді психодиагностикалық құралдардың дүниеге келуіне себеп болды. Жеке тұлғаны зерттеуде психопатиядағы тұтастық ықпалының әсері арқылы дағдарыстан шығудың жолдары нақты белгіленді.

- 
- **Мак-Нимар Кьюин** (Mc-Nemar Q. 1900-1986) Пенсильваниядағы униат колледжінде білім алып, оны 1925 жылы аяқтаған. Екі жыл Чарльстэунде математика бойынша оқытушылық қызмет атқарып, Стэнфорд университетінде психологияны оқыды. 1932 жылы докторлық дәрежеге ие болды. Американдық психолог, Стэнфордтық университеттің және Фордхам университетінің профессоры (АҚШ, Техас) Өзінің зерттеулерінде психологияның математикалық-статистикалық аппаратының дамуына үлкен назар аударды. Көп жылдар бойы «*Journal Review of Psychology*» (35 жылдан астам) және «*Annual Review of Psychology*» (15 жылдан астам) ғылыми редакторы болды. Стэнфорд-Бине ақыл-ой даму шкаласы модификациясының (1942), Векслердің ақыл-ойды өлшеу шкаласының қысқаша нұсқасының авторы (*Abbreviated Wechsler – Bellevue Scale*, 1950).

- **Векслер Давид** (Wechsler D. 1896-1981) Румынияда дүниеге келген. Ол алты жасында ата-анасымен және өзінен үлкен алты ағаларымен бірге Нью-Йорк қаласына көшкен. 1916 жылы қалалық колледжде бакалавр деген дәрежеге ие болған, ал 1917 жылы Колумбия университетінде магистрлық дәрежеге жетті. Тағыры оны американдық психолог Борингмен кездестірді. Ол әскери «Альфа» атты тестілерді өткізу және есептеудің жалпы жолын көрсетіп, оған көмек берген. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Векслер әскери адамдардың ойының даму деңгейін зерттеп, әртүрлі тестілерді және сол сәтте Стэнфордтық баспадан жарық көрген Биненің ақыл-ой шкаласын пайдаланды. Американдық психолог және психиатр, университеттік медициналық колледжінің (Нью-Йорк) клиникалық психология профессоры, Белвью госпиталінің (Нью-Йорк) психиатриялық клиникасында бас психологы. Интеллектіні зерттеудегі кеңінен тараған әдістемелердің авторы. Бірінші болып вербалды және практикалық интеллект тестілерін біріктірді. Интеллектіден тыс факторлар тұжырымдамасын жылжытты. Д. Векслер «Детектор Лжи» нұсқаларының бірін ұсынған. Негізгі жұмыстары интеллект, динамика, интеллектінің жас ерекшелік өзгешелігі мен ересектердегі ес теориясының проблемаларына арналған. Негізгі әдебиеттері: «Wechsler-Bellevue Intelligence Scale» (1939); «The Measurements of Adult Intelligence» (1944); «Wechsler Intelligence Scale for Children» (1949); «Wechsler Preschool and Primary Scale of Intelligence» (1967).
- **Терстоун Луис Леон** (Thurstone L.L. 1887-1955).. Чикагода дүниеге келген. Бастапқы білімді Швейцарияда, одан соң АҚШ-та алған. Алғашқы кезде оны қызықтырған физика, математика және инженерия саласы болған. 1912 жылы бакалавр дәрежесін чикаго университетінде алған. 1917-1924 жылдар аралығында Питтсбург технологиялық университетінде, ал 1924-1952 жылдар аралығында Чикаго университетінде психология профессоры ретінде жұмыс жасаған. Ол

психологиялық мәліметтерді шкалалаудың теориясы мен әдістерін құрастырған (Терстоун шкаласы деп аталатын). Негізгі үлесі-психодиагностикалық зерттеу ретінде көпфакторлық талдауды енгізуі. Осы әдісті құрастыру арқылы оның ақыл-ой құрылымының мультифакторлық тұжырымдамасы қалыптасты. 1952 жылдан бастап соңғы күндеріне дейін Солтүстік университетінде психометрия лабораториясының директорлық қызметін атқарды, кейіннен сол лаборатория Терстоун есімімен аталды. Американдық психолог, Чикаго университеті, Карнеги институтының (Техас) психология профессоры. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында америка әскері үшін тестілер жасауға қатысқан, интеллект және қарым-қатынас тестілерінің авторы ретінде белгілі. Факторлық талдауда біршама кең тараған әдістің авторы. Интеллектің мультифакторлық теориясын ұсынды. Штерн Вильям. Неміс психологы, Гамбург университетінің профессоры. Интеллект коэффициенті (IQ) түсінігін жүргізді. Негізгі жұмыстары: «The Nature of Intelligence» (1924); «Fundamentals of Statistics» (1924); «The Measurement of Attitude» (1929); «The Vectors of Mind» (1935); «Factorial Studies of Intelligence» (1941); «Multiple Factor Analysis» (1947).

- **Гильфорд Джой Пол** (Gilford J.P.; 1897-1987) АҚШ-та Маркетте деген жерде дүниеге келген. Небраска университетінің (1922) бакалавры. Корнельск университетінің (1926) философия докторы, Небраска университетінің құқық бойынша докторы (1952). Психология бойынша дәріс берген, балаларға ақыл-ой тестілерін үйреткен. Американдық психолог, Канзас, Небраска, Оңтүстік – Калифорния (Лос-Анджелес) штаттарындағы университеттердің профессоры. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұшқыштардың психологиялық қызметінің директоры, курсанттарды таңдау тестілерін жазуға қатысқан. Американдық психологтарының ассоциациясының (1950) президенті, негізгі еңбектері ақыл-ой құбылысының моделі, факторлық талдау арқылы жекелік

сауалнамалар құрастырған және креативті айқындау бағытында тестілер жасаған. В.Циммерманмен бірігіп Гильфорд-Циммерман «Көзбен шолу темпераменті» дегенді жасады. Негізгі әдебиеттері: «Psychometric Methods» (1936, 1940); «Forteen Dimentions of Temperament» (совместно с W.Zimmermann) (1950); «Fundamental Statistics in Psychology and Education» (1950); «The Structure of Intellect» (1956); «The Nature of Human Intelligence» (1960); «Intelligence Creativity and their Educational Implications» (1969).

- **Мюррей Генри Александр** (Murrey H.A. 1893-1988). Американдық психолог және дәрігер (медик), Кембридж университетінің профессоры (Массачусетс, АҚШ), Гарвард университеті Психология клиникасының жетекшісі, Америкалық психология ассоциациясының, Америкалық ғылым және өнер академиясының құрметті мүшесі. Рокфеллер университетінде (1927) биохимия саласы бойынша докторлық дәрежеге ие болды. Білім беру психологиясының негізін қалаушы ретінде оны қызықтырғаны іштей еліктеу мен жеке адамның саналы емес әлемі болды. Оның көзқарастарына әсер берген Юнганьң «Психологические типы» атты еңбегі болды. 1923 жылы ол Юнг идеяларын қолдаушы Кристиан Морганмен танысады. 1925 жылы 3 аптадай Мюррей Юнгтың өзімен жұмыстас бола отырып психологияның астарларымен танысады. 1927 жылы Гарвард қаласындағы психология клиникасында қызмет атқарады. Өзінің тікелей араласуымен Бостанда психоаналитикалық қоғамын құрады (1928). 1930 жылдың басында Франц Александр жетекшілігімен өткен тоғыз айлық психоаналитикалық тренингке қатысып, тематикалық апперцепциялық тесті ТАТ атты алғашқы проективті тестін жасайды. Оны 1935 жылы шығарады. Гарворд университетінде Мюррей біраз ғалымдарды жинап (Саул Розенцвейгті, Эрик Эриксонмен Гарднер Линдсейді) зерттеу бағдарламасына қатыстырады, нәтижесінде 1938 жылы «Исследование личностей» атты

еңбегі жарияланады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ-тағы стратегиялық басқару қызметінде Диверсанттармен барлаушыларды таңдау бойынша зерттеулер жүргізеді. Соғыстан кейін Гарвардқа қайтып келіп клиникалық және әлеуметтік психологтарды, антропологтар мен әлеуметшілердің әрекеттерін біріктіріп, әлеуметтік қатынас орталығы бөлімін ашқан. Соғыстан кейін, өзінің айтуынша, сол 1930 жылдары бастаған персоналдық (жеке тұлға) теориялық жүйесі бойынша жұмыс жасаған. Мюррей 95 жасында дүние салды. Американдық психологтары үшін ол олимпиялық масштабтағы адам болған, оны Вильям Джемспен жиі салыстырып отырған. Тұлғаның мотивациялық сферасы, проективті әдістемелерді қолданудың теориясы мен практикасын зерттеу аумағындағы маманы. Тұлғаны түсініп меңгеру тәңіріндегі фундаменталды зерттеулер «Exploration in Personality» (1938), «Personality in Nature, Society and Culture» (1953) жұмыстарында кіріктірілген.

- **Бендер Лауретта** (Bender L.; p. 1897-1987). Үйдегі төрт баланың кішісі болды. Чикаго университетінде бакалавр және магистр дәрежелерін алған. Оның алғашқы ғылыми зерттеулері гематология саласына байланысты болған. 1926 жылы докторлық дәрежесіне ие болды. 1930-1956 жылдар аралығында Беллвью госпиталінде балалар психиатрия бөлімін басқарған. Тоғыз геометриялық композициядағы пішіндерді қабылдау қажет еткен үлгі бойынша және есте сақтауға байланысты суреттегі кеңістікті талдау мен синтездеудің механизмінің бұзылуына байланысты мидың зақымдануын айқындаған. Оның зерттеулері балалардағы шизофрения проблемалары, баланың ақыл-ой дамуына тәрбиенің және қоршаған орта ерекшеліктерінің әсері, психотерапия әдістерін жасауға арналған. Бендер визуалды-моторлық гештальт тестінің негізін жасаушы. Негізгі еңбектері: “A visual motor Gestalt test and its clinical use” (1938).

- **Оскар К. Бурос** (1905-1978) Лейк – Небагамонда (Вискосин) дүниеге келген. Миннесот университетінің бакалавры (1925), Колумбия университетінің педагогикалық колледжінің магистрі (1928), Роджерс университетінің профессоры (1932-1965). Психикалық өлшеу институтының негізін қалаушы және оның директоры. Оның зерттеулерінің негізгі бағыттары психикалық өлшеу және белгілі тестілерді жүйелеу болып табылады. Психологтар арасында психометриялық сауаттылықты үгіттеді. Оның бүкіл елге белгілі еңбегі «психикалық өлшеу жылнамасы».
- **Леопольд Сонди** (1890-1986) Чехословакия елінде дүниеге келген. Болашақ атақты психиатр. Психолог өте кедей болған және дінге берілген жанұяда өскен. Тұрмыс жағдайына қарамастан ағасының көмегімен медицинаны оқып, неврологиялық және психиатриялық емханаларда жұмыс жасайды. Будапешт қаласында докторлық диссертациясын (1919) қорғады. 1923 жылдан бастап Сонди зерттеулері эндокринология саласына байланысты болды. Будапештегі медициналық, педагогикалық жоғары мектептердің эксперименталды лабораториясын басқарады. Генетика және психоанализ аймағындағы Сондидің зерттеулері генотропизм теориясының негізін қалаған. Психология саласына «отбасы саналы емес» (семейного (родового) бессознательного) деген түсінік енгізді, оны алғашқы ашқан Юнг болатын. 1936 жылы жарияланған оның сегіз еліктеу тесті кең таралды. 1958 жылы психологияның халықаралық зерттеу қоғамын ашты. 1961 жылы Цюрихте Сонди институтымен тағдырдың жеке аналитикалық терапия ассоциациясы ұйымдастырылды. Өзінен кейінгі ұрпақтарға 25 кітабы 350 мақаласын қалдырды.
- **Эдвард Ли Торндайк** (1874-1949) Вильямсбургте (штат Массачусетс) дүниеге келген. Әкесі дінге жақын адам болған, аскетикалық жанұяның екінші баласы. Алғашқы бакалавр дәрежесін Уэслиан университетінде



(1995), ал екіншісін Гарвардта (1896) алған. Оқытушы ретінде педагогикамен генетикалық (тұқым қуалаушылық) психология бойынша дәріс берген. АҚШ-та және басқа да шет елдердің құрметті докторы аталған. Жануарларды зерттеу саласы бойынша стимул мен реакция арасындағы байланыс туралы зерттеулері оны танымал етті. Оның еңбектері және ой-пікірлері біраз жылдар бойы таластар туғызды. Негізгі қосқан үлесі-интеллект өлшеудегі теориясы мен практикасы.

- **Филип Эварт Вернон** (1905-1987) Оксфорд (Англия) қаласында дүниеге келген бакалавр дәрежесін (1927), магистрлікті (1930), ал философия докторлығын (1931) Кембридж университетінде алды. Алғашқы ғылыми еңбектері музыка саласына байланысты болды. Гордон Олпортпен Марк Мэемлок қосылып жеке адам құндылықтарын зерттеген (1930-1931). 1933 жылы Лондонға қайтып келіп Маудслей госпиталінде психолог қызметін атқарған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде селекцияға байланысты тестілермен бірге әскери қызметкерлерді дайындаумен айналысқан. Осы кезде оның ақыл-ой құрылымы туралы ойлары қалыптасып, оны иерархиялық деп атайды. 1949-1967 жылдар аралығында Лондон университетінде білім беру психологиясымен айналысты. Ал 1960 жылы керемет зерттеу арқылы әр этникалық және мәдени топтардың ақыл-ойына мәдениетпен қоршаған ортаның факторларының әсерін зерттеген. Бұл бағыттағы зерттеулерін Батыс Индияда, Танзанияда, Угандада, Канадада т.б. елдерде өткізген. Оның (Интеллект: наследственность, среда) атты еңбегі 1979 жылы жарық көріп біраз пікірталасқа түскен.

### **2.3. XX ғасырдағы 40-шы жылдарындағы психодиагностика ғылымының дамуы**

Осы кезде психодиагностикалық әдістемелердің саны көбейе түсті. Оскар Буростың (1941) «Психодиагностикалық өлшеу жылнамасында» 325

тестілердің нәтижелері және 200 тестінің жәй тізімі басылымында жарияланды.

Бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар психологтарды жаңа тестілер жасауға бағыттады. Екінші дүние жүзілік соғыстың басында АҚШ психологтары армия қажеттілігі үшін топтық тестілерді құрастыруға қайта көңіл бөлді. Соның бірі жалпы армияның топтастыру тесті одан 10 миллион әскери адамдар өтті. Теңіз офицерлері мен пилоттарды іріктеу кезінде Роршах тесті, ТАТ тестісінің қысқартылған варианты және басқа да әскери модификациялар пайдаланылды. Стресстық факторлардың тікелей әсерін ситуациялық тестерді құрау арқылы зерттеген. Олар шпиондық бақылау әрекетіне лайықты деген адамдарды таңдауға арналған. 1944 жылғы мәлімет әскер жасындағы 20 млн. адам зерттеуден өткенін көрсетеді.

Ұлыбританияда әскери топтастыру мақсатында Равеннің прогрессивті матрицасы негізгі тест болып саналды. Ол радарлық қондырғыларды пайдалану идеясың табыстылығын көрсететін пайдалы құрал болып табылады. Германияда осы соғыстың кезінде авиация қызметне, әскери қызметке жарамдылығын анықтау кезінде тестілер кеңінен қолданылды. Ресми түрде 1942 жылы тестілеуге тыйым жасалды. Американың психология тарихшылары оның екі себебін көрсетті:

1. психологиялық тестілеу – үстемдік етіп тұрған саяси партиялар немесе әлеуметтік топтарға мүше болуға емес индивидуалдық психологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып таңдауға сүйенетін демократиялық процедура.

2. неміс қарулы күштерінде психологиялық мәселелердың бар екендігін жоққа шығаруға ықлас білдірді. Оған қарамастан жасырын түрде 425000 адамды бірінші дүниежүзілік соғыста АҚШ-та қолданған топтық тестілерден өткізу арқылы Германияға құлшылық жұмысқа іріктеген.

1942 жылы Векслер-Белльвью II, немесе екінші басылым мен «екінші Векслер» атты тесті шықты. Ол АҚШ-тағы сол кездегі ақыл-ой дамуының

деңгейін анықтауға арналған лидерлік әдістеменің бірі болып табылды. Ол субтестер көрсеткіштері бойынша органикалық мидағы зақымдары арқылы шизофренияны т.б. психикалық аутқуларды анықтауға мүмкіндік туады деген, бірақ Векслердің дәлдігіне көптеген психиатрлар да күмәнді болды.

Ересек жастағыларға арналған шкаласы тәрізді Векслер 1949 жылы балалардын ақыл-ой деңгейін айқындайтын шкаласын жариялаған. Оны 200 бала арқылы стандарттаған: 5 жастан 15 жас аралығында, 100 ұл бала, 100 қыз бала. Қатысқандар ақ нәсілді қала және ауыл тұрғындары бола отырып, олардың ата-аналарының жұмыс өзгешелігі еске алынған. 2 ай мен 30 ай аралығындағы сәбилерді тестілеу үшін Джеймс Кеттелдің П.Кеттел қызының шкаласы пайдаланылады. Бірақ оның шкаласының жарамдылығы мен сенімділігі туралы тартыстар болды. Жеке тұлғаның когнитивті сферасын диагностикалау үшін осы кезде Стэнфордтың жетістікке жету атты тесті (Stanford Achievement Tests, 1940) және R,S,T Отистің топтастыру тесті (Otis Classification Test, 1941) пайдаланылды.

Тоғыз сала: мәдениет, математика, әдебиет, механика, музыка, саясат, ғылым, әлеуметтік қызмет көрсету, кеңседе жұмыс жасау бағыты бойынша қызығушылықты өлшеу үшін 168 тапсырманы қамтыған Кьюдер сауалнамасы (Kuder Preference Record, 1942) болды. Осы жылы Катрин Бриггс және оның қызы Исабель Майерс Юнг теориясының негізінде өздерінің сауалнамасын құрастырды. Оны «Майерс-Бриггс индекатор типі» (Myers-Briggs Type Indicator, MBTI) деп атап, ол зерттеу түрін 1962 жылдары ғана жариялады. Старк Р.Хатауэй және Мак-Кенли (Starke Hathaway, J.C. Mc Kinley, 1940, 1943) Миннесоталық көпәспектiлi жекелiк сауалнамасына (MMPI The Minnesota Multiphasic Personality Inventory) бiраз психологтар назарын аударды алғашқы кезде психиатриялық диагноз жасау үшін 550 пікірге негізделген MMPI патологиясы жоқ жеке тұлғаларды диагностикалауда да қолданыла бастайды.

Жаңа жекелік сауалнама қатарына 1947 жылы Моудслейкийдің медициналық сауалнамасы (Maudsley medical Questionnaire) жатады. Алғашқы

тест сериясын жасаған ағылшын Ганс Юрген Айзенк (1934-1997). Бұл тест нейротизмді айқындауға арналған. Негізгі қасиеттерді өлшеудің құралын табу үшін ол 1940 жылдары факторлық талдауға назарын аударады. Дж. Гильфордтың және оның әріптестерінің жекелеген сұрақтар арасындағы өз-ара байланысындағы корреляцияны зерттеуі Айзенктің белгілі «Обозрение темперамента» (Guilford-Zimmerman Temperament Survey, 1949) («темперамент шолуы») деген еңбектер шығаруға жол ашты. Бірақ бұл бағыттағы зерттеулер ХХғ. қырқыншы жылдарының – екінші жартысында ғана өз биігіне көтерілді. 1939-шы – 1947-ші жыл аралығында Роршахтың тесті бойынша 436 пайдалану нұсқаулары жарық көріп, алынған нәтижелерді өңдеу және талдау жолын көрсетуге үлес қосқандар Клопфер мен Келли (1942) болды.

Соғыс аяқталған соң жаңа проективті әдістемелер пайда болды. Оның бірі - фрустрацияға деген реакцияны бағалауға арналған Саул Розенцвиг тесті (1945). Ол 24 суреттен тұрады. Сол жағындағы суреттегі персонаж өзінің фрустрациялық жағдайын сипаттаса, ал оң жағындағы суреттегі персонаж өзінің ең бірінші жауабын жазу керек. Осының негізінде индивидтің фрустрациялық жағдайдағы типін, әлеуметтік бейімделу дәрежесін бағалайды.

Шнейдман (1947) тестісінде әуелі сурет салу қажет, содан соң сурет бойынша не бейнеленгенін айтып беру қажет.

Саймондс (1947) тестісі бойынша тапсырмаларындағы сөйлем құрамының негізгі бөлігі сыналушыға беріліп оны әрі қарай аяқтау қажеттігін көрсеткен.

Блюм (1949) Блекки тестін құрастырып ит тұқымдастар бейнеленген сурет бойынша мәтін құруды талап еткен. Демек бала ит проблемаларын сипаттау арқылы өзін қоршап отырған адамдар проблемалары туралы айтады. Әр суретте ит әр түрлі жағдайда психоаналитикалық теория бойынша жеке тұлғалық функционалды аспектілерді бейнелейтін (мысалы, Эдип комплексі, анальді және оральды импульстері т.б.) бір немесе бірнеше ит бейнеленген.

АҚШ-та психодиагностика саласындағы Сонди тестісінің әйгілі болуына әсер еткен **Давид Рапапорт** (1911-1960). Бұнда ақыл-ой деңгейін бейнелеу мен қоса жеке тұлғалық проекциясының өнімділігін сурет арқылы тану идеясы көрсетіледі. **Карен Софи Маховер** (1902-1949) тестісінде адам суретін салу талап етілді, содан кейін соған қарсы жынысты адамның суретін салу керек. Осы тест арқылы сурет салушы мен салынған фигура арасындағы байланысты айқындауды алғашқы диагностикалық құрал деп тапқан. Буктың тесті үй, адам, ағаш суреттеріне (1948) негізделген. Осы тәрізді басқа да проективті техникалық суреттер пайда болды.

Швейцар психологы Макс Люшер (1923-1977) **түрлі-түстерді таңдаудың** психологиялық маңызды бар екенін дәлелдеді. Ол 1948 жылы түрлі-түсті таңдау тестісінің проективті әдістемесін жасады. **Пфистер-Хейс (1951) түрлі-түсті пирамида** тестін өмірге әкелді, бірақ бұл тестер Роршах, ТАТ тестер тәрізді жарамдылық пен сенімділік техникасы болмағандықтан әйгілі бола алмады.

1949 жылы тамыз айында Цюрих қаласында проективті әдістемелер мен Роршах тесті бойынша мамандардың бірінші съезді өтті. Сол жылы **Раймонд Бернад Кеттел** (1905-1998) қабілет және тестілеу институтының (The Institute Personality and Ability testing, IPAT) негізін қалап, осы бағыттағы психологтардың еңбектерін жариялады. 16 факторлы Р. Кеттелдің сауалнамасы жарық көрді. Сонымен қатар жаңа әдістемелер дүниеге келді, олардың психологиялық тестілеудегі математикалық-статистикалық аппараттары жасалынды. Факторлық талдаудың дамуына үлес қосқан Кеттел және оның қызметкерлері. 1946 жылы Терстоунның шәкірті (1935) америкалық психометриялық қоғамның негізін қалаушы **Гарольд Галликсен** (1903-1996) өзінің белгілі «логикалық өлшеу мен жұптық салыстыру» атты еңбегін жариялады. Онда ұстаным бойынша ұстазының сол уақытта өлшеуге келмеді деген сандық бағалау идеясын қоштады.

- 
- **Айзенк Ганс Юрген** (Eysenk H.J. 1916-1997). Ағылшын психологы (Германияда туылған), әр түрлі жеке оқу орындарынан дәріс алып Лондонға келіп физика саласында профессорлық қызметін атқарып, психиатрия институтының (Лондон) психологиялық лабораториясының жетекшісі болды. Ұлыбританиядағы зерттеулердің клиникалық-психологиялық бағытының негізін салушылардың бірі. Тұлғаның бұзылуларын, оның құрылымын, даму факторларын зерттеу саласындағы көптеген жұмыстарымен белгілі. Айзенк психодиагностикалық әдістердің, неврозды және тұлғаның басқа да бұзылуларын емдейтін мінез-құлықтың әдістердің жасалынуына зор үлес қосты. Г.Айзенк тұлғаның оригиналды моделінің, тұлғаның әлеуметтік нұсқауының екі факторлы теориялардың, естің үш факторлы теориясының авторы. Негізгі жұмыстары: «Dimension of Personality» (1947); «Dynamic of Anxiety and Hysteria» (1957); «The Biological Basis of Personality» (1967); «Psychoticism as a dimension of personality» (1976); «The structure and measurement of intelligence» (1979).
- **Маховер Карен Альпер** (Machover K.A. 1902-1996) Минск (Белорусия) қаласында дүниеге келіп, сегіз жылдан кейін АҚШ-қа көшті. 1924 жылы Нью-Йорк университетіне түсіп, 1929 жылы бакалавр, 1935 магистр дәрежесіне ие болды. 1930 жылы Колумбия университетінің докторантурасына түсіп, себепсіз тастап кетті. Клиникалық психолог ретінде лицензиясы бар. Беллвью госпиталінде (1929-1969) жұмыс жасаған. Бруклин колледжінде (1949-1952) дәріс берген. Жетпісінші жылдары отставкаға кеткенімен тұрмай, жеке психотерапиялық тәжірибесімен айналысты. Маховер белсенді өмір сүрген адам, ол әйелдер құқығын қорғау мәселелеріне біраз уақытын бөлген. Өзінің Вьетнамдағы соғысқа деген қарсылығын әр түрлі әскерге қарсы комитеттерге және ұйымдарға қатысуымен білдірді. АҚШ-тағы

клиникалық психологтың мәртебесін қалыптастырған және психиатрлармен бірге клиникада іс-әрекеттердің айырмашылығын анықтаған, Американдық психолог, тест «Адам суретін сал» әдістемесінің авторы. Ғылыми жұмыстары тұлғаны зерттеудегі проективті әдістемелерге арналған. Оның нәтижелері мына кітаптарда қамтылған: “Personality Projection in the Drawing of the Human Figure: A Method of Personality Investigation” (1949).

- **Старк Р. Хаттауэй** (1916 -1997) Мичигандада дүниеге келді, Огайск университетінде 1927 жылы бакалавр дәрежесін алған, 1928 жылы магистрлық атаққа ие болған. 1930 жылы Миннесота қаласына көшіп 1932 жылы философия докторы, ал бес жылдан кейін тұрақты түрде медицина мектебінде дәріс береді. Невролог және психиатр Мак-Кинли мен танысып, Хаттауэй өзінің докторлық диссертациясы бойынша жұмыс жасайды, курстарға қатысады. Зерттеулерді өткізеді. Ол психологияның көптеген проблемаларымен айналысады. Оның ішінде статистика және ұйқыны зерттеулері бар. Американдықтар оны психофизиологиялық зерттеулердің пионері деп есептейді. Ал бүкіл әлемге ММРІ арқылы танымал болды.
- **Давид Рапапорт** (1911-1960) Будапешт қаласында туылған колледжде оқып жүрген кезінде математикамен және физикамен айналысқан. Психоанализ саласымен танысқаннан кейін психологияға бет бұрған. 1938 жылы психология саласы бойынша докторлық дәрежеге Будапешт университетінде ие болған, одан кейін АҚШ-қа көшіп Нью-Йорк, Канзас госпитальдерінде психолог болып жұмыс жасаған. 1940 жылы Карл Меннигердің шақыруымен клиникадағы психология департаментінің нейропсихиатриясын басқарған. 1948 жылы Стогбриджға көшіп психоанализ төңірегінде зерттеп нәтижесінде «Организация и патология мышления» атты еңбегін жариялайды. Р. Шафер және М.Гиллмен бірігіп, классикалық 2 томдық «Диагностика

психологическая тестирование» атты еңбегімен (Diagnostik Psychological Testing, 1945-1946) танылады. Стокбридж қаласында 1960 жылы дүние салды.

#### **2.4. XX ғ.50 жылдарындағы психодиагностика саласының дамуы**

Психодиагностикалық зерттеулерде дәстүрлі түрде белгілі әдістер лидер бола бастады (көш бастайды). 1951 жылы Герман Роршах тестіне байланысты 1219 мақала, Стэнфорд-Бине шкаласына сай 493 мақала, ал Векслер-Белльвюге сәйкес 371 мақала жарияланды.

Көптеген зерттеулер ТАТ және ММРІ-мен байланысты болды. Сонымен бірге кейбір әдістерге қызығушылық төмендеді (мысалы, Сонди тестісіне). 1953 ж. Бурос 793 тесті туралы хабарлайды, яғни олардың саны он жылда 250-ге өскен екен. 1955 ж. Векслер-Белльвю құрылымына ұқсас ересектердің (ақыл-ойын) интеллектісін өлшеуге арналған Векслер шкаласы (WAIS) пайда болады. Шкала 16 жастан 64 жас аралығындағы екі жыныстан 1700 адамнан құралған іріктелген стандарттаумен анықталған. Бұл іріктеуге географиялық тұрағы мен қалалық немесе ауылдық жерде тұратындығы есепке алынып, әр түрлі кәсібі мен білімі бар адамдар теңде қатысты. Векслер интеллект құрылымы туралы Спирменнің түсініктеріне сүйенеді де, ол өзінің анықтамасын бермейді. Шкаланың факторлық талдау келесі негізгі факторларды айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы: жалпы интеллект (G), вербальдық фактор, вербальды емес фактор және есте сақтау факторларын қоштайды. Сәл кейінірек **Доппельттің қысқа формасы** (Doppelt Short form, 1956) деп аталатын Векслерлік интеллекті шкаласының алғашқы қысқартылған болжауы жарияланды.

Интеллектіні зерттеу үшін тұқымқуалаушылық пен әлеуметтің арақатынасы мәселесі үнемі көкейтесті болып табылады, сондықтан мәдениет пен білім беруге тәуелсіз «таза» интеллектіні өлшейтін тестіні жасауға бірнешерет талаптанып көрді. Осы тестілердің ішіндегі белгілісіне



жататындары Р. Кеттелдің интеллектіні өлшеудің мәдени-еркіндік тестісі Ол 1958 ж. жарияланды. «Таза» интеллектіні өлшеу ұмтылыстарында психологиялық зерттеулердің мәні шеңберінен шығып кететін оқиғалар болды.

Жалпы қабілеттерді өлшеу туралы айтқанда, осы жылдары кеңес беру мен кәсіби іріктеу үшін қызметімен кең түрде қолданылатын АҚШ-тың еңбек пен қамтамасыз ету қызметінің жасаған GATB тестісін (General Aptitude Test Battery, 1956) назардан тыс қалдыруға болмайды. Жалпы қабілет тестілерінің батареясы алғашқы кезде 15 тест көмегімен 10 факторды өлшеу үшін ұсынылған еді. Бұл факторларға оқуға деген жалпы қабілеттер, вербальдық, сандық және өзге де қабілеттер жатады. Кейінірек 1970 ж. әр түрлі мамандық өкілдерінен жинақталған 25000-ға жуық қызметкерлер және оқушыларды зерттеу бойынша мәліметтер жинақталады. GATB және оның негізінде жасалған әдістемелердің беріктігі интеллекті тестілерінде қабылданғанда академиялық нәтижелілігі бойынша емес, кәсіби критерийлер бойынша айқындалатындығын білуіміз керек.

Жеке тұлғалық өлшеулер саласында ілгерілеушілік байқалады 50 жылдар - **факторлық сауалнама** деп аталатын жаңа типтік тұлғалық сауалнамалардың дамуымен ерекшеленеді. Осы бағыттағы зерттеулердің жүргізушілері Раймонд Кеттел болды, ол тұлға қасиеттерін айқындайтын сөздік, тұрмыстық атаулардан жалпыланған тұлғалық факторларды анықтай отырып, және факторлық анализді қолдана отырып тұлғаны сипаттаудың кең шамада болуын біршама азайтады. **Дж. Гилфордтан өзгешелігі ол үшін факторлық талдау тұлғаны терең айқындаудың әдісі** негізгі болып табылады. Алғашрет 1950 жылдары жарық көріп және барлық әлем психологтарының арасында танымал болған 16 тұлғалық факторлар сауалнамасы немесе 16 PF – Кеттелдің және оның әріптестерінің зерттеулерінің салмақты нәтижесі .

Өзге тұлғалық сауалнамалар арасынан **Дж. Тейлордың үрейленудің көріну шкаласын** (1953) атап өту керек. Үрейлену бірінші рет ситуациялық құбылыс ретінде емес, тұлғаның ерекшелігі ретінде қарастырылды.

Бұған дейін белгілі және өзін жақсы жақтарынан көрсете білген тұлғалық сауалнамалар өзінің дамуын әрі қарай жалғастыруда. Бірінші кезекте бұл ММРІ-ға қатысты болып табылады. 1951ж. осы сауалнамалар көмегімен алынған мәліметтерді интерпретациялау үшін ұсынылған ерекше атлас жарияланды. Атлас әр қайсысы үшін ММРІ профильдерімен бірге 968 клиникалық жағдайлардың сипаттамасын береді. Ал **Джордж Шалагер Велш(1918-1990)** өзінің әріптестері, әрі бұрынғы шәкірттері Грант және Л.Дальстроммен бірге 1956 жылы кейін классикаға айналған « ММРІ хрестоматиясы психология мен медицина үшін »деген шығармасын жария етеді. ММРІ тапсырмасын зерттеушілер өздерінің сауалнамаларын құрастыруда үнемі пайдаланады. Мысалы: жоғарыда аталған Дж.Тейлор шкаласын атауға болады.

Ганс Айзенк 1956ж. Моудслейск медициналық сауалнамасынан кейін нейротизм және экстра-интроверсияны диагностикалауға арналған жаңа тұлғалық сауалнамасын ұсынады. Ол Моудслейк тұлғалық сауалнамасы деген атауға ие болады және автордың теориялық көзқарасымен сәйкес айқындалады.

Бізге ММРІ-дің о бастан-ақ психикалық аурулармен зардап шегушілерді тексеру үшін ұсынылғаны белгілі, ММРІ-ға ерекше альтернатива ретінде 1956 жылы Х.Гоух ұсынған **Калифорниялық психологиялық сауалнаманы** ерекше айтуға болады. Ол ММРІ тапсырмаларына сүйенеді және нормаға сай дамыған индивидтерді зерттеуге арналған. Сауалнаманың 18 шкаласы күнделікті адамаралық өзара әрекетте көрінетін сапалардың идентификациялануына байланысты берілген. Осы онжылдықта тұлғаны өлшеу үшін дәстүрлі сауалнамалар мен ситуациялық тестілерден өзгешелеу жаңа әдістемелер жасалуда. **Чарльз Эгертон Осгудтың** (1916-1991)

**семантикалық дифференциал техникасы** (1957) сыналушылардың ұғымды интерпретациялауындағы түсінікті өлшеуге арналған. Бұл техникада стимул ретінде полярлы мағыналы белгілермен (көбінесе сын есім көмегімен берілді, мысалы, «көпшіл-тұйық») берілген шкаланың фиксацияланған нүктесін сәйкестендіру арқылы түріне кез келген объект қолданылды (сөз, белгі, ұғым т.б.). Бұл техника негізінде психологиялық зерттеулерде кең тараған әр түрлі нақты психодиагностикалық әдістемелер пайда болды.

1940 жылдардан басталған міндетті іріктеу дами бастайды. Сондай-ақ В. Стефенсон ұсынған **Q - классификациясы** (1953) оны семантикалық дифференциалмен жақындататын элементтер болып табылады. Бұл әдістеме тапсырмаларының орындалуы топқа бөлінген тұлғалардың қасиеттерін іріктеуден тұрады (сыналушыға сол қасиеттің жақын болуына байланысты). Топ саны еркін түрде алынуы мүмкін, бірақ әдетте мәліметтердің статистикалық өңдеуге қолайлы болуы үшін 9 топ пайдаланылады.

Жұптастыра салыстыру қағидасының жекелеген принциптерің жүзеге асыратын Q-классификация және **Аллен Л. Эдвардстың** (1914-1994) «**Тұлға қалауының тізімі**» атты енгізіп (1959), зерттеуге тұлғаны бағалау мүмкіндігін береді. Басқаша айтқанда, әрбір алынған көрсеткіштің берілген нормативті сәйкестігімен емес, басқа көрсеткіштермен өз мәнін табады. Кейінірек Эдвардстың соңғы рет стандартталған тұлғалық сауалнамасы жарық көреді.

1955 жылы АҚШ-та **Джордж Александр Келлидің** (1905-1967) «**Тұлғалық конструктілер психологиясы**» атты кітабы жарыққа шықты. Сондай-ақ тұлғалық зерттеудің жаңа «**рецептуралық торлар**» әдістемесі жарияланды. Бұл әдістеме семантикалық дифференциалмен және классификацияның әдістемелер мен ұқсас әрі әмбебап және өзгергіш, икемді болып келеді. Бұл матрицаны сыналушы немесе айқындаушы (диагност) толтырады. Матрицаның бағаналарына зерттеушіні қызықтыратын адамдар, ұғымдар, дыбыстар, түстер түрінде көрінетін элементтердің белгілі тобына сәйкес болады. Матрицаның қатарлары конструктрлер немесе шкаланың

биполярлы белгілері болып келеді. Конструктілер зерттеушінің немесе арнайы процедурлық көмегімен айқындалады. Рецептуралы торды толтыра отырып сыналушы конструкт бойынша әрбір элементті бағалайды. Рецептуралы торды анализдеу күш-қуатты диагноздауға және конструктілер арасындағы байланыстардың бағыттылығы мен күшін диагностикалауға, тестерді айқындауға көмектесті. Аталғандардағының белгілі болғандай бұл тұлғаны зерттеуге арналған қарапайым ғана әдістеме емес, ол зерттеушіге өзін қызықтыратын тапсырманы шешуге арналған торды бейімдеуге, жөндеуге көмектесетін диагностикалық бағыт болып табылады. Рецептуралы әдістемелер тез арада кең тарай бастады, өйткені соңғы онжылдықта диалогтық компьютерлік бағдарламалар түрінде шешімін таба білудегі олардың идеалды бейімделгіштігі зор роль атқарған еді.

**«Жаңа көзқарас»** деген атпен белгілі **перцептивтік және тұлғалық фактор арасындағы өзара байланысты зерттеу** бағыты өте нәтижелі болып және өрісті бағыныштының (өріс тәуелсіздік) параметрлерін айқындауға көмектесті, әрі индивидтің қызметтің әр түрлі деңгейінде көрінуіне стильдік сипаттама берді (перцептивті ғана емес сонымен бірге тұлғалық деңгейде көрінуі) осы кезеңде стильдің әр түрін анықтауға мүмкіндік беретін: Өрісті бағынағыштың (өрісті тәуелсіз), аналитикалық, синтетикалық, рефлексивті, импульсивті т.б. тестерді жасау басталады.

1954ж. Г.Виткин ұсынған бүркешеленген фигуралар тестісі біршама танымал бола бастайды. Бүркешеленген геометриялық фигураларды сыналушы табуы керек еді және оның жасырылған күрделі фигураны анықтауға сызықтарды пайдалануға болатын еді.

Бұрынғыдай көптеген психологтардың әсіресе клиникада жұмыс жасайтын психологтардың, назары техникаларға бағытталды. Роршах әдістемелерін ұстанушылардың психоанализге деген қызығушылығы оның көмегімен алынған нәтижелерді интерпретациялауға көмектесетіндігінде. Йель университетінің зерттеушісі Рой Шафердің «Роршах бойынша тестілеу

барысында психоанализдегі интерпретациялау» (Psychoanalytic Interpretation in Rorschach Testing, 1954) ұзақ уақыт бойын осы бағытта қолданылды. Жаңа суретті проективті техник арасынан әр қайсысына белгілі бір қасиеттер тіркелетін шектелген кеңістіктегі алдын-ала бейнеленген графикалық белгілерді ескере отырып, зерттелушіге сурет салуды ұсынатын **Э.Вартегтің** (1953) тестін атап көрсетуге болады (мысалы, толқынды сызық эмоционалдық, қозушылық белгісі болып түсінетін).

Проективті әдістемелер тізімін балаларды тексеру үшін Рене Заззо жасап шығарған ерекше тесті «**Зверинец**» (1950) толықтырады. 1950ж. ортасында психодиагностикада бәрінен бұрын американдық диагностикалау барысындағы шығармашылықты өлшеудегі негізгі бағыт қалыптасады. Бұған **креативтілікті айқындауда** жаңашыл деп танылған, интеллектуалдық даму деңгейін анықтау тестілеріне деген көңіл толмаушылық себеп болды. Креативтілік тестілерді жасауға біршама үлес қосқан оңтүстік Калифорния. Қабілеттерді зерттеу бағдарламасы шеңберінде Дж.Гильфордтың және оның әріптестерінің жұмыстарын айтуға болады.

Тестілеумен айналысатын психологтар арасында пікір талас тудырған **Пол Эверет Милдің** (1920-1962) «Клиникалық немесе статистикалық болжау» кітабы теориялық анализ және алынған мәліметтерді шолу» болды (Clinical versus Statistica Prediction: A The a retica Analysis and a review of the evidence, 1954). Бұл жұмыстардың маңызды оқиғасы тестілеу саласындағы барлық зерттеушілерге қатысты оқиға-Американдық психологиялық ассоциациясының тестілік стандарттар бойынша комитетінің тестердің сенімділігі мәселесіне айқындылық енгізуге ұмтыла отырып, оның негізгі: критериалды, бәсекелестік, мазмұндық және конструктілік түрлерін атап көрсету. Бірақ П. Мил статистикалық болжаудың үлкен тиімділігін дәлелдесе де, оның зерттеулері кейінірек көрсетілгендей әдістемелік есептеушілердегі қателіктерді жіберіп алғандығы белгілі болды. Тиімділігі туралы пікір-талас психодиагностикада ұзақ жылдар бойына жүргізілді, ХХ ғасырдың соңына

дейін әр түрлі көзқарастар болды. Математикалық, статистикалық аппаратының дамуына **Ли Джозеф Кронбахтың** (1916-1994) еңбектері арналады. Ол сенімділікті және беріктікті анықтау тәсілімен тестілердің ішкі құрылымын талдауға арналды. Осы кезеңде басталған Георг Раш зерттеулеріне деген қызығушылықтың оянғандығын айту керек. Ол стандарттаудың нақты іріктеуіне тәуелсіз болатын нормативті көрсеткіштер мен шкалалар жасауға тырысты. Бұл модельдің жекелеген тестілерді құруға, сонымен қатар компьютерлік тестілеуде де қолданылуына қарамастан көптеген психологтар Раштың сопылықі қағидаларын атап көрсетті.

1953 жылы АРА-ны қабылдау үлкен мәнге ие болды. Осы құжаттың үлкен **«Психологтардың этикалық стандарты»** бөлімі тестілерді тарату мен пайдалану мәселелеріне арналды. Ұлттық комитеттің қатысуымен, тестілерді шығарумен және олардың қолдануымен айналысатындар үшін **«психикалық тестілер мен диагностикалық әдістемелер үшін техникалық нұсқау»** (1954) деген кітап жарық көрді. Осы құжаттан бастап психологтардың диагностикалық қызметтері реттеледі, оның нормативтік құқықтық негізі анықталады.

1950 ж. оқиғалар қатарына Американдық психиатриялық ассоциация дайындаған **«Психикалық өзгерістерді диагностикалау мен статистикаға деген басшылық»** (DSM6 1952) деген еңбекті ескермей кетуге болмайды. Бұл психодиагностикалық құралдарды жасауда есепке алатын психикалық өзгерістердің жаңа топталуы еді. Осы классификаторға сәйкес бірінші кезекте клиникада қолданылатын тестілер жасалынатын болды.

- 
- **Кэттелл Раймонд Бернارد** (Cattell R.B. 1905-1998). Американдық психолог, Иллиной университетінің, сондай-ақ Стенли Холл мен Кларк университеттерінің профессоры. Өзін-өзі жүзеге асыру және мораль негізін зерттеу бойынша Институт негіздеді. Ғылыми жұмыстары тұлға құрылымы, дамудың тұқымқуалаушылық және мәдени факторлары,

психологиядағы факторлы талдау әдістері, мотивациялық процестерді математикалық дәлелдеу, психологиялық конфликтілерді оқып, меңгеру мәселелерімен байланысты. Оның психологиялық диагностика аумағындағы біршама маңызды үлесі факторлы анализдің таксономикалық әдістері, мотивация диагностикасының әдістемелері, интеллект тестілерін жасап шығаруы болып табылады. Негізгі жұмыстары: «Description and Measurement of Anxiety and Neuroticism» (1961); «Objective Personality and Motivation Test» (1967); «Abilities: Their Structure, Growth and Action» (1971); «Personality and Mood by Questionnaire» (1973).

- **Осгуд Чарлз Эгертон** (Osgood Ch.E. 1916-1991). Американдық психолог, қоғам қайраткері, бейбітшілік үшін белсенді күрескер. Иллиной университетінің профессоры, Американдық психология ассоциациясының, психоллингвисттердің Американдық қоғамының, Америка ғылым және өнер академиясының құрметті мүшесі. Зерттеулері әлеуметтік психология және психоллингвистика мәселелеріне арналған. Ч. Э. Осгуд тұлға мәнділігінің психосемантикалық анализі үшін семантикалық дифференциал әдісін жасап ұсынды. Негізгі жұмыстары: «Method and Theory in Experimental Psychology» (1953); «The Measurement of Meaning» (1957).
- **Келли Джордж Александр** (Kelly G.A. 1905-1967). Американдық психолог, Огайо штаты университетінің профессоры. Қазіргі кезеңгі американдық клиникалық психологияның негізін салушылардың бірі. Адамның әлемге және қоршаған ортаға қатынасының талдау арқылы тұлға тұжырымдамасының авторы. Тұлға диагностикасы әдістерін жасауға үлес қосты. Негізгі жұмыстары: 2 томдық «The Psychology of Personal Construct» (1955); «A Theory of Personality» (1963).
- **Кронбах Ли** (Cronbach L.J. 1916-1994). Американдық психолог, Чикаго, Иллиной және Станфорд университеттерінің (АҚШ) профессоры.

Американ психологиялық ассоциация президенті (1957). АПА тестілерді стандарттау Комитетінің (Committee on Test Standards) негізін салушы. Интеллект және тұлға диагностиканың, өз кезегінде психологиялық тестілердің валидтілігінің теориялық мәселелерін жасаумен психологиялық диагностиканың дамуына үлес қосты. Л.Кронбахқа «Essentials of Psychological Testing» (1984, 4-th ed.) деген капиталды еңбек тиесілі.

- **Гарольд Оливер Галликсен** (1903-1996) Вашингтонда туылған. Бакалавр (1926) және магистр (1927) дәрежесін Вашингтон университетінде алған, содан соң Терстоунның семинарына қатысып, Огайо университетінде білімін жалғастырған. 1929ж. Огайодағы университетті тастап, Терстоун жетекшілігімен докторлық диссертациясын қорғаған (1931) Чикаго университетінде психология бойынша нұсқаушы болып қызмет атқарады. 1933 жылдан бастап Чикаго университетінде Терстоунның ассистенті ретінде ақыл-ой қабілеттерін зерттеу негізінде жинақтайтын алғашқы мәліметтерді өңдеумен айналысады. Келесі жылдары тестілер жасаумен және тестілеудің теориялық негіздерімен айналысып, сосын емтихан комиссиясында қызмет атқарады. Чикаго университетінің ассистент-профессоры (1938) және психологияның профессоры (1942) болып қызмет атқарады. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында әскери-теңіз флоты мектебі үшін бағалау процедураларын, сонымен қатар офицерлерді іріктеу үшін тестілер жасап шығарады. 1945ж. Принстон университетінің психология профессоры. Білім беруді тестілеу қызметін ұйымдастырғаннан кейін, оқытушылық қызметпен қоса сол университетте психометрия бойынша бағдарламалардың кеңесшісі және директоры болып жұмыс жасады. Университеттен 1972 жылы демалысқа шығады, ал кейінірек (1974) білім беруді тестілеу қызметінен (Службы образовательного тестирования) кетеді. Галликсеннің негізгі



жұмыстары психологиялық шкалалауға («Парные сравнения и логика измерения», 1946) және тестілеу теориясына («Теория ментальных тестов», 1950) арналған. Осы жұмыстарды көптеген жылдар бойы барлық мамандар басшылыққа алды және қазіргі кезеңдегі статистикалық тестілеу теорияларының дамуына негіз болды.

- **Джордж Шалагер Велш** (1918-1990) Кингстонда (Пенсильвания) туылған Пенсильван университетінің бакалавры (1940) және магистры (1943) болды. Миннесот университетінің философия докторы болды (1949). Соғыс жылдарында әскери орталықта психометриялық қызмет атқарды. Кейінірек әр түрлі орталықтар мен госпитальдарда психолог болды. 1956-1957ж. Флоренциядағы психология институтында профессор қызметін атқарды. Клиникалық зерттеулерін 1947ж. Миннесот университетінде бастады. Оның зерттеулері вербальды емес ММРІ жасауға арналды (сурет түрінде берілген тапсырмаға «ұнайды не ұнамады» деп жауап беру ұсынылады). 1953ж. солтүстік Каролина университетінде ММРІ бойынша зерттеулер жүргізіп және осы тест қорытындысы бойынша кеңірек танымал болған нұсқаулар жариялайды. 1963ж. Велш креативтілік зерттеу жүргізеді. Екі жаңа ұғым енгізеді: *intelligence* (абстракцияларды қолдану қабілеттері) және *Originality* (жаңа идеяларды тудыратын қабілеттер). ММРІ-ға сәйкес келетін шкалаларды калифорниялық психологиялық сауалнаманың және Стронг Бланктың кәсіби қызығушылықтарын жария етеді. 1990ж. дүниеден өтті.
- **Аллен Л.Эдвардс** (1914-1994) Хьюстонда (Техас) туылған. Бакалавр дәрежесіне (1937), Огайо университетінің магистрлі дәрежесіне (1938), Солтүстік Батыс университетінің философия докторы (1940) атағына ие болады. Акрон университетінде алғашқы академиялық қызметін атқарады. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында әскерде қоғамдық пікірді насихаттау мен қалыптастырумен мәселелерімен айналысады. Әскери қызметтен 1943 жылы кетіп, сосын Мэриленд университетінде

жұмыс жасай бастайды. 1944-1984 жылдар аралығында Вашингтон университетінде, 1984 ж. демалысқа шыққанға дейін жұмыс істейді. Негізгі зерттеулері тұлғаны өлшеу және статистика бағытында болды. Оның тұлғалық сауалнамалары көпшілікке танымал. Негізгі жұмыстарының бірі «шкалалар және сауалнамалар көмегімен тұлға сипаттарын өлшеу» болып табылады (1970). 1994 ж. Сиэтлде қайтыс болды.

- **Пол Эверет Мил** (1920-1962) Миннеаполисте туылған. Миннесот университетінің бакалавры (1941) және сол университеттің профессоры. Ол сандық әдістерді, бихевиоризмді меңгерді. Осы көзқарастарға сүйеніп, психологиялық тестілерге талдау жасады. Бұл клиникалық және статистикалық болжамдарға қарсы қойылатын оның біршама белгілі жұмысында көрініс тапты. Милдің бірнеше жұмыстары сонымен қатар Л.Кронбахпен бірлесе жасаған жұмыстары психологиялық тестілердің сенімділігі мәселелеріне арналған ММРІ-дің дамуына үлес қосты. Соңғы зерттеулері оның пікірі бойынша қолданбалы математиканың мәселесі болатын психопатологиядағы топтауға байланысты еді. Миннесоттық философия ғылымдарының орталығының негізін салушылардың бірі болды (1953). Американдық психологиялық ассоциацияның президенті (1962) қызметін атқарады.

## **2.5. XX ғ. 60 жылдарындағы психодиагностика саласының дамуы**

XX ғасырдың алпысыншы жылдары тестілер туралы пікірталастар туындаған жылдар болып есептелінді. Қоғамдағы азаматтық құқықтардың, әсіресе адамның жеке өміріне қатысты құқықтардан сақталуына байланысты алаңдаушылық жеке тұлғаның қасиеттері мен интеллектуалдық даму деңгейін бағалау үшін жасалған тестілерге күдікпен қарауды туғызды. ММРІ оның кейбір сұрақтарының ар-ұят бостандығы мен жыныстық тәжірибе жайындағы

ақпаратты талап етуіне байланысты қатал сынға ұшырады. Бұл сұрақтардың жауаптары өз мақсатында пайдаланылмады да мүмкін болды.

**American psychologist** журналының 1965 жылы қараша айындағы басылымы толығымен психологиялық тестілеуге арналған қарсы пікірлерге және оны қорғау бағытындағы мәліметтерге арналған болып келеді.

1966 жылы АҚШ-та сенат деңгейінде тестіні тоқтату туралы шешім талқыланды, бірақ ол көпшілік тарапынан қолдау таппады. Сол кездегі АҚШ конгресінің халыққа қызмет ету комиссиясы төрағасының пікірі бойынша тестілерді пайдалануға болмайды деп айтылды. Көптеген психологтар әр түрлі себептерге байланысты тестілерге қарсы айтылған пікірлерге қосылды еді. Кейбіреулері белгілі бір тестілердің құндылықтарын ешқашан көрмеген ал олардың пікірі көпшілік талқысына салынып көпшілікке тарады. Бихевиоризм бағытындағы психологтар проективтік әдістемелерді қатты сынға алды. Күткеніміздей, бихевиористердің тұлғалық ерекшеліктерді тікелей емес, жасырын жолмен өлшеуге арналған әдістемелерге деген ескертпелері мол болды. Оларға санадан төмен шиеленістер мен және қорғаныс механизмдері «Менің» күші туралы пікірлер ұнамаған еді. Егер психологтар тұлғаның белгілі бір сипаттамаларын өлшегісі келсе, онда осы сипаттамалардың көрсеткіштерін, тікелей белгілерін айқындау жолымен жүргізуі керек болып табылады. Мысалы, үрейленуді өлшеу үшін. Осы мақсатқа арналған арнаулы шкалаларды пайдалану керек немесе физиологиялық көрсеткіштерді қолдану қажет (терінің гальваникалық реакциясы, қанның соғу тездігі, дем алу). Мүмкін болғанша адамның табиғи жағдайдағы мінез-құлқын бақылау керек. Айтылған сынның бекер еместігін айта кету керек. Азғантай уақытта олардың көзқарасы студенттер арасына кең тарады және аспиранттардың оқу жоспарын жасағанда пайдаланылды.

АҚШ-тың көптеген психология факультеттерінде проективтік бағытта оқытудың теориясы мен практикасы туралы білім азайтылды немесе осы оқу курстары жойыла бастады. Бір ерекше жағдай туындады, бірақ 1920 жылдың

аяғы мен 1930 ж. басындағы дағдарысты бастан кешірген психологтарға бұл мәселелер таныс еді. 1963 ж. «Проективтік әдістемелер журналының» өз аты «Тұлғаны бағалау журналы» болып өзгерілді. Бірінші қабылдаған проективтік әдістемелер болғанымен де олар сынға ұшырау жағынан жалғыз емес еді. Интеллектуалдық даму деңгейін анықтау шкалаларының стандарттау кезеңде әр түрлі этникалық топтардан іріктеулердің енгізілмеуі қатал сынға алынды. Осындай салыстырулар негізінде мектепте оқыту, жұмысқа қабылдауда теңсіздіктерге жол берілді. Тест бойынша төмен ұпай жинаған балаларды оқытуы төмен деңгейде жүргізілетін арнаулы сыныптарға жіберілді, ересектер жұмысқа қабылданбады. Интеллект тестілерінің әлеуметтік әділетсіздіктің құралы болуы көпшіліктің қарсылығын тудырды.

Нью-Йорк қаласы АҚШ-тағы мектеп жүйесінде интеллектіні диагностикалаудың топтық тестілерін қолданудан бас тартты және бұл бастама өзге қалаларда да өз жақтастарын тапты. Азамат құқын жақтаушы топтар, ата-аналар мен еңбек ұжымдары психологиялық тестілеуге қарсы болды. Өйткені олар тестілеуді жүргізу адамның құқығын шектеу деп қабылдады.

Бұл тестілерді жасаушылар мен қолданушылар осы кезеңде оқиғаның соңын күткендей еді. Бірақ олай емес, керісінше, олар қорғану позициясында бола отырып нәтижелі жұмыс жүргізеді. «Жыл сайынғы психикалық өлшеулерде» берілген мәліметтер көрсетуге өте лайық дүниелер, оның жетінші басылымы екі томнан тұрады (1972).

Егер бесінші басылымында – 957 тест болса, алтыншы басылымда – 1219 тест, ал жетінші басылымында – 1157 тест болды. Жетінші басылымында 53%-ға жуығы жаңартылды, шамамен тестінің 42% қайта қаралып, тек қана 6%-ын «ескілері» құрады.

Бурос (1970) өзінің тұлғалық ерекшеліктерді диагностикалауға бағытталған тестілерді кезекті шолу жасау барысында 1940 жылдың екінші жартысында оның 379 екендігін есептеп шығарды. Олардың ішінде 279

проективтік тестілер болды. Көп сынға ұшыраған Роршахтың тесті ең әйгілі тесті болып қала берді. Ол басылымның көптігі жағынан алда болды, бірақ оған ММРІ-да шамалас еді. Тұлғалық қасиеттерді диагностикалау тестілерінің ішінде ТАТ-қа Эдварттың сауалнамасына (Eduards Personal Preference Schedule), Олпорттың (Allport Vernon – Iernon-lindrey of valves), Раймонд Кеттелдің (Raymond Cattells 16 Personal Personality Factors) Калифорниялық (Colifornia Psychological inventory) және Бейнердің гешталт – тестілеріне көптеген зерттеулер арналды. Психологиялық тестілеу үлкен сынға ұшыраса да, қорғаныс қабаты қалың бола түсті. АҚШ-тағы сол кездегі азаматтық құқықты қорғау қозғалысының негізгі қамқорлығы халықтың кедей тобының қамтылуын және ерте жастан оқытуды шешу болды. Сондықтан психологтар балалардың интеллектісін өлшеу критерийін жасау мәселелерін көтерді. 1967ж. Векслердің мектепке дейінгі жастан бастауыш сынып оқушыларына арналған интеллект деңгейін бағалайтын және жеке жүргізілетін Векслер шкаласы ұсынылды (1967). Векслер Пиаженің теориясын сынға алып, «ақыл-ой қабілеттерін өлшенбейтін емес, олар үздіксіз, сондықтан әр жас кезеңде бағалау үшін түрлі тапсырмаларды беруге болады»-деді. Тестілер ақ нәсілді балаларға да «өзге нәсілдерге де арналады».

Екі жылдан кейін **Бейлидің сәбилердің даму шкалалары** ұсынылды (Bayeeg 1969) және екі айдан отыз айға дейінгі 1262 бала стандарттауға қатысты. Осы іріктеу АҚШ-тың осы жастағы халқын қамтиды деп есептелінді. Тест интеллектуалдың даму деңгейін анықтаудан, моторлық қабілеттерді, сәбилердің мінез-құлқын, рейтинг бойынша бағалау шкалаларынан тұрды.

Балалардың мектептегі үлгірімі неге нашар деген сұрақ бұрынғысынан да күрделірек қойылды. Белгілі тестілер бұл мәселелеге жауап бере алады, сондықтан қосымша тестілер жасалынды және олардың негізгі мақсаты оқи білуге қажетті дағдыны бағалау болды. Оның ішінде үш тесті танымал еді: мысалы (Minnesota Percepto-Diagnostic Test) миннесоттың перцептивтік диагностикалық тесті, (Forsting Test of Visual Development) Фростингтің

визуалдық даму тестісі, (Illinois Test Psychoinguistic Abilities, ІТРА) Иллинойлық психолінгвистикалық қабілеттер тестісі. Айтылған тестілердің алғашқысы 1963 ж. ұсынылып, 1967 ж. 5-пен 18 жастағы балаларға жүргізіліп, қайта стандартталады. Осы тестілердің көмегімен эмоциялық өзгерістерге ұшыраған балаларды айқындау мүмкін болды.

Фростинг тесті ІТРА сияқты мидың бұзылуларын диагностикалауға емес, кейбір қасиеттердің даму көрсеткішін анықтауды көздейді және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналып стандартталды. Фростинг тестісін топта және жеке де жүргізуге болады. Ол моторлық қозғалысқа, фигураны айыра білуге және орын ауыстыруға арналған субтестерден тұрады.

ІТРА Осгудтің қарым-қатынас теориясына негізделген және жүргізілетін әдістеме болып табылады.

Нақты лингвистикалық процесс төмендегіден тұрады:

1. ақпараттың мағынасын түсіну
2. ақпаратты ұйымдастыру және біріктіру
3. кейбір қарым-қатынас түрінде идеяны бере білу.

Бірнеше субтестер жасалды. Мысалы есту және көру арқылы қабылдау, аудио-тілдік және визуалды-моторлық ассоциациялар, вербалдық және мануалды бейнелеу.

Ральф Рейтен Wisc немесе WAIS тестілерінің балалар мен үлкендердің миының өзгерістерге ұшыраған бөлігін айқындаушы ретінде қолданылуы қызығушылық туғызады да, ал Тайеннің органикалық бүтіндікке арналған тестісі ескерусіз қалды. Ол 10 жинақтан, әр қайсысы түрлі-түсті суреттерден тұрды. Сыналушыға бірінші суретті көрсеткен соң қалған екі сурет ішінен соған сәйкес келетінін ғана таңдауы талап етіледі.

Түстерді таңдау басқа формаларға қарағанда қарапайым болып табылады.

Біздің тарихи шолуымызда американ психологтарының жасаған тестілерін қарастыратынымызды айта кетуіміз керек. Бұл басқа елдердің психологтарының ұқсас зерттеулерді жүргізбегендігінің белгісі деп емес,

көбіне олардың АҚШ ғалымдарының жасаған тестілеріне сүйенгендігін айтуымыз деу керек. Мысалы, 1965ж. британ психологтарының жасаған интеллектіні зерттеуге арналған шкалалары орынды қолданылуы тиіс болды. **Британдық қабілеттер шкаласы** (British Ability Scales, DAS) осы жұмыстардың нәтижесі еді.

1960ж. интеллект теориясының дамуына американ психологы Дж.Гильфордтың кубтық моделі біршама үлес қосты деп айтуға болады. Гильфорд Терстоунның дәстүрін жалғастыра отырып, интеллект бір-біріне тәуелсіз жекеленген қабілеттерден тұрады деп есептеді. Ол 120 интеллектуалдық факторлар бар деп есептеп, оларды зерттеуге арнап тестілер құрастырады. Осы 10 жылдықтағы маңызды оқиға критерийлі-бағдарлы тестілердің жасалуы еді. Бұл терминді Гласер енгізді (1963) оның дәстүрлі тестілерден айырмашылығы критерийлі – бағдарлы жүйеде тестінің нақты мағынасы есепке алынады. Сыналушы адам өзін басқалармен салыстырып, сөздік қорды меңгереді.

Тұлғалық сауалнамалардың жасалуы психологиялық жаңа тұжырымдамалардың келуімен байланысты. Мәселен **Джулиан Бернард Роттердің** әлеуметтік үйрену теориясы негізіндегі бақылау тұжырымдамасын атауға болады. **Интерналды-экстерналды шкаласы** психодиагностардың арасында қызығушылық туғызды және 1980 ж. көптеген зерттеулерге негіз болды. Қажеттілік теориясына негізделген Генри Мюррейдің тұлғалық сауалнамасын да айту қажет. **Тұлғалық зерттеу формасы** ретінде көрінген (The Personality Research Form, PRF) Джексон сауалнамасы еді (1967).

Тағы бір теория, Эрик Эриксонның даму теориясы **психо-әлеуметтік тепе-тендік сауалнамасының** (The Inventory of Psychosocial Balans, 1963) жасалуына негіз болды. Айтылған сауалнамалар танымдылығы жағынан алғашқы орынды алмаса да, бірнеше рет қайталанып отырған ойды көрнекі түрде бейнелеп көрсетеді. Мысалы: әр түрлі тереңдіктегі дағдарысты шешіп психодиагностиканы дамыту үшін математикалық-статистикалық аппаратты

жетілдіру ғана емес, өлшенетін құбылыстар теориясын дамытумен айналысу қажеттігі көкейтесті болуда. **Хольцманның тестісі** Роршах тестісіне жасалған сынға жауап ретінде ұсынылды. Бұл «сиялы дақтар» екі эквивалентті формада болды, олардың әрқайсысы 45 карточка тапсырмалардан тұрды. Сыналушының әрбір карточкаға бір-бір жауаптан беруі талап етеді, қалыпты (нормативті) көрсеткіштер белгіленеді. Бірақ бұл тест психологтардың арасында қолдауға ие болмады. 1964 ж. Жарық көрген Роршахтың тестісінің зерттеу библиографиясында 3855 атау белгілі болды. Бұдан белгілі бір проективтік әдістемеден-ақ ғылыми зерттеу бағытының қалыптасқандығын айтуға болады.

1960 жылдардың соңында әлем психологтары Вальтер Мишельдің «Тұлға және бағалау» кітабынан кейін пікір таласқа көшеді. Мишель психологтардың зерттеген тұлғалық қасиеттерінде бірқалыптылық, тұрақтылық жоқ деген үзілді-кесінді пікір айтады. Демек осындай зерттеулердің нәтижесі, шындығында қате ақпарат береді. Сондықтан тұлғаның мінез-құлқы көрінетін ортаны өлшеумен ауыстырылуы қажет деген еді. Бұл пікір-талас зерттеушілердің көңілін қоршаған ортаға аударды. Ақырында компромистік шешім жасалынды, адамның мінез-құлқының өзгергіштігі тұлға мен жағдайдың қарым-қатынасына байланысты түсіндірілетін болады.

Бұл пікірталас әлеуметтік психологиядағы бұрынғы айтыстарды еске түсіреді, яғни тұлғаның аттитюдды оның мінез-құлқында қалай көрініс табады деген сияқты. Мишель бастаған пікірталас психологиядағы «Психологиялық ортаның» дамуымен қатар келді. Осыған байланысты ортаны бағалау құралына да қызығушылық туындады. Үй жағдайын бағалайтын шкалалар пайда болады, айналасындағы адамдардың мінез-құлқының типіне байланысты айналаны суреттеу әдістемесі тексерілді, интеллектін дамытудағы мәніне, оқудағы жетістіктерге жету үшін жобалау шкалаларының жасау мүмкіндігі зерттелді. Бұл зерттеулерде әдеттегі психодиагностикадағы тұлғалық парадигманы жеңе білу мәселесі қойылды. **1960 жылдар бұл**



**компьютерлік тестілердің** пайда болған кезі еді. Алғашқы бұл тестілер 1960ж. басында пайда болды. Ақпараттық технологияның даму деңгейі психологтарға көптеген диагностикалық тапсырмаларды компьютер көмегімен шешуге жағдай жасайды, ал бұл зерттеулерді жүргізу психологқа таптырмайтын құрал еді. Алғашқы компьютерденген тестілердің бірі ММРІ болды.

Американ психологиялық ассоциациясының «Білім беру мен психологиядағы тестілеу стандарты» (1966) басылымында компьютерлік тестілерді интерпретациялау бағдарламасының негізінде түсіндіру мәселелері талап етілуде. 1961 ж. Буростық психикалық өлшеулер институтының жаңа жобасы басталды «жылдық психикалық өлшеуге» қосымша «testes en Print» басылымының бірінші томы шығады, онда мамандарға жаңа коммерциялық тестілер мен және оларды пайдалану барысындағы нәтижелер туралы «жылнама» сияқты ақпараттар береді.

Артур Дженсен (1969) «Мектептегі үлгірім ақыл-ойдың коэффициентін қаншалықты көтере аламыз?» (How much we boost IQ and scholastic achievement) атты мақаласы үлкен дау туғызды, онда тест арқылы ақыл-ойды өлшеудің 80% тұқым қуалаушылықпен байланысты.

Автордың ойынша ақ және қара нәсіл оқушылардың интеллектісінің айырмашылығы нәсіл арасындағы тұқым қуалаушылықпен баланысты. Бақытымызға қарай нәсілдік толқулар «зерттеулерге» негативті реакцияның жарияландымен тоқтатылды. Дегенмен ақыл-ой тұқым қуалаушылықпен байланысты деген пікірталастар жалғаса берді.

- 
- **Вальтер Мишель** 1930жылы Венада туылған Нью-Йорк университетінің бакалавры (1952) сол университетінің магистры (1953) докторлық атағына ие болды. Диссертациясын Огайо штатындағы университетте қорғады (1956). АҚШ-тағы бірқатар университеттердің профессоры. Мишельдің көзқарасының

қалыптасуына Дж. Келли мен Д. Ротер әсер етті және олардың бізге интерналдық-экстерналдық шкалаларды енгізгені белгілі еді. Абырой болғанда нәсілдік қобалжулар көптеген америкалық психологтардың Джженнің еңбегін «дұрыс емес» деген баға бергесін нәсілдік қобалжулар басылды. Дегенмен интеллектінің ұрпаққа берілетіні туралы айтыс толастаған емес, олар тек қана психологтарға ғана қатысты емес, сонымен қатар қоғамға да қатысты. Айтыс әрі қарай бола береді де.

- **Джулиан Бернард Роттер** 1916жылы Бруклинде туған. Химия ғылымының бакалавры (Бруклинд колледжі, 1937), психологиядан магистрлік, докторлық дәрежелерге ие болды (Айова университеті, 1938ж. Индиан университеті 1941). Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ,соғыстан кейін әскери психолог болып қызмет атқарғандықтан Келлимен Огайодағы университетте 1963 ж. Коннектикутск университетінің профессоры болады. Негізгі жұмыстары әлеуметтік үйрену және клиникалық психологияға арналған еді. Интерналды және экстерналды бақылау локусы туралы ұғым енгізді. Сөйлемдер тестісі өте танымал болды.

## **2. 6. XX ғ. 70 жылдарындағы психодиагностика саласының дамуы туралы қысқаша шолу**

XX ғ. жетпісінші жылдарында психологиялық тестілеу сыншылыр тарапынан көп сындағылар орынсыз шабуылдарға тап болды. Сынның негізгі бағыттары бұдан бұрынғыдай бағыттардай болды: яғни тестердің негізінде балаларды сегрегациялау (бір-бірінен нәсілі бойынша шеттетушілік) жүзеге асырылады және көптеген адамдарды білім алу мүмкіндігінен айырады деген кінәлаулар. Жалпы тестілеуден бас тарту мәселелері де қарастырылған. Мінез-құлықты табиғи жағдайда бақылау тестілеуге қарағанда әлде қайда мәнді деген ойлар да болды. Алдын ала жарамдылығы анық критерийлерді анықтап, арнайы мамандыққа бейімделген тестілерді жасау талап етілді.

АҚШ психологиялық ассоциациясы (АПА) 1975 жылы өз мүшелеріне арнайы есеп берді. Онда ақ және қара нәсілді адамды тестілеу кезінде олардың ақыл-ой қабілетінде айырмашылықтар бар екені көрсетілді. Қара нәсілді жеткіншектердің орташа нәтижесі ақ нәсілді балалардың орташа нәтижелеріне қарағанда бір стандартты ауытқуға төмен болғанын дәлелдеген.

Бұл өзгешеліктер бүкіл мектеп жылдарында тұрақты болып келеді, бірақ олар балаларды нәсіліне қарай сегрегациялаудың негізіне алынбайтын және осы нәсілдердің арасындағы генетикалық өзгешеліктердің дәлелі ретінде қарастырыла алмайды. АПА дағды, білім мен оқуды мақсат етуі арқылы анықталады деген интеллектіні жаңаша түсінуді ұсынды. АПА-ның есебі психологиялық тестілеу «нәсілге бөлушілікті мәңгілік ету үшін тариха квазиғылыми құрал болды... қара адамдарды кемсіті жолдарымен ақтардың эгоизмін күшейтетін қате мәліметтер үшін ор қазды» деген пікірдегі көптеген психологтардың қарсылығына тап болды.

Психологиялық тестілеуде 1974 жылы Векслердің балаларға арналған (WISC-R) шкаласы жарыққа шықты. Ғалымдардың бар күштері ақыл-ой қабілетін анықтауға бағытталған мәдениетпен жаңа критерийлерді жасауға жұмсалды. 1971 жылы Раймонд Кеттелл интеллектіге табиғи және жүре келе пайда болатын ақыл-ой қабілеттердің ара қатысын зерттейтін жаңа теориясын ғылыми көпшілікке ұсынды. Спирмен ойларын дамыту арқылы G-факторы екі жалпы фактордан құралады (ағымдағы және кристалынған ақыл-ой қабілеті). Ағымды ақыл-ой қабілеті тұқым-қуалаушылыққа негізделген тестілерінен, ал кристалданған ақыл-ой қабілеті ортаға социумге байланысты болғандықтан дәстүрлі тестілермен өлшенеді. Ганс Айзенк ақыл-ой қабілетін өлшейтін тестілердің 80% тұқым-қуалаушылыққа негізделген деді. Оның «ақыл-ой қабілетін өлшеу және құрылым» (The Structure and Measurement of Intelligence 1979) атты еңбегінде Гильфордтың идеясын қайталап, «IQ ыдырау» туралы жаңа мәлімет береді.

XXғ. жетпісінші жылдардағы жекелік сауалнамаларға **Д. Голдбергтің (1972) жалпы денсаулық сауалнамасы және Т. Миллонның клиникалық көп осьті сауалнамасы (1977)** жатады.

Голдберг сауалнамасының мақсаты: психологиялық саулықты, көңіл-күй тұрақтылығын өлшеу. «Өмір сапасын» өлшеуде қолдануға байланысты 28 тілге аударылған бір варианты тез әйгілі болды.

Миллон өзінің жеке теориясына сүйене отырып, сауалнамасында көңіл-күйдің бұзылуын (тұлғаға) протопип ретінде қарастырды, оның әр қайсысының көптеген түрлері бар. 1970 жыл мен 1980 жылдар аралығында психиканың бұзылуларды топтастырумен оның сәйкестенуіне мүмкіндік беретін әуелі DSM-III, кейіннен DSM-IV деген түрлер клиникалық психодиагностикаға белсенді түрде енгізіле бастады.

Психодиагностиканың клиникалық тармағында проективті әдістемелер кеңінен қолданылады, соның ішінде Хольттың (1971) айтуы бойынша осылар арқылы компьютерлік басылымдармен салыстырғанда біраз мәлімет алуға болады .

Әр түрлі конгрестерде, симпозиумдарда Роршах тестілерін бүкіл әлемдік зерттеуге пайдалануды насихаттау жұмысын Экснер жүргізеді.

Жетпісінші жылдары дамыған елдерде тесттердің компьютерлық версияларының бейімделген түрлері пайда болады.

Сонымен қатар бұл жылдары тестілеуге зейін аударуы төмендей бастайды. Мысалы, 1959ж. АҚШ-та клиникалық психологтар тесті арқылы психодиагностикалауға уақытының 44% пайдаланса, ал 1976 жылдары 24% дейін төмендеді. Оны психодиагностикадағы психотерапияның дамуымен байланысты деп түсінуге де болады.

1974 жылы Монреальда өткен қолданбалы психология ассоциациясының халықаралық конгресінде халықаралық тесті атты комиссия бекітіліп, оның құрамына 15 елдің өкілдері (қазіргі кезде оның құрамында 23 елдердің ұлттық психологиялық қоғам өкілдері) кірді. Сол жылы бірінші ІТС бюллетеннің

нөмірі шықты, бұл комиссияның жарғысы және негізгі ұйымдастыру құжаттары 1976 ж. және 1978 жылдары шықты.

Жетпісінші жылдары психологиялық тестілеу деген түсініктің орнына «психологиялық баға» деген түсінік пайда болды.

1970 Бурос атындағы психикалық өлшеу институты жекелік тестер бойынша (Personality Test and Reviews I) анықтамалық томын шығарды. Ал төрт жылдан кейін оның екінші томы Test in Print II деп аталды. 1975 жыл тест бойынша анықтама шығарудағы өнімді жыл болды деуге болады.

«Білімдігі және психологиядағы тестілеу стандарттары» (1974) атты басылым жарық көрді, осының негізінде ұлттық тестілері жасалынды.

**Сирил Людовик Барт** (1883-1971) Лондонда дүниеге келген. Оксфорд университетінің бакалавры (1907), магистрі 1909, докторы (1923). Оның көзқарасының қалыптасуына әсер еткен Ф. Гальтон. Барттың кәсіби іс-әрекеті негізінен Лондон университетімен байланысты болды, 1924-1931 жылдар аралығында педагогика саласының профессоры, 1931-1950 жылдар аралығында сол университетінің колледжінің психология саласы бойынша профессорлық қызметтерін атқарған. Ақыл-ойдағы тұқымқуалаушылықты зерттеу проблемаларымен айналысқан.

## **2. 7. XX ғ. 80 жылдарындағы психодиагностика саласының дамуына қысқаша шолу**

1981 жылы қазан айында American Psychologist атты журналы түгелімен тестілеуге арналған еді, онда ғылыми және практикалық зерттеулер үшін позитивті тенденциялар болды. Тест сандары көбейе бастады, бірақ диагностикалық әдістемелердің, соның ішінде проективті әдістемелердің жарамдылығы әлдеде болса көңіл толарлықтай емес еді. Осы кезде әйгілі тестілердің ішіне MMPI, WAIS, гештальт Бендер тесті, Роршах тесті, WISC, тиянақты ойды аяқтау тесті, ТАТ, адам суреті т.б. кіреді. Төмендегі кестеде, 1935 жылдан бастап 1982 жылдар аяғына дейін АҚШ-тағы кең пайдаланған тест тізімі көрсетілген

Тесттің атауы	Рангілік орны
Миннесоттаның көпаспектілі жекелік сауалнамасы	1
Ересектерге арналған ақыл-ой қабілетінің Векслер шкаласы	2
Гештальт-Бендер-тесті	3
Балаларға арналған ақыл-ой қабілетінің Векслер шкаласы	4
Роршах тесті	5
Тематикалық (тақырыптық) аперцепция тесті	6
Тиянақты ойды аяқтау тесті	7
Адам суреті тесті	8
Үй-ағаш-адам тесті	9
Пибода тесті	10
тиянақты ойды аяқтаудың Роттер тесті	11
Векслер бойынша ес шкаласы	12

Стэнфорд-Бине шкаласының төртінші версиясы психологтарды қызықтырды. Онда күрделенуіне байланысты 15 субтест орналасқан. Тест арқылы өлшеу қатысының мәні болған. Біртіндеп «ақыл жасы», «ақыл-ой қабілеті», «IQ» деген түсініктердің орнына жаңа түсініктер, «когнитивті даму», «жасқа байланысты стандартты ұпай» пайда болды. Зерттеу арқылы алынған «Шикі» ұпайлардың орнына **стандартты жас ұпай (СЖУ)** пайда болды.

Бұндай өзгерістер берді? Бірнеше сыншылардың айтуы бойынша 20 жылдық ақыл-ой қабілетін тестілеудің төмендеуін жеңуге талпыныс болды (Spuill, 1987). Стэнфорд Бине тестісінің жаңа версиясына СЖУ көрсеткішін

енгізу біршама жетістікке жеткізіп, басқа шкалаларымен салыстырғанда стандартты ауытқуы 16-ға тең болды.

СтЭнфорд-Бине шкаласының төртінші версиясы IQ-көрсеткіші сақтаушы ретінде негативті көңіл-күй зарядын бәсеңдетуге арналған. СЖУ көрсеткіші оқу арқылы ақыл-ой қабілетіндегі тұқымқуалаушылық пен жүре пайда болуы туралы сұрақтар (проблемалар) біраз уақытқа дейін басылды.

Ақыл-ой қабілетін зерттеуде Векслер шкаласы әрі қарай дами бастайды. Өзінің дүниеден кету кезінен аз ғана бұрын қайтадан жасаған WAIS (WAIS-R, 1981) шкаласы шықты. Ал, жаңа версиясы Wechsler Perschool and Primary Scale of Intelligence (WPPSI-R) атты түрі 1989 жылы пайда болды. Бұл шкала бойынша 3 жастан – 7 жас 3 айға дейін 1700 бала өтті, мұнда біршама өзгерістер енгізілді, бірақ негізінен шкала сақталынды.

Интеллекті тестілеуде Алабама университетінде «балаларға арналған Кауфманның бағалау батареясы» (Koufman Assessment Battery for Cildren, 1983) атты балалар ақыл-ойын өлшейтін батарея жасалды.

Кауфман балаларды интеллект коэффициент негізінде әр түрлі категорияға бөлуден бас тартты. Өзінің бағалау батареясында бала ақылының дамуын сипаттауда көп көрсеткіштерді пайдаланды, ал барлық когнитивті тапсырмалар автор баланың нені үйренген критерийі ретінде қарастырды.

XXғ. сексенінші жылдарының жетістерінің бірі бес томдық «Адамзат интеллектісі психологиясындағы табыстап» атты (Alvances in The Psychology of Human Intelligence) қабілетті айқындауға арналған басылым. Осы кезеңде жасалған оның интеллектінің иерархиялық моделі интеллекттер арасындағы қарым-қатынасы, бір жағынан таным процестерімен, индивид тәжірибесімен, екінші жағынан, ең соңында мінез-құлқымен түсіндіруге ұмтылды. Бұған қарамастан интеллектінің бұл моделі ашық түрде когнитивті сипатқа ие, ең маңыздысы, оның авторы мысалы Г. Айзенк зерттеулеріне тән интеллектінің психофизиологиялық редукциясын (қарапайым жойылып кетуі) сынға алады.

Психологтардың интеллект (ақыл-ой қабілетіне) проблемаларына зейін аударуларының нәтижесінде «Адамзат интеллекті бойынша халықаралық мәлімет беру бюллетені (Human Intelligence International Newsletter, 1980-1987)» атты басылымы шықты. Онда әр түрлі елдердегі білім саласындағы қорытындылар жарияланған. Бүгінгі күні тесттің маңыздылығы мен оның алатын орнын белгілеудегі ең маңызды оқиға (мектепте, ЖОО, жұмысқа қабылдау кезінде) екі томдық «Қабілеттерді тестілеу: оны қолдану аймағы, салдары және ой-пікір талас тұратын сұрақтар» (Ability Testing: Uses, Consequenses, and Controversies, 1982) атты кітап шығуы болды.

Жекелік сауалнамалар арсеналы толықтырылды. 1989 жылы MMPI – 2 психодиагностардың игілігіне айналды, өзі MMPI –ға ұқсас болғанымен бұл жаңа айқындау құралы болды. Оның жаңадан 15 шкаласы пайда болды (олар мазмұнды шкалалары деп аталған), әрқайсысында субшкалалары (жалпы саны субшкалалардың - 27) болған. Бұдан басқа да жаңалықтары бар болған. Ер адамдар мен әйел адамдардың бірдей қатыстырылуына және де аз ұлттарды да есепке алуға стандартталған. MMPI-2 әдістемесіндегі ой-пікірлер бүгінгі күнге бейімделер.

Осы жылдары жеке тұлғаға байланысты факторлық зерттеулер саны өсе бастады. Соның бірі- «үлкен бестік» атты Льюис Гольдберг, Наоми Такемото, Андре Комрея және Джерси Виггинстердің жеке тұлғалық бес факторлық моделі. Әрине, Терстоунның 1830 ж. және кештеу жарияланған Р. Кеттелл еңбектерімен салыстырғанда бұл модель анау айтқандай керемет болмағанымен, біраз психологтарды қызықтырды. Оған қоса Пауль Кост пен Роберт Мак-Гри өздерінің үш факторы модельдері (1976) нейротизм, экстраверсия және тәжірибеге деген ашықтық факторына тағы екеуін қосты: келісім беруге деген бейімділік және адал ниеттілік деген. Осы модельге негізделіп «**Үлкен бестікті**» атты диагностикалауға арналған алғашқы сауалнама жасалды.



Осы кезде тестердің компьютерлік версиялары да пайда болады. 1983-1984 жылдары 300000 тестік зерттеулердің өңдеу нәтижелері компьютер арқылы өткен.

1984 жылы тесттерге байланысты «тестерге деген сын» (Test Critiguers), анықтамалық басылым шықты соңынан 1994 жылы ол он томдық болып шығады .

1985 жылы АҚШ психология ассоциациясы (1985) «психологияда және білім саласындағы тестілерге арналған стандарттарды» қайтадан жөндеп шығарды, онда диагностикалық қызметтің нормативті – құқықтық негізі жетілдірілген.

## **2. 8. XX ғ. 90 жылдарындағы психодиагностика саласының дамуына қысқаша шолу**

1992 жылы психикалық өлшеу жылнамасының 11 нөмірінде 477 коммерциялық тестілер жарияланған (олар мамандарға сатылуға арналған тестілердің зерттелуге деген тестілерден айырмашылығы бар). Оның 28,3% жеке тұлғаны зерттеуге арналған, 4,6% интеллекті зерттеуге бағытталған. Тесттердің ішінде ақыл-ой қабілетін зерттеуге арналған Векслердің түрлі әр жасқа арналған Векслер шкаласы танымал болды. 1991 жылы оның шкаласы жетілдіріліп балаларға арналған (WISC-R) , ал (WAIS-III) 1998жылы ересектерге арналған реакциясы шықты.

Р. Кауфман мен Н. Кауфман интеллектіні өлшеу үшін жаңа тестерді жасайды. Олар: 1990 жылы **«Кауфманның қысқаша интеллект тесті»** жарық көрді, ол 4 жастан – 90 жасқа дейінгі диапазонда зерттеуге арналған бір вербалды және бір вербалды емес субтестерден құрылған. 1993 жылы олар тағы да **«Кауфманның жеткіншектер мен ересектерге арналған интеллект тестін»** шығарды. Мұнда әр түрлі қызықты тапсырмалар болған.

АҚШ-тағы **«Британдық қабілет шкаласы»** қайтадан қарастырылып, версиясы кеңейтіліп **«Дифференциалды қабілет шкаласы»** деп аталып, оны Эллиотт 1990 жылы жариялады. Бұл жерде автор арнайы қабілет деген түсінікті

қолдап, интеллект деген сөзді шкаласында пайдаланудан бас тартады. Шкаласының теориялық негізделуі эклетикалық (әр түрлі қарама-қарсы психологиялық көзқарастарды, теориялық алғы шарттарды, тұжырымдамаларды қалай болса солай дәйексіз қоса салу) сипаттама болды; бір параметрлік «тапсырма жауап» типті моделін қолданды. Бұл шкалалар психометриялық жаңалықтарының көптігіне байданысты нәтижелер өңдеу мен өткізудің өте күрделілігімен сипатталады, ал бұл оның таралуына кедергі келтірді.

Таным іс-әрекетін өлшеуге деген жаңа көзқарас Дж. Дас пен Наглиери (1997) «Когнитивті бағалау жүесі» атты еңбегінде көрсетілді. Тестке кіретін когнитивті статусты анықтайтын тапсырмалар мектептегі оқытуға тәуелді емес негізгі танымамдық қызметтерді өлшеуге арналған. Авторлық интеллект моделінің құрамына төмендегілер кірді. Олар: жоспарлау, зейін, симульантты және суксессивті түрде мәліметтерді жөндеу.

Сәбидің таным іс-әрекетін бағалау да назардан тыс қалған емес, оған дәлел төмендегі екі тесті **Фэгеннің «Сәби интеллект тесті»** (1992) және **«Сәби және балалық шақ кезіндегі дамуын бағалау»** атты екі тесті (1995). Сонымен қатар 20 жылдық зерттеулер «Адамзат интеллект энциклопедиясында» (1994) жарық көрді.

АҚШ психология ассоциациясының Psylit атты лазерлы дискісінде төмендегі мәліметтер берілген: 1990 жылдың қаңтар айынан – 1996 жылдың маусым аралығында.

Жекелік сауалнама атауы	Мақала саны
Бектың депрессия сауалнамасы	1337
Қасиет және күй ретінде үрейлілікті өлшеу сауалнамасы	809
MMPI-2	772
Айзенк (EPQ) сауалнамасы	571

Жалпы денсаулық сауалнамасы	539
Айзенк (ЕРІ) сауалнамасы	394
Жекелік 16 факторлы сауалнамасы	322
Миллионның (I,II,III) сауалнамасы	287

1992 жылы ММРІ тестісінің жеткіншектерді тексеруге арналған ММРІ-А варианты жасалды. Бұл сауалнаманы 1989 жылы 14 жас пен 18 жас аралығындағы 805 ұл, 815 қыз баланы іріктеуге стандартталды. Сауалнамаға төрт жарамдылық шкаласы мен алты қосымша жаңа шкалалар енгізілді.

XX ғ. тоқсаныншы жылдарында индивидуумның мінез-құлқын әр түрлі жағдайда зерттеулер жалғасты. Олардың ішінде **стресстық жағдайдағы мінез-құлқын талдау**, оларға тән арнайы айқындау құралдары да жасалынған. (мысалы, **қорғау механизмінің және сабырлы болу** т.б. бағалауға арналған).

Проективті тестілердің де беделі өсті. Жаңа түрлердің пайда болуымен бірге Роршахтың тесті бойынша түсіндірмені беру жолында. Дж. Экснердің ұсынысы жиі қолданылады. Ол 5 жас пен 16 жас аралығында 1390 баланы және 700 қалыпты ересек адамдарды зерттеу арқылы нормативті мәліметтерді жариялады. Роршахтың тестісі бойынша атақты маман Ирвинг Вейнер соңғы жиырма жылда бұл атақты әдістемеге жеке тұлғаны бағалаудың психометриялық ретінде қарайтын болсақ, оны қолдану көптеген негізді түйіндер жасауға мүмкіндік беру жағынан стандартты және сенімді әдістеме деп атап көрсетті. Роршахтың тестісіне және проективті басқа да әдістемелерге байланысты кезекті конгрестер (ХІҮ – 1990 ж., ХҮ-1966 ж., ХҮІ-1999 ж. Амстердам қаласында) өтті. Проективті әдістемелердің 23-ші томы 1999 жылы жарық көрді.

Проективті тестілерді және жекелік сауалнамаларды қолданудағы салыстыруларға келсек, онда АҚШ-та 1990 ж. психолог кеңесші даярлау бағдарламаларында кезінде «объективті» жеке тұлғалық бағалауды, ал 32% - проективті тренингтерді қолданған, «объективті» жеке тұлғаны бағалауда

ММРІ әдістемесін, Калифорниялық психологиялық сауалнамасын және Кеттел сауалнамасы, проективті жеке тұлғаны бағалауда Роршах тестін, ТАТ және аяқталмаған сөйлем (тиянақты ойды білдіретін бір я бірнеше сөздердің грамматикалық тобы) әдістемесі қолданылған.

XXғ.тоқсаныншы жылдардың басында тестілеуде компьютер кеңінен пайдаланады. Психикалық Бурос институтының мәліметі бойынша 1965 жылы төрт тест болса, 1990 жылдары – оның саны 400-ге жуық болды. Ал 1990 жылдардын аяғында компьютерлік тесттерге деген қызығушылық төмендей бастауының бір себебі олардың сенімділігі мен жарамдылығына байланысты прблемалардың тууынды емес, көптеген психологтардың бұл жұмысты диагностардың міндетті деуінде.

Буростың психикалық өлшеумен орталығы 1920 жылы тестілеудің әр бағыты бойынша кезекті жобасын жариялай бастайды, ал 1994 жылы мектептегі психикалогиялық бағалауға арналған том шығарылды. 1998 жылы «Психикалық өлшеу жылнамасының » 13-ші басылымы шығады, онда 370 жаңа тестілер жарияланған, оған қосымша Test in Print атты (1999) екі томдық шықты. АҚШ-та мемлекеттік органдардың тестке деген қызығушылықтары 1993 жылы тестілеу мен бағалау бойынша кеңес құруға әкелді. Жалпы психодиагностиканың ғылым ретінде даму жолының биік шыңына жетті да, қатал сыннан да өтті. Жаңа мыңжылдыққа бұл ғылым барлық психология тәрізді көптеген шешілмеген, бірақ оларды шешу мүмкіндігіне негізгі түрде сене отырып қадам басты.

### **3.Білім саласындағы тестілеу**

Алғашқы Еуропалық мектептердегі үлгірімді тексеру туралы мәліметтер 1200 жолмен көрсетілген. Сол кезде Болоньи университетінде философия саласының докторлық дәрежесін алуға байланысты бірінші рет ауызша емтихан өткізген. Емтиханды бір аптадай тавернеде (ішкіліктен сауда жасайтын шағын трактир) тапсырған, сондықтан ол жерде ұрыс, төбелес те

болған. Сөйтіп, 500 жылдай осындай ауызша емтихан академиялық үлгірімнің көрсеткіш «тесті» болған.

1700 жылы Кембридж университетінде магистр дәрежесіне ие болу үшін ауызша емтихан енгізілген. XIX ғ. басынан бастап Европада көпшілік жазбаша емтиханды мақұлдайды.

Ал, 1945 жылы бірінші жазбаша емтихан АҚШ-та Массачусетсте енгізіледі. 1960 жылдардың басында Англияның мектеп директоры Джордж Фишер оқытудағы үлгірім стандарттарының қажеттілігін түсініп, «бес» деген баға төменгі меңгеру дәрежесінің иесіне, ал бір жоғарғы меңгеру дәрежесіне математика, навигация (кеме жүрудің, француз тілі, жалпы тарихы, сурет т.б. пәндерге қойылсын деген.

Көпшілікті мектепте тестілеуді алғашқы қолданған американ дәрігері және психолог. Дж. М. Райс (1857-1934). Ол дұрыс жазу ережесін тексеру үшін үш тестіті енгізіп, АҚШ-тың 21 қаласында, 4-8 сыныптағы 33000 оқушыны бақылап 1897 жылы оны қорытындылай келе былай деген : «Дұрыс жазу ережесіне баланы оқыту қажет емес, ең маңыздысы оның ақылын дамыту». 1902 жылы Райс математика пәнін меңгеруді өлшеуге тест құрастырған, 7 қаладан, 18 мектептен 4-8 сыныптың 6000 оқушысы қатысқан. Келесі жылы тілді меңгеруіне байланысты тест құрастырады, онда берілген әңгіме бойынша баллдың шығарма жазу қажет. Бұған 9 қаладан 8000 оқушы қатысты. Сөйтіп 5 балдық бағалау жүйесін ұсынды, бірақ оны ешкім қолдаған жоқ. Сондықтан білім саласының өлшеуін енгізген Э. Торндайк деп есептелінді. Ол Фокс екеуі бірлесіп 1903 ж. «Образовательная психология» (Educational Psychology) атты кітабында оқудағы жетістікті бағалауға арналған тесттерін ұсынған. Оның мақсаты: арифметикалық операцияларының өзара қатынасын зерттеуге арналған. Осы кітабы арқылы психологияның жаңа саласы пайда болады, ол білім психологиясы, онда өлшеу проблемаларына да орын берілді. Оның негізінде Торндайктың классикалық еңбегі (1904) «ақыл

және әлеуметтік өлшеу теориясынан кіріспен» (Введение в теорию умственных и социальных измерений) жарық көрді.

1909 жылы желтоқсан айында Торндайк өзінің «қолтаңба шкаласы» (Шкала почерка) еңбегін жариялады, ол білім өндірісін өлшеуге арналған. Ол сапасына бойынша әр түрлі деп сарапшылар топтастырған қолтаңбаларды жинастырды.

Торндайктың оқушысы С.Стоун 1909 жылы «Стоун стандарттаған тестілері» (Стандартные тесты Стоуна) атты еңбегін арифметикалық тесттілер кірді. Оның басқа оқушысы С.А.Куртис өзінің 1909 жылы жасалған тестін жетілдіріп, 1914 жылы «арифметикалық тест сериясы» (Серия арифметических тестов) атты В сериясын ұсынды.

1910-1911 жылдары Нью-Йоркта ақысыз мектептерді тексеру кезінде 30000 оқушылардың үлгірін өлшегенде негізгі құралы ретінде Куртис тестілері пайдаланылды, бұл тесттер, Бостонда, Кливленде кеңінен де қолданылған.

Торндайктың тағы бір оқушысы Торндайктың Б. Р. Букингем. 1913 ж. өзінің дұрыс жазу ереже шкаласын жазады. Онда 50 сөз күрделілігіне байланысты жазылуы тиісті болды. Шкалада 125 қосымша сөздер де болды. Шкала бойынша оқушының жетістігі оның қиын деңгейлігін өлшеу арқылы дұрыс жазу ереже қабілеттілігін анықтағанынан көрінеді.

Букингем тестісінің негізгі болған осы қағиданы ескере ала отырып білімді өлшеудің әр түрлі саласында түрлі тесттер жасалған, олар: С.Вудидың математикалық операцияларға; Х. Г. Хотстың – алгебраға; Хенмонның және Х. А. Браунның – латын тіліне; М. Р. Трабудың – тіл біліміне, М. Д. Ван – Ваганның тарих бойынша жасаған тестілері.

«Білімді зерттеудің ұлттық қоғамының 12-ші жылнамасында» мектептерде ресми түрде тестілерді қолдануға ұсыныс (1913) берілген. Мектеп жетекшілері тез арада статистикалық әдістерді пайдалана бастайды. Білім саласында университеттерде статистикалық әдістер туралы арнаулы

курстарды оқи бастайды. Негізгі оқулық ретінде олар (1913) Торндайктың кітабын «Ақыл және әлеуметтік өлшеу теориясына кіріспе» атты еңбегін пайдаланды.

Мектеп жұмысын зерттеуде қала және төңіректегі мектеп департаменттерінде, мемлекеттік оқыту бөлімшелеріне, университет орталықтарына «Білім зерттеу бюросы» ашылып, мектеп аймағындағы өлшеу прогресін қамтамасыз етті. Бұл бюрода жаңа тестілер жасалынды, олар стандартталды. Мектеп басшылары, мұғалімдер тестілерді пайдалану техникасымен танысты. Ашбоның айтуынша (1916) әйгілі бір тестін 900000 копиясы таратылған, бір жылдың ішінде 100000 данасы сатылған әр елдерге. 1918 жылы В. С. Монро үлгірім өлшеуіне арналған 109 стандартталған тест тізімін ұсынған, оның ішінде 84-і бастауыш мектептерге, (8-ші сыныпқа дейін), 25-і жоғары сыныптарға арналған. Бастауыш мектептің біраз тестілері математика пәні бойынша жетістіктерді өлшеуге арналған, біреуі ғана сурет сабағын үйрету тиімділігін бағалауға арналған.

Жоғары сыныпқа арналған тестілер тілдерді меңгеруге байланысты болған. Білім психологиясының көшбасшысы ретінде ақыл-ой қабілетін өлшеу болды. 1918 жылы Торндайк төмендегі қағиданы ұсынды: Адамның өзгеруі оқытумен байланысты; өзгеруі екі жағдаяттың айырмашылығында; әр жағдаяттың жалпы өнімділігі бізге айтқан сөзі, жасаған әрекеті, істеген заттары бойынша белгілі. Әр өнімділігінің санын анықтаймыз, соған байланысты өлшеуге дейінгі оның шамасын біле аламыз.

Бүгінгі күні білім тестілерін жалпы жетістікке жету тестілері және нақты пәндер тестілері деп болуға болады. АҚШ-та стандартталған пәндік тестілер мол. Оған қоса бағытталған критерийлі әдістемелер де пайдаланылады.

#### **4. Төңкеріске дейінгі Ресей және ССРО-дағы психодиагностика**

Психологиялық тестілеудің қалыптасуы және дамуы Ресей психологтарының назарынан тыс қалмады. Төңкеріске дейінгі Ресейде ХХ ғ.

басында тестілер пайда болды және ол кең түрде таралды. Педагогтар тестілерге ерекше қызығушылық танытты, өйткені олардың көмегімен оқушылардың дарындылық көрсеткіші және тұлғалық ерекшеліктері туралы мәліметтер алуға, психикалық дамуды диагностикалау мен жорамалдар жасауға болады деп есептеді. Оқушыларды эксперименталды психологиялық (тестілеу) зерттеу үшін мектептерде кабинеттер ұйымдастыру әрекеттері жасалды. Психологияның дамуындағы жаратылыстану ғылыми бағытын жақтаушылар (А. П. Нечаев, Н. Е. Румянцев, Г. И. Россалимо ж.б.) тестілерге өте үлкен үміт артып және тестілеу идеясын таратуға белсенді қатысты.

1917 жылға дейінгі Ресейдегі психологиялық тестілеу бойынша жүргізілген жұмыстар бірінші кезекте белгілі психиатрлар мен психологтар Г. И. Россалимо және Ф. Е. Рыбаковтың есімдерімен байланысты. 1908 жылы **Григорий Иванович Россалимо** жалпы қабілеттердің даму деңгейін өлшейтін шкаланы жариялап және ол психодиагностика тарихында **«психологиялық профильдер»** деген атпен белгілі болады. Г. И. Россалимо тест құрастыруда эмпирикалық жолмен жүрген жоқ, ол жеке тұлға мен интеллект құрылымы туралы теориялық түсініктер жүйесін жасады. Өз тестісінің негізгі мақсаты нормаға сай дамыған әр түрлі дәрежеде ақыл-ой кемістігі бар балалардан өзгешелеу критерийлерін айқындау деп есептеді (А. Бине зерттеулеріненде қара). Бұл мәселе сол кездегі психологиялық тестілеу үшін жаңа тесті түрінде жүргізілді және 11 субтестерден құралды (субтестілер бес топқа бөлінген 11 психикалық процестерімен айқындалды: зейін, қабылдаушылық, ерік, есте сақтау, ассоциативті процестер) және алынған мәліметтер профиль түрінде көрсетілді. Тапсырмалар сыналушыларды (балалар, зиялы ересектер, зиялы емес ересектер) категориясына байланысты өзгешеленді. Алғашқы рет профильдің графикалық тілдің арифметикалыққа көшіру формуласы да ұсынылған болатын. «Профильдер» ғылыми қауымдасқандықтың бағасына ие болды және бірнеше тілдерге аударылды.



Ф. С. Рыбаковтың кеңістікті қабылдаудың даму деңгейін айқындауға арналған тестісінің де маңызы зор болды. **«Рыбаковтың фигуралары»** көпшілікке тез таныла бастады, осыған ұқсас осы кезге дейін қолданылатын. Мысалы, 1955 жылы Р. Мейли ұсынған интеллект тестісі сияқты көптеген тестілер жасалуда. Ресейдегі төңкеріске дейінгі барлық тесттік жұмыстар өз отанында кең тарамағанмен, бірақ шет елде қолданылып және дами бастады (көбінесе басқа атаумен).

Дәл шет елдегі сияқты Ресейде сол кезде тестілерді дұрыс бағалау және барлық елдерде психологиялық тестілеуді дамыту туралы үндеулер осы зерттеулердің әлеуметтік мәнін көрсетті.

1912 ж. Г. И. Челпанов «психологиялық тестілердің ғылыми мәні бар, олар тек ғылыми зерттеулер үшін ғана қолданылуы керек, бірақ практикалық мақсаттар үшін емес» деген. Психологиялық институттың негізін қалаушы және алғашқы жетекшісі Г. И. Челпанов тестілер тұлғалық жеке ерекшеліктері туралы ғана білім береді. Сондай-ақ, бір мезетте емес-тестілеумен қамтамасыз етілмейтін ұзақ мерзімдік зерттеуді қажет ететіндігін айтты.

Кеңестік дәуірде 1920-1930 және педалогия мен психотехникада тестілеу практика жүзінде қолданыла бастайды. Тестілер бәрінен бұрын оқу-тәрбие мекемелерінде кең түрде қолданылады. Психологиялық тестілеу аумағында М. Я. Басов, М. С. Бернштейн, П.П.Блонский, А.П.Болтунов, С. М. Василейский, С.Г.Геллерштейн, В. М. Коган, Н. Д. Левитов, А. А. Люблинская, Р. И. Россолимо, И. Н.Штильрейн, А. М. Шуберт және өзгеде зерттеушілерде қызмет атқарады.

Украинада А. М. Мандрык және М. Ю. Сыркин өздерінің жаңашылдық зерттеулерін жариялайды. Олардың жұмыстарындағы негізгі назар психологиялық тестілеудегі қолданбалы статистиканың теориялық аспектілеріне (Мандрык, 1931), сондай-ақ тестік сынақтардың дәлдік критерилеріне және әлеуметтік факторлармен сәйкестілігі (Сыркин, 1929) қарастырылады. Әсіресе, Л. С. Выготскийдің үлесін айта кету керек. Осы

атақты психолог жасаған психологиялық диагноз, оның ерекшеліктері мен кезеңдері туралы ілімі мәнін осы күнге дейін жоғалтқан емес.

Осы жылдардағы көптеген идеялар мен жұмыстар әлемдік деңгейге сәйкес келіп қана қоймай, оны басып озды. Сол уақытта да индивидуалды өзгешеліктерді өлшеу құралдары туралы күрделі пікірсайыстар жалғасты. Көптеген сынаушылар тестілердің теориялық негізделуінің жоқтығын атап айтады да, олар «бирюльни» ғылым тәріздес ойынға айналып қалай ересектердің де, балалардың да өмірін бұзады дейді. Тестіге қарсы болғандар арасында К. Н. Корнилов, А. В. Залкинд, С. С. Моложавый, Н. К. Крупская секілді белгілі психологтар мен педагогтар болды. Сол мезгілде бірнеше айларда интервалмен (1927), елдің ғылыми және педагогикалық қоғамы бір мезетте кең түрде тестілеуді практикада қолдану (I педологиялық съезд), ал келесі мезет тестілерді жаппай қолдану қажет емес деп мойындайды (НКП РСФСР) педагогикалық студиясында оқушылардың үлгірімін бағалау туралы.

Пікірталастар мен тестілеуде атақты ЦК ВКП (б)нің 1936 жылы шілденің 4 жұлдызындағы «Халық ағарту комиссариаты жүйесіндегі педологиялық қателіктер туралы» қаулысында кейін тоқталған еді.

Осы қайғылы да танымал қаулыда шындығында не жайында жазылды екен. Олардың 65 жыл бұрын көрсетілген негізгі қағидаларымен танысайық.

Қаулыда педологтар практикасы мен мектеп сабақтарынан толық түрде бөлек жүргізіліп, негізінен жалған ғылыми эксперименттерге және оқушылар арасында бұрыннан да қарсы пікір айтқанымен де және зиянды анкеталар, тестілер түрінде сансыз мөлшерде зерттеулер жүргізілуде. Көптеген оқушылар мен олардың ата-аналары арасында жүргізілген бұл ғылыми делінген «зерттеулер» оқушылардың үлгірушілік режимін игере алмаушылыққа бағытталды және мақсатты ретінде педологияның «ғылыми», «биоэлеуметтік» көзқарасына сай оқушының үлгермеушілігінің немесе оның мінез-құлқындағы кейбір кемістіктердің тұқым қуалаушылық, элеуметтік айқындалуын дәлелдеуге, оқушының, оның отбасының, туыстарының, ата-бабаларының,

қоғамдық ортасының жағымсыз әсерлерін паталогиялық ықпалдарын танып, қалыпты мектеп ұжымынан шығару үшін сылтау табуға тырысты.

Осы мақсатта ақыл-ойдың дамуы мен оқушылардың дарындылығын тексеруге арналған көлемді жүйе әрекет етті, буржуазиялық педологиядан кеңестің негізгі сын көзбен қарамай-ақ ауыстырылған кеңсе мектебінің міндеттерімен әрі қарапайым түсінікке де лайықты емес тек оқушыларды келеке ету болып табылады дейді 6-7 жастағы балаға стандартты казцистік сұрақтар қойылды, осыдан кейін оның «педологиялық» деп аталатын жасы және оның ақыл-ой дарындылығының дәрежесі анықталды. Осының бәрі көп мөлшердегі балалардың ақыл-ой кемістігі бар кемтар және «қиын» балалар категориясына бөлінуіне әкеліп соқтырды.

Құжатта «педология өкілдеріне зиянды жалған ғылыми көзқарастарды насихаттауға және балаларға жасалатын сенімсіз эксперименттердің кең тарауына жол берілді» делінген. ЦК ВКП (б) педологтардың жалған ғылыми антимарксистік жағдайларға, негізделгенің мойындап, олардың теориясы мен практикасын сынады, педологтардан жалған ғылыми қағидасы мен көзқарастарын жоюды талап етті. Қаулының бір бөлімшесінде «мектептердегі педологтарды және педологиялық оқулықтарды жою қажет делінген». Қаулының психологиялық тестілеуге қатысы бар маңызды жағдайлары осындай.

Көрініп отырғандай, тестілерге берілген біршама «қиын» сын ескертпелер негізінен оның көмегімен көп балалардың ақыл-ой кемістіктері бар қатарға жатқызылуы еді. Сол уақытта өсіп келе жатқан ұрпақтың интеллектуалдық дамуы мәселелесі қалай жүрген екен? 1920 жылы жүргізілген диагностикалық зерттеулерден балалардың интеллектуалдық даму деңгейінде ұлттық және әлеуметтік өзгешеліктер болады деген нәтижелер алынған. Өзбекстандағы балалардың интеллектісін зерттеу мәселесі кең түрде танымал болған еді. Өзбекстандық балалардың интеллектуалдық деңгейі орыс және Украина оқушыларымен салыстырғанда төмен екендігі айқындалды. Бұл балалардың

интеллектуалдық жетілмей қалу себептері қиын әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен, әсіресе, физиологиялық дамудағы ерекшеліктерімен түсіндірілді. Орта азиялық балалар ғана емес, сонымен бірге славяндық жұмысшы және шаруа балаларының да интеллектісі төмен дәрежеде болған.

1920 жылдың соңындағы сәйкес тексерулер кеңес оқушыларының IQ-і американдық оқушыларға қарағанда 7%-ға төмен болған. Сондай-ақ IQ жұмысшы балаларына қарағанда қызметкерлердің балаларында жоғарырақ, ал ең төмен IQ-шаруа балаларында екендігін анықтаған. Жұмысшылар мен қызметкерлердің балаларының интеллектісінде айырмашылық тұрақты сипатта болды. Егер бұған қоса жұмысшы – шаруа ортасынан шыққан ересектердің интеллектісін зерттеу барысында IQ-дың жоғары емес екендігі белгілі болды, ал дарынды зиялылардың тегі дворяндар, діни өкілдер мен көпестерден шыққандығы анықталды да дәл осындай зерттеулердің нәтижесінен шыққан таптық идеологиялық реакциясын елестету қиын емес.

Кеңес кезіндегі ғылыми әдебиеттерде жоғарғы партиялық инстанциялардың араласуына бір ғана түсінік берілді, өнеркәсіптерде және халыққа білім беру саласына жиі тестілерді қолдануды басқарусыз қолдану мәселесі оқуда, тәрбиелеуде күрделі қатерліктерге әкелді және әр түрлі мамандықтар бойынша жұмысшыларды топтауда да кедергілерге соқтырды. Туындап келе жатқан тестоманияның зияндығына байланысты қаулы қабылданды және «тестілеудің» тоқтауына кеңес психологиялық ғылымдарының әрі қарай жемісті дамуы үшін жол ашылған еді (М. Г. Ярошевский, 1950).

Сонда да «тестілеу» аумағындағы барлық жұмысқа тыйым салу не үшін керек болды?

Тестілер жаңадан қалыптасқан таптық интеллектісі деңгейінің жеткіліксіздігін тапқаны үшін бе? Рас, психологиялық тестілеудің теориясы практикадан қалыс қалды, сондай-ақ, тестілер психологиялық дайындығы жоқ адамдардың қолына түскенді . Тестілеу практикасындағы қателіктер тест

кемшілігімен сәйкес қабылданды. Бірақ тестілеуге тыйым салудың негізгі себептері бұл емес.

I Бүкілодақтық педологиялық съезде (1927) К. Н. Корнилов былай бастаған: «сіздерден сұрауға рұқсат етіңіздер, тестілерді не үшін қолданды? Егер осылардың барлығы Батыста жүргізілсе, онда кеңес мектебінде іс басқаша, өйткені, біздің өмірімізде біз интеллект факторын Батыстағыдай жоғары бағаламаймыз. Бізде Интеллектуалды дарынды адам: өмірге қажетті дегенді білдірмейді». Неліктен тестілер қажетсіз болып қалды деген сұраққа жауап, бұл жерде автордың еркінсіз-ақ беріліп отыр.

Буржуазия балалары еңбекшілердің балаларына қарағанда жоғарылау интеллектуалдық көрсеткішті беретіндігі әрдайым «дәлелдейтін» интеллект тестілері туралы сөз қозғалып тұрса да, осы айтылған мәселе индивидуалдық өзгешелікті өлшеуге арналған кез келген әдістемеге таратылуы мүмкін.

Психологиялық тестілер қоғамда (немесе оның атынан) ғылыми критерийлерден басқа. Мысалы, оның мүшелерінің сол немесе басқа қызметке қабілетін анықтайтын критерийлер табылғанда ғана қажетсіз, зиянды болады. Мұндай критерийлер ретінде тапқа, партияға, басшылыққа (лидерге) деген адалдық, өткен өмірінде билікке қарсы тұру болып табылады. Сондықтан да кеңес психологиясы тарихында **«тестілер мәселесі әрқашанда психология ғылымдарының әдіснамалық қарулануындағы өткір мәселелердің бірі болады»**, - дейді Леонид Фокич Бурлачук.

Ең қызықтысы өзге әлеуметтік жағдайларда жұмыс істейтін американдық психолог О. Брим АҚШ-тағы тестілерге қатысты негативті бағдарлардың себептерін талдап, ғылымға қатысы жоқ екі себепті көрсетті:

Біріншісіне – кез келген әлеуметтік өзгерістерге қарсы тұратын өктемдігі типтегі өкілдерін жатқызады;

Екінші себеп қоғамның әлеуметтік құндылықтар жүйесінде қарастырылуы.

Тестілерге деген позитивті қатынастың кепілі - қоғамның оның өз мүшелерінің арасындағы бәсекелестікті қолдау принципі, жетекші ролді өте талантты адамдарға беруге негізделген қағида.

Психотехниканы жою және «педологиялық қателіктердің» психология ғылымына үлкен шығын әкелгені мәлім, тек биология мен кибернетиканың жоғалтқандарымен салыстырып қарасақ та белгілі. 1930 жылдары зерттеулердің психологияны практикамен байланыстыратын бағыттары жойылды.

Психологиялық тестілер туралы кеңес психологтары қорқынышты түсті ұмытқандай есте қалдырғылары келмейді. Педология мен психотехника саласына жұмыс жасаған, 1930жылдардың ортасында із-түссіз жоғалып кеткен көптеген психологтардың тағдыры бүгін ғана белгілі болып отыр. Көптеген ғалымдардың белгісіз жағдайда жоғалып кеткенін білеміз.

Соның мысалы ретінде И.Н.Шпильрейннің тағдырын алсақ та жеткілікті. Айталық 1935 жылы ол антикеңестік өкіметке қарсы қызмет етті деген айыптаумен тұтқынға алынды. Ал 1937 жылдың желтоқсанында атылды.

Соғысқа дейінгі кезеңде (1935-1941) және одан кейінгі 20 жылдан артық уақыт кеңестік психология индивидуалды-психологиялық өзгешеліктер және оларды өлшеуге байланысты барлық зерттеулерден қашқақтады.

1960-1970 жылдар аралығында Кеңес психологиясында, шетелдік психологияға қарсы, бәрінен бұрын ақыл-ойдың дамуын диагностикалауда қолданылған «сапалық бағыт» дамиды.

Сапалы диагностика салыстырмалы тар айналымын шешу үшін жеткілікті түрде тиімді болғанымен, яғни практиканың сұраныстарына бейімделмеуімен тестілердің орнын баса алмайды.

Кеңес психологиясындағы тестологиялық зерттеулердің қайта өркендеуінің дәл уақытын да көрсетуге болады. 1969 жылы наурызда ССРО психологтар қоғамының орталық кеңесінде психодиагностика психология ғылымының нашар дамыған бағытының бірі екендігі мойындалды. Бірақ бұған

буржуазиялық тестілер принципіалды түрде қолдануға болмайтындығын дәлелдеген және марксистік қағидалар негізінде диагностикалық әдістемелер шығаруға шақырған кеңес ғалымдарының еңбектері жариялана бастады және психологтарға ЦС ОП ССРО шешімі көптен күттірген «тестілер рұқсат берген» ресми құжат қабылданған еді.

«Тестілерге рұқсат беру» кезеңіне дейін тек олардың жағдайсыздығын дәлелдегендердің дауысы ғана шықпады. Кеңес психодиагностикасының дамуында Ленинградтық мектептердің үлесін ерекше атау қажет. Б. Г. Ананьевтің жағынан көрсетілген белсенділіктің арқасында, Ленинградтық психологтар жетекшісі, басшысы болған Б. Г. Ананьев басшылығымен тестілер психологиялық зерттеулердің ішінде тең құқылы орын ала бастайды. Оның жетекшілігімен іске асқан кешенді зерттеу жобасы, интеллект тестілерінің тұлғалық сауалнамалары және сол кездегі психологтарға аз танымал диагностикалық құралдарды қолдануды талап етті.

Бехтерев негізін қалаған психоневрологиялық институт та осы мәселелерден шет қалған емес. Осы ғылыми мекемелердегі психологтар және психиатрлар жұмысының арқасында елдің психологиялық қауымдастығы көптеген шет елдің әдістемелерімен ғана емес, сонымен қатар олардың көмегімен жүргізілген алғашқы клиникалық-психологиялық зерттеулермен танысуға мүмкіндік алды.

Осы уақыт жайында айтқанда ең басында психологиялық тестілеу немесе тестологиялар емес, ал негізінен психодиагностикалық зерттеулердің дамуы кеңес ғалымдарының алдына қойылды. Дәл осы терминнің қолданылу себебі жайындағы сұраққа жауап беру қиын. Оның саналы талдауымен «дыбысты үндестігі» сандық бағытқа ие болған және көп уақыт бойы қауіпті болған тестілеу мен тестологиядан өзгешелеу болуды қажет етуі еді. ССРО-дан кейін «психодиагностика» термині сол кездегі социалистік мемлекеттердің біразында қолданылады.

Тестілердің қайта оралуы маркстік психодиагностиканың пәні, психология ғылымы жүйесіндегі алатын орны, қағидалары мен әдістері туралы, шетелдік тәжірибеге қатынасы жайындағы пікірсайыс шеңберінде болды. Бұл пікірсайыстарда тестілерді психологиялық зерттеуге зор роль берілді. Бұл психологтардың бірнеше ұрпақтарының санасында «тесті» сөзін «буржуазиялық» және «күмәнды» сын есімдерімен байланысты болды; жақсы жағдайда диагностикалық әдістемелердің «соқырлығын» меңзеді және мықты дәлелденген ғылыми негіздегі болмайтындығын түсіндірді (Б.М.Теплов, 1960, 1963).

Тестілерді сынау, олардың диагностикалық мүмкіндіктерін «педологиялық қателіктермен» күрес позициясы бойынша әрі әдістемелік (идеологиялық деп оқы) мүмкіншілігі жоқтығы үшін негізсіз кінәләу тұрғысында жүргізілді. Психикалық құбылыстарды диагностикалаудағы «сандық бағыт» ұстанған ең дұрыс деп саналды «саналық бағытқа» кейде қарсы да қойылды. «Тестілеу» деген терминнің өзі идеологиялық диверсия деп ұғыныла жаздады ғылымға оған жат көзқарастар мен тұжырымдыларды әкелу әрекеті деп түсінілді. Осыдан тестілердің мәнін түсіне отырып кейбір ғалымдардың (мысалы, К.К.Платонов,1972) тестіні тестілеуден бөле қарауы түсінбестік тудырды.

Тестілер туралы пікірсайыстар 1970 жылдардың ортасына дейін жүрді және 1980 жылдары азая бастайды. Психолог-практиктерді, ал олардың саны бітіндеп өсіп келе жатты, оларды тестілердің идеологиялық тазалығы мәселесі ғана емес, сонымен қатар олардың мектепте, клиникада, спортта, адамның тіршілік әрекетінің барлық саласында қолданылу мүмкіндіктері қызықтырды. Сондықтан пікірсайыспен қатар жалғасқан тестілер алғашқыда « жасқана қолданылса », содан соң медициналық – психологиялық зерттеулерде, әр түрлі жас кезеңдерін зерттеуде, соттық-психологиялық сараптауларда белсендірек қолданыла бастады (В. Н. Мясицев және басқалары, 1969-1974; Е. И.



Степанова және басқалар, 1971-1974; Л. Ф. Бурлачук, 1971-1975; К. М. Гуревич және басқалары, 1974-1975 және басқалар).

Ресми психология жағынан қолдаусыз іске асырылған бұл жұмыстарда диагностикалық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастырудың тәжірибелері жинақталып қана қойған жоқ, сонымен қатар нормаға сәйкес патологиялық тұлғалық психологиялық ерекшеліктер жайында да белгілі түсініктер толықтырылды. Осы қатарда эмпирикалық жұмыстармен бірге шетел зерттеулерін таңдаған алғашқы теориялық еңбектер шыға бастайды. Кеңес психологтарының дәл осы зерттеулерімен 1960 жылдардың аяғында – 1970 жылдардың ортасында тестілердің болуы және болмауы деген сұраққа жауап беріледі.

1970 жылдардың екінші жартысы зерттеулердің психодиагностика мәселесіне, бәрінен бұрын шетелдік әдістемелерге қызығушылықтарының өсуімен танылды. Жарияланған жұмыстардың саны көбейді, әр түрлі мәселелерге және психодиагностикаға арналған алғашқы монографиялар жарық көреді (В. Г. Норакидзе, 1975; Ф. Б. Березин және басқалар, 1976; В. М. Блейхер және Л. Ф. Бурлачук, 1978, 1979).

Психодиагностика психологтардың **кәсіби мүмкіндіктерін айқындайтын негізгі сфералардың бірі ретінде** мойындалады, оларды оқытудың маңызды элементтерінің біріне айналды. Сонымен бірге академиялық ғылым психологиялық білім салаларын топтауда психодиагностика үшін орын таба алмайды.

1980 жылдары тіпті кеңес одағы ыдырағанға дейін психодиагностика саласының иелері шетел тестілерін пайдалануды дағдыға айналдырды. Оларды қолдануда **«делитантты түрде тұтыну»** басым болды. Оның себебі сол кезде дифференциалды психологиялық зерттеу бағытының психодиагностика саласында болмауы. Мысалы, 1971 жылы В. М. Русалов былай деген «жекелік айырмашылықтың пайда болуы мен дамуы оның теориялық негізінің жоқтығында». «Шынайы жеке қасиетін немесе ақыл-ой қабілетін дәлелдеуге

дифференциалды психология мінез-құлықтың психофизиологиялық көрінісі мен байланысты» деген болатын Б. М. Теплов (1935), В. Д. Небылицын (1976). Сондықтан, Б. М. Теплов бойынша тест арқылы алынған мәліметтерді кездейсоқ деп санаған. Оларды жеке өзіндік деп есептеу үшін нерв жүйесінің қасиеттері мен мінез-құлқының тұрақтылығы арасындағы дәлелденуі керек.

Кеңес психодиагностика саласының қателіктерін талдау барысында біраз ғылымдардың еңбектері шықты олар: Е. Т. Соколованың (1980) Жеке тұлғаны зерттеудегі проективті әдістер «Проективные методы исследования личности». В. С. Аванесовтың (1982), М. М. Кабановтың (1983), Б. В. Кулагиннің (1984), Л. Ф. Бурлачуктың (1989), Б. Г. Херсонскийдің (1989). Олардың әрқайсысы мамандар үшін де, практиктер үшін де құнды болды. Студенттерге арналған жалпы психодиагностика «Общая психодиагностика» атты А. А. Бодалев пен В. В. Столин редакциясымен (1987) алғашқы оқу құралы, алғашқы Л. Ф. Бурлачук пен С. М. Морозовтың редакциясымен алғашқы «Словарь-справочник по психологической диагностике» атты (1989) шықты. Аталған еңбектерде бұл саланы ғылым ретіндегі мәнін танытатын дифференциалды психологиялық өлшеу ықпалы мен тестілеу ілімінің қарау негізі болды.

Осы кезде алғашқы қадам ретінде біршама әдістемелер жасалынды. Бүгінгі күні олардың біразы психологиялық зерттеулерде белсенді (А. Е. Личконың және басқалар, 1983; В. М. Мельников пен Л. Т. Ямпольскийдің, 1985; К. Акимовтың 1988; В. В. Столиннің 1988; А. А. Крониктың 1991 т.б.) қолданылады.

XXҒ. сексенінші жылдардың аяғында психодиагностиканың көп салалары анықталады. Ол жалпы психодиагностика арнайы психодиагностикадағы зерттеулердің негізгі салалары белгіленді (клиникалық кәсіптік, спорттық, педагогикалық) .

XX ғ. соңғы жылдарында Кеңес Одағының ыдырауына байланысты психодиагностика саласы дамуы да тоқтап қалды. Бірақ оған қарамастан

Москва, Санкт-Петербург қаласында, Украинада Киевте бұл салада зерттеулер тоқталған жоқ.

Сол кезеңдегі елеулі проблеманың бірі ол психолог-практикке деген әдістемелердің (таршылығы) жетіспеуі еді. Бейберекет жасалған тестілер, негізінен олар адаптацияланбағандықтан психологтарды қанағаттандырмады. Сондықтан, практикалық психодиагностика саласының дамуына әсер еткен, ол Петербургта ИМАТОН атты мекеме (Госстандарт-Ресей) психологтар үшін тестілерді дайындап және сатуға кірісті. Бастапқы кезде ол шетелдік тестілер болды, кейінірек отандық тестілерде көріне бастады. Бір ерекшелігі ИМАТОН қызметкерлері әдістемелерді сатумен шектелмейді, олар оған ғылыми жолдамаларын да қоса жіберіп отырады. Тестілермен жұмыс жасай отырып, қысқа мерзімді курстардан өтуге, конференцияларға қатысуға ИМАТОН-ның жүйелі түрде өткізілуімен психолог-практиктерге өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндік туғызды.

Алғашқы орыс тілінде П. Клайнның «Справочное руководство по конструированию тестов: Введение в психометрическое проектирование» атты кітабы (оны ағылшын тілінен аударған Л. Ф. Бурлачук, Киев, 1994) шықты, бұнда тестілерді құрастыру жолдары сөз болады, А. Г. Шмелев редакциясымен «Основы психодиагностики» атты кітап Ростов-на-Дону деген қаладан 1996 жылы баспадан шықты, Сол 1990 жылы «Психологическая газетаның» (№4/43,199) сауалнама көрсеткендей, Ресейде жауап бергендердің 51% Люшер тесті, Кеттеллдің сауалнамасын, Векслер шкаласы, адамның акцентуациясы мен психопатияны анықтау да қолданылуының жиілігі бойынша алдыңғы қатарда болды.

Психодиагностиканың ғылым ретінде дамуының алғашқы кезеңінен бастап ХХғ. аяғына дейін болған оқиғаларды төмендегі кесте арқылы көрсетілген:

Дата сы	Жеке тұлға немесе ұйымдастыру мекемелері	Психодиагностика саласында болған оқиғалар
------------	---	--

1860	Густав Фехнер	«Психодиагностика элементтері» атты кітабы жарық көрді
1879	Френсис Гальтон	«Психометриялық эксперимент», «психометриялық фактылар» атты мақалалары жарияланды. Психометриялық зерттеулердің басталуы. Жеке (дара, дербес) айырмашылықтарды зерттеу.
1879	Вильгельм Вундт	Алғашқы психологиялық лабораториясының ашылуы
1884	Френсис Гальтон	Мінез зерттеу әдістеріне алғашқы сипаттамасын жасау. Көпшілікке зерттеу жасаудың психодиагностикадағы бастапқы кезі.
1885	Владимир Бехтерев	Алғашқы психологиялық лабораторияның Ресейде ашылуы.
1888	Френсис Гальтон	Корреляция әдісін ашу
1888	Джеймс Мак-Кин Кеттел	Пенсильван университетінде (АҚШ) психологиялық лабораториясын ашу
1890	Джеймс Мак-Кин Кеттел	«Ақыл тестілері және оның өлшеуі» атты мақаласының шығуы
1896	Эмиль Креплин	Психикалық ауруларды топтастыру
1896	Альфред Бине және Виктор Анри	Күрделі психикалық процестерге негізделген ақыл-ой тестілерін алғашқы жүйелеп баяндауы
1897	Герман Эббингауз	Сөз бен буынды қалдырып кету тесті
1897	Дж. М. Райс	АҚШ мектептерінде оқу тестілерін кең ауқымда пайдаланудың басталуы
1904	Эдвард Торндайк	«Ақыл және әлеуметтік өлшеу теориясына кіріспе» атты кітабының жарық көруі
1904	Чарльз Спирмен	Екі факторлы ақыл-ой теориясын құру және факторлық талдаудың техникасы
1905	Альфред Бине және Виктор Анри	Ақыл-ой өлшеуге арналған Бине шкаласы
1906	Эдвард Торндайк	Білімділікті өлшеу және білім психологиясы бойынша бірінші оқулықтың жарық көруі
1909	Григорий Россалимо	«Психологиялық профильдер» атты кітабының жарық көруі

1912	Вильям Штерн	«Ақыл-ой коэффициенті» атты түсінікті енгізу
1916	Льюис Термен және Мауд Меррилл	АҚШ –та Бине шкалаларының адаптациялануы
1917	Роберт Вудворте	Бірінші жекелік сауалнамасы
1918	Артур Отис	Бірінші топтық тестілер
1921	Герман Роршах	«перцепцияға негізделген» тестілердің шығуы, автордың атымен аталуы, «психодиагностика» деген түсініктік пайда болуы
1925	Арнольд Гезелл	«Мектепке дейінгі жастағы бала ақылының дамуы» атты кітабының жарық көруі
1927	Эдвард Стронг	Кәсіптік қызығушылық бланкісі
1931	Луис Терстоун	Факторлық талдау техникасының дамуы. Ақыл-ой құрылымының мультифакторлық теориясы
1935	Кристиана Морган, Генри Мюррей	Математикалық апперцепция тесті – проективті техникасының бірінші жазып шығару (суреттеу)
1936	ВКП (б) Орталық комитетінің	«Халық ағарту комиссариаттары педологиялық бұрмалаушылықтар туралы» қаулысы, СССР-де тестілерді қолдануға тоқтау қою
1938	Оскар Бурос (редактор)	«Психикалық өлшеу жылнамасының» бірінші томының жарық көруі
1938	Лауретта Бендер	Бендер гештальт тесті
1939	Дэвид Векслер	Ақыл-ой өлшеуіндегі Векслер Белльвудың шкаласы
1939	Леопольд Френк	«Проективті техника» деген түсініктің пайда болуы
1940	Старк Хэтүэй, Мак-Кенли	MMPI
1941	Артур Отис	Топтастыру тесті
1941	АҚШ стратегиялық қызмет бюросы	Ситуациялық тестілерді құрастыру
1942	АҚШ стратегиялық қызмет бюросы	«Психологиялық бағалау» деген түсініктің пайда болуы
1950	Раймонд Кеттел	Жеке тұлғаның 16 факторлық сауалнамасы (16 PF)
1952	Американдық психологтар ассоциациясы	(DSM-1) жарық көруі психиканың бұзылуын диагностикалау және сандық әзірлемесі

1953	Америкалық психологтар ассоциациясы	«Психологтардың этикалық стандартын» - қабылдауы
1954	Америкалық ассоциациясы, Америкалық білім зерттеу ассоциациясы, білім саласын өлшеудегі ұлттық кеңесі	«Психологиялық тестілерге және диагностикалық әдістемелерге деген техникалық сипаттамасы» атты кітабының жарық көруі
1954	Пол Мил	«Клиникалық болжауды статистикалық болжаумен салыстыру» атты кітабының шығуы. Әр типті диагностикалық қорытындылардың тиімділігі бойынша дискуссияның басталуы.
1955	Джордж Келли	«Жекелік конструктылар психологиясы» атты кітаптың шығуы
1956	Ганс Айзенк	Нейротизм және экстроверсия-интроверсияны өлшеуге арналған бірінші Айзенк сауалнамасы
1957	Чарльз Осгуд	Семантикалық дифференциалдау әдістемесі
1957	Дж.Гильфорд	Шығармашылық қабілетті өлшеуге арналған тестілердің даярлануы
1963	Роберт Глезер	Критериалды-бағыт беру тестілері
1963-1970		Батыс елдерінде компьютерлік тестілердің версияларын кеңінен қолдануы
1966	Америкалық психологтар ассоциациясы	«Білім саласында және психологиядағы тестердің стандарттары» атты кітабы шықты.
1966	Дж.Гильфорд	Ақыл-ой құрылымының «Кубтік» моделі
1968	Вальтер Мишель Борис Ананьев	«Жеке тұлға және бағалау» атты кітабы шықты ситуациялық және жекелік айнымалы ролі туралы дискуссиясы «Психодиагностика және адамды комплексты зерттеу» атты мақаланың шығуы және совет психологиясының осы бағытты мойындауы
1969	СССР-гі психолог қоғамының орталық кеңесі	Психология ғылымында психодиагностиканың ғылым ретінде құқық беру
1974	Жан Кардин т.б.	Халықаралық тест комиссиясын бастап жарыққа шығаруы (ІТС)

1978	Вадим Блейхер, Леонид Бурлачук	«Ақыл-ой психодиагностикасы және жеке тұлға» атты монографиясының шығуы
1987	Алексей Бодальев Владимир Столин	Бірінші психодиагностика бойынша « Жалпы психодиагностика» атты оқулықтың жарық көруі.
1989	Дж.Бурчер, В.Дальстром, Дж.Гэхем, А.Теллиджен, Б.Крэммер	ММРІ – 2 жарық көруі
1993	Американың психологтар ассоциациясы, АҚШ халық ағарту, еңбек және қорғаныс министірлігі	Мемлекеттік тестілеу кеңесінің құрылуы және бағалау
1998	Джеймос Импори Барбара Плайк	«Психикалық өлшеу жылнамасы» 13-басылымы жарық көрді

➤ **Россолимо Григорий Иванович** (1860-1928). Орыс кеңес невропотологы, психиатр, психолог. Мәскеу университетінің профессоры. Отандық балалар неврологиясының негізін қалаушы. Неврологтар және психиатрлар қоғамының, сондай-ақ С. С. Карсаков атындағы невропотология және психиатрия журналының негізін салушылардың бірі. Г. И. Россолимо жүйке жүйесінің қалып-күйін объективті зерттеу үшін приборлар (құралдар) – ұсынған; ол жүйке ауруларын емдеуге хирургиялық әдістерді бірінші болып қолданды. Г. И. Россолимо зерттеулері балалар психологиясы, дефектология, медициналық психология мәселелеріне, ақыл-ой дамуын зерттеу тестілерінің мәселелеріне арналған. Г. И. Россолимо науқас және сау тұлғаның бөлек жақсатыр дамуының индивидуалды өзіндік профилін көрсету мақсатымен рухани өмір элементтерінің сандық бағалар идеясын алға жылжытты. Негізгі жұмыстары: «Психологические профили. Метод количественного исследования психических процессов в нормальном и патологическом состояниях» (1910); «Психологические профили дефективных учащихся» (1914).

## **5. Психодиагностика саласының психометриялық негіздері: тестілерді құрастырудың негізгі (этаптары) кезеңдері**

Психологиялық тестілер төмендегі шарттарды қанағаттандырған жағдайда ғана тиімді деп сипатталады:

- интервал шкалаларын пайдалану;
- сенімділік;
- жарамдылық;
- дискриминативтік;
- нормативті мәліметтердің болуы.

Жалпы жекелік сауалнамаларды құрастыру кезінде үш басты стратегияға сүйенеді:

- дедуктивті
- индуктивті
- экстерналды (Burisch, 1984).

Дедуктивті немесе мазмұнды стратегия ол жеке адамның, оның құрылымының және қызметінің теориялық базасына негізделген.

Индуктивті стратегия корреляциялық байланыстарға негізделген факторлық талдауды және де басқа сандық процедураларды пайдалануға негізделген.

Экстерналды стратегия қарама-қарсы (контрасты) топтарды салыстыруымен байланысты. Көптеген жекелік сауалнама құрастырушылар осы стратегиялардың комбинацияларын пайдаланады. Мысалы: кең түрде әр түрлі тапсырмаларды талдау процедуралары (индуктивті стратегияны) арқылы жеке адамға баға беру мүмкіндігінде (дедуктивті стратегияны) қолданады.

### **5. 1. Тест спецификасы (тапсырмалардың санын анықтау).**

Тесті құрастыру үшін алдын-ала оның нақты не үшін керек тігін білу қажет. Сондықтан бірінші қадам ретінде – **болашақ тесттің мақсатын қалыптастыру керек.** Содан кейін болашақ тесттің спецификасына зейін



аудару керек. Ең тиімдісі бұл жерде оны кесте түрінде жасау, онда көлденеңінен өлшеу керек маңызды салалар, ал тік жағына **манифестацияларын** яғни маңызды салалар көріне алатын жолдар орналастырылады. Мысалы: Дж. Руст және С. Голомбок 1988 ж. шығарған некелескендердің статусын (орнын) анықтауға арналған сауалнамасы («опросник супружеского статуса».) Бұл сауалнамаға клиенттердің өздері, олардың жанұя терапевтері және кеңесшілері қатысқан. Эксперттер (сарапшылар) бұлардан әйелдер мен ер адамдар арасында үйлесімділік болу үшін қажетті ең маңызды салаларын атауды талап етті.

Клиенттерден алынған мәліметтер арқылы ерлі-зайыптылардың жанұясын өзгертуді талап етуіне байланысты проблема тудыратын аймақтарын анықтады.

Олардың «қызығушылықтары, тәуелді-тәуелсіз дәрежесі», «вербалды-вербалды емес қарым-қатынасы (коммуникациясын)», «сенімділігі және сыйластығы» т.б. мазмұнды айма негізінде анықталды. Манифестацияны спецификациялауда оны жүзеге асырудың әр түрлі формасын бөліп көрсету керек. Мысалы жоғары сауалнама арқылы әйелдер мен ерлер арасындағы қарым-қатынаста көрінетін сезімдері мен «вербалды және вербалды емес қарым-қатынас манифестация ретінде қарастырылады».

Тәжірибеге лайықты жалпы осьте 4-тен 7-ге әртүрлі жасау түрін анықтауын талап етеддейін категориялар орналастырылады. Категорияның саны аз болса, сауалнама тар болады, ал көп болса, онда сауалнаманы құрастыру процесін қиындатады.

Қорытындысында тордың ұялары (ячейкалары) параметрлерді зерттеу үшін жоспарланған санның мінез-құлық манифестациясы көбейтілген саныны тең тор пайда болады.

Кесте № 1

Болашақ сауалнамалық егжей-тегжейін ашу

Манифестациялары	Мазмұндылық аймақтары				

Сауалнамаларды құрастыру кезінде жалпы тордың мөлшері 16-дан 25-ке дейін мөлшердегі торлар ұядан (мыс. 4x4, 4x5, 5x4 немесе 5x5) құрастыруға, ұсынуға және өндеуге қажетті ұзындыққа өте оңды торлар деп есептеледі.

Содан соң қанша тапсырма болу керектігін, мысалы әрбір кезде неше сұрақ болуы керектігін анықтау қажет. Мысал ретінде (Rust, Golombok, 1989) №2 кестені қарастырсақ, онда А және В белгіленген мазмұнды аймақтарға 40% , ал С және D - 10% салиақ жазылады.

Ал манифестациясына А, В, С және D - 25% салмақты жазып қоямыз. Осы жерде ескертетініміз (көлденең) мазмұнды аймақтың пайызды салмағы (тіктен) манифестацияны қосқанда 100% болу керек. Осындай пайыздық салмақтың орналасуы арқылы әр ұясы үшін барлық тапсырманың қайндай мөлшері орналасуы кере

Келесі қадам тестте неше тапсырма болуы тиіс тігін шешу. Тапсырманы орындау кезінде тағы да бір ескерілетін факторы, ол уақыт пен тордың мөлшері. Тапсырма санын анықтау кезінде зерттеушінің алдында мүмкін болатын екі қорытындының біреуін таңдап алудың қажетті пайда болады, олар: бір жағынан – тест сенімділігі, ол үшін тапсырма санын көбейту керек, екінші жағынан – зерттеу барысында зерттелушінің зейін ің шоғырландыру үшін тиімді жұмыс нәтижесін көрсету ретінде тапсырма ны мейлінше азайту қажет. Сонымен сауалнама сенімділігін қанағаттандыру үшін 10 минут уақытта орындалатын тапсырма 20-дан кем болмауы керек.

Тесттің пилотаждық версиясы үшін жалпы тапсырма санын және әр тордың ұясының пайыздық салмағын анықтағаннан соң әр торға деген

тапсырма санын анықтау оңай. Пилотаждық зерттеудің әр ұясына тән тапсырмалары 80 сұрақтан тұратын тапсырмалар торы көрсетілген

Кесте№2

### **Сауалнаманың тапсырма саны, манифестациялар және мазмұнды аймақтарының пайыздық салмағын анықтау**

Манифестациялары	Мазмұндық (маңызды) аймақтары				Тапсырма саны
	А 40%	В 40%	С 10%	Д 10%	
А (25%)	8	8	2	2	20
В (25%)	8	8	2	2	20
С (25%)	8	8	2	2	20
Д (25%)	8	8	2	2	20
Тапсырма саны	32	32	8	8	80

Әр ұядағы тапсырма санын шығару үшін өлшеуге алынған жеке адам қасиетін, оның мінез-құлық көрінісінің пайыздық салмағын жалпы тапсырма санына көбейту керек. Мысалы 32 тапсырмасы тордың сол ұясындағы тапсырма саны 25% тең, ол 8 тапсырмаға болып шығады. –  $25/100*32=8$ . Егерде әр ұя бойынша берілген тапсырма саны тұтас бір санды құрамаса, онда санды дөңгелектеу қажет.

#### **5. 2. Тапсырмаларды құрастыру**

Әр тапсырмада бір сұрақ немесе сөйлем болу керек. Тапсырма (сұрақ)нақты және түсінікті болуы тиіс. Тапсырмалар мінез-құлықтың жалпы аспектілерін емес, нақты мінез-құлық бейнелерін көрсетуі керек. Мысалы «Сізге спорт ұнай ма?» деудің орнына, «Сіз спорттың қай түрімен айналысасыз?», немесе «Сізге әдеби кітаптарды оқыған ұнай ма» дегеннің орнына «Сіз әдеби кітаптарды үнемі оқисыз ба» деп қойылған нақты сұрақты пайдаланған тиімді. Тапсырмалар түсінікті болуы керек және жауабы екі мәнді болмауы керек.

Жекелік сауалнамаларда ереже бойынша үш типті тапсырмалар пайдаланылады: **дихотомиялық, трихотомиялық және рейтинг шкалалы тапсырмалар**. Альтернативті таңдауы бар (**дихотомиялық** –екі жауап варианттары бар: « ия», « жоқ»)) тапсырмалар танымал (түсінікті, оңай және ыңғайлы өңдеуге). Жауап беруде де аз уақытты талап етеді.

**Трихотомиялық** тапсырмаларда үш жауап варианттары бар: «ия», «білмеймін», «жоқ», бұл жерде зерттелушінің өзін нақты көрсете алады.Әдетте **рейтингтін шкалалар** қолданылатын сауалнамаларда жауаптың жетеуден артығын пайдалану ұсынылмайды.

Тағы бір ескерту ол сауалнаманы құрастырған кезде тапсырмалардың бір ғана типін пайдалануды естен шығармау керек.

Жекелік сауалнама жасау кезінде негізгі проблеманы тудыратын мәселе ол мақсат ететін табиғатына байланысты. Керісінше тапсырмалар кірістіру арқылы келісім беруді мақсат ететіндігін жоюға болады, олардың саны «тікелей» тапсырмалар санымен тең болуы тиіс. Мысалы, төмендегі сөйлемге келсек, «Мен өзімнің анаммен деген қарым-қатынасқа қанағаттанамын» деген сөйлем керісінше «Мен өзімнің анаммен қарым-қатынасыма қанағаттанбаймын» деп толықтыруға болады.

**Әлеуметтік тұрғыдан келісімді жауапты мақсат ететін** тапсырма аз болуы тиіс, әлеуметтік керек – керек еместігі тұрғысынан бағаланады. Мысалы, «Адамдар маған қарсы үнемі интрига жасайды» (параноидтық тенденциясын айқындау) сөйлемді «Мен толығымен сенім артатын адамдар бар» деп те құрастыруға болады.

Осындай мақсат ететін тапсырмаларды жою үшін Эдвардс батылды тәсіл енгізді, ол тапсырмаларды екі пікірден құрастырған, әлеуметтік дұрыстығына байланысты оның біреуін ғана таңдауды талап еткен. Бірақ бұл тәсілі кеңінен қолданылмаған оның үш себебі бар:

- 1) келісімді пікір құрастырудың күрделілігі;

2) тапсырмалардың әлеуметтік дұрыстығының айырмашылығының көбею тенденциясы;

3) мұнда құбылыстың әлеуметтік дұрыстығын экспертті бағалауды жеңілдетеді.

**Айқын мақсат етпейтін жауабы бар** тапсырмаларға үйір болмауы тиіс.

Рейтинг шкалалы тапсырмалар **шеткі жауаптарды қалауын мақсат** етеді. П.Клайн пікірі бойынша, рейтинг шкалаларының артықшылығы оның таңдауға кең мүмкіншілік бере отырып ең ақырғы жауаптарды таңдауды мақсат етпейтіндігінде. Жалпы рейтинг типті тапсырмаларға үйір болмаған жөн.

### 5. 3. Тесті безендіру

Сауалнаманың әрқайсысының **негізгі мәлімет беретін бөлімі** (блогы) болуы тиіс. Онда сауалнаманың атауы, зерттелушіге байланысты сұрақтары жынысы, жасы, білім сатысы, аты-жөні т.б. Міндетті түрде толтырылған күнін қою керек.

Сауалнамаға байланысты **нұсқау** анық және түсінікті болуы тиіс. Онда және қалай жауап беруі тиіс және оны сауалнамада қалай белгілеуді жөнінде мәлімет болу керек. Құрастырушының зерттеу мақсатына байланысты қосымша мәліметтерді қосуға құқы бар. Мысалы, «Мүмкіншілік болғанша тез жауап беруі тиіс» немесе «Сіздерге көмек көрсету үшін неғұрлым адал жауап беріңіз». Зерттелушінің тиімді жұмыс жасауына мүмкіндік беретін ақпаратты бөліп көрсету керек.

**Сауалнама мәтінін (мазмұнын) құрастыру** кезінде төмендегі ұсыныстарды жетекшілікке алуға тиіс:

1. әр тапсырманы нөмірлеу (реттеу)
2. парақтың әр қатарында 10-12 сөз болуы керек (сөз қатарының ұзындығы қысқа болу керек)
3. парақтың сол жағындағы бұрышынан тік сызықшалар (бойымен жол-жол етіп қазағазға) тапсырмалар орналасуы тиіс

4. қағаздың оң жақ бұрышында жоғарыдан төмен тік жолға жауаптар варианты орналастырылуы тиіс. Тапсырма мен жауап варианттарының байланысы визуалды түрде анық болуын қамтамасыз ету қажет. Ол тапсырма бағанасынан жауабына дейін үзік-үзік сызықтар көмегімен жасалады. Мысалы,

1.-----иә білмеймін жоқ.

2.-----иә білмеймін жоқ.

3.-----иә білмеймін жоқ.

5. Әр тапсырманы бір-бірінен бөлген жөн, ол үшін көлденең сызықты емес бос кеңістікті пайдалану тиіс.

6. Егер де бірнеше типті тапсырмалар болса, онда олардың бәрін топтастыру керек. Тапсырмалардың әрбір типі әр түрлі нұсқаулар мен жауап варианттарының болуын талап етеді.

7. Сауалнаманың қағазға түскен түрі де эстетикалық жағынан тартымды болуы тиіс. Қазіргі компьютерлер арқылы оны жасау оңай. Ресми түрде қабылдауға сауалнаманың дизайны да әсер береді (мысалы, шрифті, қағаздың түсі, тапсырмалардың орналасуы).

Зерттеу нәтижелері әдетте сауалнамаға енгізілмейді, бірақ кейбір жағдайда бланкіде оның болуы да мүмкін, онда зерттелуші өзіне тиісті бланкті толтырып, ал психолог қорытындысын жасайды.

#### **5. 4. Пилотаждық зерттеу**

Пилотаждық зерттеуді өткізу тест тапсырмаларын орындайтын тексеруге қатысты зерттеу мақсатына байланысты адамдардың бір-біріне ұқсас ерекшеліктері болуын болжайды. Алынған мәліметтерді талдау сауалнаманың соңғы версиясын жасау үшін ең жақсы тапсырмаларды іріктеуге көмек етеді.

Мысалы, сауалнама ішкілікке әуес адамдарды зерттеуге арналған болса, онда пилотаждық зерттеулерді клиникаларда немесе сондай адамдарға кеңес беру орталығында жүргізеді. Егер сауалнама кез келген адамға пайдаланылатын болса, айталық, ересектер мен популяцияның психикалық

тұрғыда сау өкілдеріне арналса, онда зерттеушілердің репрезентивті тобын құру керек. Арнайы топты жинап алуға қарағанда репрезентативті топты құрастыру қиынға түседі. Сондықтан пилотаждық зерттеу кезінде мұнымен айналысу қажет те емес, өйткені іріктеуге көп уақыт жіберіп аласыз. Егерде репрезентативті топты іріктеуге мүмкіндік болмаса, онда ұқсастық бойынша іріктелген топты репрезентативті ретінде пайдалануға болады. Пилотаждық зерттеуге қатысушылардың демографиялық көрсеткіштері бойынша айырмашылығы болуы тиісті, мысалы, жасы бойынша, жыныстық жағынан, әлеуметтік орны бойынша. Сауалнаманың пилотаждық версиясына қатысушылардың саны неғұрлым мол болуға тиіс, пилотаждық зерттеуге керек респонденттер саны минималды тапсырма санына қарағанда екі есе көп болуы керек. Егерде ондай респондент сонын табуға мүмкіншілік болмаса, пилотаждық зерттеуден бас тартқаннан гөрі зерттеуге адам санын аздау қатыстырған жөн болады.

### **5. 5. Тапсырмаларды талдау**

Пилотаждық зерттеу арқылы алынған мәліметтерді талдаудың мақсаты сауалнаманың соңғы версиясын құрастыру үшін ең жақсы тапсырмаларды тандап алу және оған сауалнама кілті бойынша дұрыс жауап бергендердің үлесі мен әрбір тапсырманың дискриминанттығы кіреді. Тапсырмаларды талдау кестесін құрастырудың алғашқы қадамы - тапсырмаларды талдау кестесін жасаудан басталады. Онда әрбір бағана ( а,б,с,d т.б.) тапсырмаларды , ал әр бір строкасы (1,2,3,4,5, және т.б.) зерттелішіні көрсетеді. Әр тапсырма бойынша өзіне тән ұпайын кестеге жазылады. Керісінше құралған тапсырмалар (кері мағаналы) бағалаулары тікелей тапсырма бағаналарына сай келеді, бірақ бағалау континуумы бағыты кері болады. Содан соң ұпай қосындысын табу үшін әр клеткадағы ұпайлармен әр қатар бойынша жиналған ұпайлары (зерттеушілер) қосылып, жалпы ұпай шығарылады.

## Тапсырмаларды талдауға арналған матрица

Зерттелінетін	Тапсырма					Қосындысы
	а	в	с	d	е	
1.	1	1	0	1	1	4
2.	0	1	0	0	1	2
3.	1	0	0	1	1	3
4.	1	0	0	0	1	2
5.	0	0	0	1	1	2
Қосындысы	3	2	0	3	5	13

Келесі қадам ол көрсеткішті есептеу кілтіне сай жауап бергендердің үлесін анықтау немесе мұны сауалнаманың тиімділік индексі бұл көрсеткішті табу үшін жасалады. Бұл көрсеткіш дұрыс жауап берген респондент санын, жалпы респондент санына бөлу арқылы есептелінеді. Идеал түрде әр тапсырманың индексы 0,25-тен 0,75-ке дейінгі интервалда болуы тиісті. Біраз зерттеулер дұрыс жауап қайтарған кезде индексі 0,25-тен кем болып, тапсырманың тиімсіздігін көрсетеді, ал 0,75-тен жоғары болғаны ол берілген тапсырмаға дұрыс жауаптың көп болғандықтан сипаттайды.

Тапсырманы талдаудың 3 кестесінде әр тапсырма үшін тиімділік индексы төмендегідей болады:

(a)  $3/5=0,6$ ;

(в)  $2/5=0,4$ ;

(с)  $0/5=0$ ;

(d)  $3/5=0,6$ ;

(е)  $5/5=1$ , солай болғандықтан байланысты соңғы сауалнаманың версиясынан (с) және (е) тапсырмаларын алып тастау керек. Тапсырманы талдау кестесіндегі қорытындыларға қарап, жақсы тиімділік индексінің ,



яғни шеткі бағалардың ортасына орналасқаны, әр респонденттің орта бағаны таңдауын ғана емес, сонымен бірге әр түрлі бағалау вариацияларын көрсетуінде. Осы тапсырмаларға арналған өзге тапсырмалар жекелік ерекшеліктерді өлшейтіндігі белгілі болған кезде ғана сауалнаманың соңғы версиясына қосу керек. Тапсырмалардың дискриминативтілігін анықтау үшін барлық тесттің жалпы балымен ( ұпайымен) қоса әрбір тапсырманың корреляциясының коэффициенті пайдаланылады.

Тапсырма дискриминативтігі неғұрлым жоғары болса, корреляция коэффициенті жоғарылайды, демек тапсырманың жақсы құрастырылғанын көрсетеді. Бұл негізгі критерий болып табылады. Ереже бойынша, 0,2-дегі минимальды корреляциясы керек етіледі.

Теріс немесе нольдік корреляциялары бар тапсырмалар сауалнамадан шығарып тасталады. Осындай көрсеткішті есептеу үшін Пирсонның көбейту коэффициентінің пайдалынады: шығару формуласы төмендегідей:

$$r = \frac{n \sum XY - (\sum X)(\sum Y)}{\sqrt{[\sum X^2 - (\sum X)^2][n \sum Y^2 - (\sum Y)^2]}}$$

r-корреляция коэффициенті

X-әр тапсырма бойынша қорытындысы

Y-бүкіл тест бойынша ұпайы

n- жұп көбейту саны

$\sum$ -қосынды сан

$\sum x$ -әр тапсырма бойынша санның қосынды ұпайы

$\sum Y$ -бүкіл тест бойынша санның қосынды ұпайы

$(\sum X^2)$ -әр тапсырма бойынша санның қосынды ұпайының квадраты

$(\sum Y^2)$ -бүкіл тест бойынша санның қосынды ұпайының квадраты

$\sum XY$ -әр тапсырма бойынша және барлық тапсырмалар бойынша көбейту қосынды ұпайы.

## 5. 6. Тестінің сенімділігін анықтау

Қайталап тестілеу кезіндегі әр респонденттің көрсеткіші бірдей болса онда ол тесттің сенімді болғаны.

Сенімділік терминінің психометрияда екі мағынасы бар: 1-ішкі бірлігі бойынша сенімділік. Тест жарамды болу үшін тест бірлігі болуы тиіс. Сенімділікті анықтаудың бірнеше жолы (тәсілі) бар. Л.Ф.Бурлачук бойынша-тест сенімділігі екі параллель тестің нәтижелері арасындағы корреляцияны немесе бір тестті қайталап пайдаланғанда алынған бірнеше корреляцияны есептеу арқылы анықталады.

**Ретестік сенімділік** дегеніміз алғашқы жасаған кездегі қайталап өткізу кезінде тестілерді сол респонденттерге, сол жағдайға шағын өткізіп, алғашқы және қайталау кезіндегі алған мәліметтер арасындағы корреляциясын орнату.

Қайталау процесін мідетті түрде алғашқы өткізу кезеңінен бір ай өткеннен кейін жасау керек, ал бірқатар психологтардың айтуынша алты ай өткеннен кейін жасауды ұсынады (Клайн, 1994). Бірақ Клайның айту мерзімін сақтау міндетті емес. Дәлел ретінде Канада елінің психологтарының зерттеу қорытындысына сүйенсек. 302 студентті үш ай аралық интервалмен жекелік сауалнама бойынша қайта зерттеуден өткен кезінде тест жағдайлары түрлендірілген (варьировались). Ретестік сенімділік коэффициенті 0,872-ге тең болып, олар төмендегі үш спецификалық нұсқауларды қолданғанда:

1.жауапты ойлану

2.бұрынғы жауабын жаңғырту арқылы пайдалану

3.тестінің параллельді түрін орындау кезінде оның үш зерттеу тобындағы коэффициенттерден айырмашылығы болмады.

**Стандартты сенімділік** коэффициенті бұрынғы жауаптарды жаңғырту нұсқауы арқылы алынған коэффициенттен жоғары болды.

Ретестік сенімділік үшін корреляция коэффициенті 0,7-ге тең болуы тиіс.

**Параллельдік формадағы сенімділік**

Тест бөлімінің сенімділігін анықтау кезінде сауалнаманы екі бөлімге бөледі (әдетте тақ және жұп тапсырмалар), одан соң тақ және жұп тапсырмалар арасындағы аралық корреляцияны шығарады.

Ретестік сенімділік пен параллельді формадағы сенімділіктің корреляциясын анықтау Пирсонның көбейту коэффициенті негізінде есептелінеді. Оны Спирмен-Браун формуласын қолдану арқылы анықталады.

$$r = \frac{2r_{\frac{1}{2}\frac{1}{2}}}{1 + r_{\frac{1}{2}\frac{1}{2}}}$$

$r_{11}$ -жалпы сауалнаманың сенімділігі

$r_{\frac{1}{2}\frac{1}{2}}$ -сауалнаманың екі жартысының аралық корреляциясы.

Мыс, егерде Пирсон бойынша моменттерді көбейту корреляция коэффициенті тестісінің екі жартысы 0,80-ге тең болса, онда

$$r_{11} = \frac{2(0.80)}{1 + 0.80} = 0,88$$

Сенімділікті зерттеу кезінде қатысушылардың саны 200 одан да көп болуы тиіс репрезентивті таңдауларда. Сенімділік бұл тесттің маңызды қасиеті, бірақ өзіне деген құндылығы жоқ. Бұл тестілердің жарамдылығына жетуге қажет.

### **5. 7. Факторлық талдау**

Көп жағдайда тест құрастырушылардың алдында мәліметтерді «қысу» немесе басқалай айтқанда, көптеген бақылаулар, немесе өзгергіштер арқылы зерттелетін құбылыстарды жинақтылы суреттеу міндетерінен тұрады. Факторлық талдау меңгерілетін көп өлшемді құбылыстардың көлемін төмендету әдісі болып табылады.

Психология ғылымында факторлық талдау Ч.Спирмен зертеулерімен байланысты (Spearman, 1904), ал оның математикалық негізін қалап, дамытуына үлес қосқандардың қатарына атақты психологтар Т.Келли, Л.Терстоун, Дж. Гилфорд, Р. Кеттелл, математиктер қатарынан К.Пирсон, К.Холзингер, Г.Харман т.б. болды және бұл әдіс түрлі ғылым саласында белсенді түрде қолданылуда. Эксперименттік мәліметтерді ұсынушы типтік

формалардың бірі матрица болып табылады, мысалы, бағанасы түрлі тестерге ( тест тапсырмаларына), ал қатары- оларды қолдану нәтижесінде алынған жеке қорытындыға (мағынасы) сәйкес келеді. Матрица көлемі бойынша визуалды тандау жасау мүмкін емес, сондықтан шығыс мәліметтерді қысып маңыздысын, міндісін алуды талап етеді. Ең алдымен зертеуші корреляциялық матрицаны алуы қажет ( корреляция коэффициенті есептеледі) . Мысал ретінде Л.Айкенның ( Айкен,1996) зерттеуіне сүйенейік. Бұл зерттеуде колледждің 90 студентінен 11 параметр бойынша бес балдық шкала ( 1- төмен балл, 5-жоғары) көмегімен оқытушыларды бағалауды сұрайды; әдептілік, сыпайлық, креативтілік, тілектестік, өз пәнімен айналысу, пәнді білу, студентерді мотивтендіру қабілеті, ұйымшылдық, жылдамдық, дайындығы және тиянақтылық.

кесте № 4

### Оқушылар тұлғасын бағалау үшін шкаланың 11 тапсырмасы арасындағы корреляциялық матрицасының үлгісі

Тапсыр- малар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	<b>1,000</b>	0,727	0,424	0,573	0,343	0,294	0,458	0,200	0,425	0,091	0,078
2	0,727	<b>1,000</b>	0,304	0,620	0,287	0,258	0,363	0,075	0,459	0,115	0,127
3	0,424	0,304	<b>1,000</b>	0,470	0,510	0,080	0,691	0,206	0,304	0,129	0,112
4	0,573	0,620	0,470	<b>1,000</b>	0,336	0,195	0,390	0,061	0,528	0,026	0,022
5	0,343	0,287	0,510	0,336	<b>1,000</b>	0,171	0,638	0,374	0,203	0,243	0,244
6	0,294	0,258	0,080	0,195	0,171	<b>1,000</b>	0,108	0,227	0,159	0,490	0,430
7	0,458	0,363	0,691	0,390	0,638	0,108	<b>1,000</b>	0,218	0,314	0,108	0,065
8	0,200	0,075	0,206	0,061	0,374	0,227	0,218	<b>1,000</b>	0,085	0,524	0,421
9	0,425	0,459	0,304	0,528	0,203	0,159	0,314	0,085	<b>1,000</b>	0,114	0,187
10	0,091	0,115	0,129	0,026	0,243	0,490	0,108	0,524	0,114	<b>1,000</b>	0,611
11	0,078	0,127	0,112	0,022	0,244	0,430	0,065	0,421	0,187	0,611	<b>1,000</b>

Егер рейтинг бағаларын 2 бірдей үшбұрышқа диагональ арқылы бөлгенде ( жоғары сол бұрыштан төменгі оң бұрышқа дейін) матрицаның симметриялық екенін көреміз. Мұнда бірінші жоғары қатарындағы тұрған бағалар бірінше бағасындағыларға сай екендігін көрсетеді. Сол тәрізді екінші қатарының құрамындағы элементтер де, екінші бағанасындағына сай және әрі қарай жалғаса береді. Негізгі диагональдағы сандар + 1,00-ге тең- бұл әр шкалалар тапсырмаларың өз-ара корреляциясының бар екендігін болжайды.

Психологиялық тестіліуде факторлық талдаудың мақсаты- әртүрлі тестер немесе басқа да психометриялық өлшеулер бойынша бағалау тобындағы дисперсияның көптеген бөлігін түсіндіретін бірнеше фундаменталды факторларды табуда қорытылады

Жоғарыдағы мысалда- 11 өзгергіш, сондықтанда факторлық талдаудың міндеті- **факторлық жүктеме** матрицасын немесе шкаланың фактор тапсырмалары және факторлар арасындағы корреляцияны табу болып табылады.

Талдаудың бірнеше процедурасы бар, бірақ олардың барлығы екі сатыны ұсынады:

- 1) алғашқы факторлық матрица шығару үшін корреляциялық матрицаны факторлау.
- 2) факторлық жүктеменің қарапайым пішінің анықтау үшін факторлық матрицаға айналуы.( 4 кестеге қарау) Бұл процесте факторлау сатысы түрлі тестер арасындағы байланысты түсіндіруге қажетті және әрбір фактор бойынша әрбір тестің жүктемесінің (салмағының) алғашқы бағасын алуды қамтамасыз факторлар саның анықтауға алып келеді.

Факторға айналдыру қажеттігі мынада –кез келген фактор бойынша кейбір тестер жоғары күшті, ал көбісі төменгі күшке ие болатындықтан факторлық пішін құру көмегімен түсініктірек (интерпретацияланатындай) ету болып табылады. Жасаған пішіндерді түсінуге факторлардың дөңгеленуі көмектеседі.

Факторлаудың белгілі процедураларының бірі- **негізгі ось әдісі** (principal axis), дөңгеленудің процедурасының ең әйгілісі-**варимаксті дөңгелену** (толығымен бұл әдіспен танысу үшін Окунь Я. Факторный анализ атты кітаптан табуға болады\ Г.З.Давидовичтың редакциясы мен шыққан-М.,Статистика,1974.)

кесте№5

**Оқытушы тұлғасын бағалау шкаласы бойынша рейтингтік бағалауға дөңгелендендірім және дөңгелендірусіз факторлық салмақ матрицасы (S PSS бағдармасы арқылы алынған мәліметтер)**

Тапсыр-малар	Факторлық салмағы						Дисперсия мөлшері
	Дөңгеленуге дейін матрицасы (айналуға дейін)			Дөңгеленгеннен кейін матрицасы (айналғаннан кейін)			
	A	B	C	A`	B`	C`	
1	0,754	-0,271	0,250	0,783	0,090	0,288	0,704
2	0,708	-0,281	0,415	0,853	0,089	0,131	0,752
3	0,689	-0,206	-0,440	0,303	0,015	0,786	0,710
4	0,702	-0,392	0,240	0,790	-0,041	0,280	0,704
5	0,674	0,063	-0,500	0,148	0,243	0,792	0,708
6	0,442	0,477	0,402	0,353	0,669	-0,113	0,585
7	0,714	-0,216	-0,485	0,298	0,009	0,838	0,791
8	0,434	0,573	-0,257	-0,082	0,649	0,392	0,582
9	0,594	-0,201	0,330	0,691	0,102	0,120	0,502
10	0,408	0,769	0,063	0,011	0,867	0,100	0,762
11	0,388	0,718	0,122	0,052	0,822	0,048	0,681

5 Кестеде факторды А,В,С бағана арқылы көрсетілген.

Осы фактор бойынша әр 11 тапсырманың жүктемесі немесе корреляциясы әр факторға байланысты бағананың астына жазылған. Мысалы, 1 тапсырма А факторы бойынша 0,754-ке тең, В фактор бойынша -0,271-ге тең,С фактор

бойынша 0,250-ге тең. Әр фактор бойынша жүктемесінің қосынды квадраты осы тапсырманың дисперсия мөлшерін анықтайды.

1 тапсырма бойынша дисперсия мөлшері 1-ге тең.

$$(0,754)^2 + (-0,271)^2 + (0,250)^2 = 0,704.$$

Бұл дегеніміз, бірінші тапсырма бойынша көрсеткіштің 70,4 % вариациясы осы үш фактордың әсерімен түсіндіріледі

Факторлық талдау тұрғыда қарау тест сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Тесттің толық дисперсиясы жалпы факторлар үшін суммасына, қосу ерекше (арнайы) факторлар дисперсиясына, қосу қате жіберушілік (күнәхарлық) дисперсиясы суммасына тең екендігі белгілі. Мұнан кейін, егер біз тестін факторлық талдауын жүзеге асырсақ квадрат құрып және оның факторларының жүктемесін суммалайтын болсақ, онда оның сенімділігін аламыз, бұл факторлар жүктемесі жалпы немесе арнайы факторлармен корреляция тестісін ұсынады (білдіреді) мұндай тәсіл бойынша сенімділігін айқындау факторланған тест үшін сәйкес келеді. Дөңгеленгеннен кейінгі факторлық матрица бағанасы 3.5 таблица да, А`, В` және С` белгіленген. Әр тапсырманың дисперсиялық үлесі дөңгеленгенге дейін факторлық матрицасымен сай болып келеді, бірақ дөңгеленгеннен кейін пайда болған факторларды дөңгеленбегенге дейінгі матрицасымен салыстырғанда матрицада нәтижесін өңдеу оңай. **Ортогональды дөңгелсенуде** факторлық осьтері бір-біріне перпендикулярды болып қалады. Ортогональды факторларын өңдеу нәтижесі жеңілге түседі. Бұл жерде факторлары тәуелді өз-ара корреляцияға ұшырамайды.

Өңдеу нәтижесінде дөңгеленгеннен кейін факторлық талдауды өңдеуде бір фактор бойынша салмағы 0,50 және одан да жоғары тапсырмаларға ерекше назар аудару қажет. Төрт тапсырмаларда- 1 (әдептілік), 2(сыпайлық), 3(тілектестік), 4(шыдамдық) А` фактор бойынша салмақтары (жүктемесі) жоғары. Сондықтан бұл А` факторларға лайықты «әдепті» немесе «сыпайлық» белгілер: тағы да төрт тапсырманың салмағы (жүктемесі) жоғары, бірақ В`

фактор бойынша : 6 ( мәліметтілік), 8 ( ұйымшылдық), 10 (дайындылығы), 11 ( тап-тұйнақтай). Сондықтан бұл В` факторға лайықты атақ «әзірлік, даярлық». Келесі үш тапсырманың жүктемесі жоғары С` фактор бойынша: 3 (креативтілік), 5 (өз-пәніні берілгендік), 7 (мотивациялық қабілеттілігі). Сондықтан бұл С` факторға лайықты атақ «ынталандару» немесе « мотивацияланған \себепші болу». Студентер осы үш факторға байланысты оқытушы типіп оның психологиялық мәнінде арттық көріп қалайды. Бүгінгі күні факторлық талдауға байланысты ғылыми мақалалардың, еңбектердің саны мол. Тест жасаудағы психологтардың бұл күшті құралы болып қабылданады.

### **5. 8. Тест жарамдылығы ( валидтілік) латыншадан аударғанда-« бір нәрсені жасай алу қалпы» дегенді білдіреді**

(өлшенетін нәрселерді өлшейтін тест жарамдылығы деп аталады)

Өлшеуге арналған өлшем мөлшері анықталса, онда ол тест жарамды деп айтылады. Тестілердің жарамдылығын дәлелдеу үшін бір-неше дәлелдейтін көптеген тәсілдері бар. **Айқын жарамдылық**- зерттелуші өзінің тест туралы түсінігін сипаттау. Жеке адамды тану жолындағы құралы ретінде қабылдану қажет. Қазіргі кезде квазитестілердың ( қоғам саласың қалыптастыруда газет пен журналдардағы тестілер санынын көбейюі) әрекетімен ақыл-ойға арналған тестілерден бастап ерлізайыптардың өз-ара үйлесімдеріне дейін анықтайтындары бар.

**Бәсекелестік жарамдылық**- белгіленген параметрлерге қатысты жарамдылық, басқалармен жасалған тест корреляция бойынша бағаланады. П.Клайн бәсекелестік жарамдылық жөнінде мәліметтер кейбір өзгергіштер үшін қанағаттанарлықсыз жұмыс жүргізетін тестер болғанда жарамды, ал жаңалары өлшеу сапасын арттыру үшін құралады деп тұжырымдайды. Тиімді тестілер болып тұрғанда, онда не үшін жаңа тестер керек? **Болжамды жарамдылық**- мұнда бірсәт уақыт мерзімі өткеннен кейін тестінің көрсеткішімен бірнеше критерийлердің аралығындағы корреляция арқылы



анықталады Л Кронбах айтуынша, болжымды жарамдылығы арқылы алынған мәліметтер дәлелді. Мысалы, ақыл-ой тестілердің болжамды жарамдылығының көрсеткіштерін зерттелушідегі 10 жастағысын, академиялық үлгерімінің корреляциясын орта мектепті бітірген кезінде салыстырған. Әрине, дәстүрлі түрде академиялық үлгірімі сыртқы критерийі ретінде ақыл-ой тестілерінің жарамдылығына байланысты, бірақ оқудағы жетістікте көл жеткізуінде басқа да критерийлерін бар екендігін мойындаймыз демек жеке адамның жоғары сатыда дамыған ақыл-ойы тек академиялық үлгерімінің әсерінен деген ой толық еместігін айту керек.

Мысалы, тест батареясының ішінде біреуінің критерийге байланысты корреляциясы төмен болуына тиіс жағдайда **инкрементты жарамдылық** пайдалану керек. Бірақ сол батареясындағы басқа тестілерінен асып түспеу керек. **Инкрементті жарамдылық** негізінен бұл кәсіп таңдауына арналған психологиялық тестер.

**Дифференциальды** ( бүтінді түрлі бөлшекке, формаға мүшелеп бөлу) **жарамдылық**. Мысалы, қызығушылықты анықтайтын бағыттағы тестілер. Олардың негізінен корреляциясын академиялық үлгерімімен байланыстырады, әр пән бойынша әртүрлі болуы тиіс.

**Мазмұндық жарамдылық**-меңгерілетін мінез-құлық аймағының барлық аспектілерін бейнелейтін тест тапсырмаларын дәлелдеу арқылы анықталады. Әдетте олар жетістікке жету тестілерінде анықталады (өлшенетін параметрлер мағынасы толығымен анық). Мазмұндық валидтілік талабы тестің әр сұрағына қатысты, валидтілік көрсеткіші – критерий мен жауаптар арасындағы корреляция коэффициенті болып табылады. Тестті жасау кезінде эксперт-психологтардың басқа әдістерді қолдану арқылы жиналған мәліметтері алынады.

**Конструктивті түрдегі жарамдылық** – тестіні өлшеуіне байланысты толығымен ауыспалығын сипаттау. Мұнда жоғарыда айтылған жарамдылықтың бар түрі қатысты. Л.Кронбах және Мил психодиагностика

саласына конструкті жарамдылық түсінігін еңгізген, сол арқылы критерийларын таңдаудағы проблемаларын шешуге болады деп тұжырымдайды.

Валидтілікті анықтау алгоритмі:

- диагностикалық конструкцияның теориялық негіздерін талдау, психикалық қасиет пен құбылысты айқындау тестілеудің теориялық тұжырымдамасын жасау, диагностикалық конструктылардың жүесін анықтау, конструктивті валидтілікті тексеретін корреляциялық тәжірибелер нәтижелерін болжау;
- эмпирикалық көрсаткіштер жүйесін қалыптастыру; тестін бөлімдерін құрау;
- жарамдылықты тексеру критерийін жасау;
- корреляциялық зерттеуді жоспарлау және өткізу;
- нәтижелердің нақтылығын тексеру, эмпирикалық көрсеткіштердің нақтылығын бағалау;
- сенімділік және жарамдылық талабына сай келметін бөлімдерді тазарту.

### **5. 9. Тестілерді стандарттау ( стандартқа бағындыру)**

Психометриялық тестілердің мәнді айырмашылығы оны стандартқа бағындыру болып табылады, демек бір зерттелушінің көрсеткішін барлық топ көрсеткішісімен немесе сара жолын біріктіруімен салыстыруғы мүмкіндік береді. Осы арқылы сол зертеушілушінің көрсеткіштігінің сай екендігін дәлелдейді. Сондықтан да көрсеткіштерін салыстыру арқылы көрсеткіш деген ұғым еңгізіледі. Стандартты ауытқу көрсеткішін әр топқа табуға байланысты төмендегі формула арқылы табуға болады:

$$SD = \sqrt{\frac{n\sum x^2 - (\sum x)^2}{n - (n - 1)}}$$

онда стандартты ауытқу-  $SD$

зерттелушілердің саны-  $n$

сауалнамаға қатысушылардың қорытындысы-  $x^2$

қосындысы-  $\Sigma$

**Стандартты көрсеткішті** табудың екі жолы бар: алғашқы бағаның сызықты және сызықтысыз қайта жасау түрде. Сызықты қайта жасауда алғашқы үйлестірімдегі « ішкі» бағалары бар қасиеттерін сақтайды және стандартты көрсеткіш деп аталады.

Бүгінгі күні практикада стандартты көрсеткіштер жиі пайдаланады. Оның формуласы:

$$Z = \frac{x - \bar{x}}{SD}$$

Қалыпты топтын алғашқы бағалауы- $x$

Қалыпты топтын орташа бағалауы -  $\bar{x}$

Қалыпты топтын алғашқы бағалауымен орташа бағалау аралығындағы айырымы- $x - \bar{x}$

Мысалы, 16 PF Кеттел сауалнамасының сенімділігін анықтау жолында. Оның А формасы алынып, оған 227 адам ( 135 әйел, 92 ер адам) 16-дан 51 жас аралығындағылар қатысқан. Орташа жас өлшемі 28 жасты болған. Бұл адамдар Киев қаласындағы әр түрлі коммерциялық мекемелерге бухгалтерлікке, әр түрлі деңгейдегі менеджерлікке, коммерциялық директорлық қызметке таңдаудан өткізген. Олардың ішкі үйлесімдіктерін Кронбах коэффициент формуласымен анықталған:


$$a = \frac{r}{r-1} \left[ 1 - \frac{\sum_{i=1}^r s_i^2}{S_x^2} \right]$$

Онда Кронбах коэффициенті- $a$

Тестегі тапсырма саны- $r$

Тестін J пункті бойынша дисперсиясы-  $s_i^2$

Тест бойынша дисперсия ұпайлардың қосындысы-  $S_x^2$



## **6. Тест туралы қысқаша мәліметтер**

Тест (test) ағылшын тілінен аударғанда –сынау, сыныма, тексеру деген мағынаны білдіреді. Ол психодиагностика саласының негізгі әдістерінің бірі және құралы болып табылады.

Пэнто Р. мен Гравитцтын М. (1972) айтуынша тест деген түсінік ежелгі француз тілінен шыққан дейді, ол « чашка» деген сөздің синонимы ( лат. testa –саздан жасалған ваза). Өйткені алхимиктер тәжірибе жасау кезінде саздан күйдірген ыдыстарды өлшеу құралы ретінде пайдаланған. Ал орыс тілінде тест

деген сөздің екі мағаналы түрде берген: 1. сыналушының анты ретінде, яғни жеке адамдар қоғамдық қызметке түру үшін ант қабылдайды мыс. Ағылшындар осылай өздерінің католик еместігін дәлелдеу ретінде. 2. балқытуға арналған жалпақ ыдыс ретінде.

Тест терминін алғаш рет американдық психолог Дж. М. Кеттелл енгізді (1890). Осы терминнің қазіргі кездегі мазмұны мен мағанасын XIX ғ. аяғында XX ғ. басында қалыптасқан еді. Педагогикалық практикада тест үлгісіндегі тапсырмаларды (1864) Дж. Фишер оқушылардың білімдерін тексеру үшін қолданды.

Психодиагностика саласында тесттілерді әртүрлі таптастыру жолдары бар. Оларды қолдану ерекшелігіне байланысты **вербалдық және практикалық** деп атаған, өткізілу процедурасына қарай **топтық және индивидуалдық (жекелік)** деп бөлген; бағыттылығы бойынша **ақыл-ой, жеке тұлғалық және психикалық функцияларын зерттуге** арналған тесттілер болып бөлінген; уақыттын шектелуінің болуы немесе болмауына байланысты **жылдамдық бағыттығы және нәтижелі** тесттілерге бөлген. Сонымен бірге құрылу қағидасына байланысты турлері де бар. Ал XX ғ. соңғы оң жылдарында компьютерлік тесттілер қолданыла бастайды. Бұл ұсынып отырылған тесттілердің таптастыру жолы диагностикалық ықпалға негізделген.

**Тесттілердің нәтижесін қолдану кезінде төмендегі факторларды есепке алу қажет:** 1. белгілі бір тесттілердің теориялық тұжырымдамаға сүйенуі; 2. психологиялық тесттердің стандарттық талаптарға негізделген мәліметтер жиынтығы ретінде қолдануы. Мәліметтер жиынтығының болуы тестің сенімділігімен жарамдылығында. 1974 жылы халықаралық тестін қағидасы құрылды. Олар психологиялық оқу, білімділік тестілердің жасалуын, нәтижелігін бағалау және таратумен айналысты. Ақыл-ой тестілер көмегімен өлшенетін интеллекттің даму деңгейінің сандық көрсеткішін (QI) зияттылық

коэффициенті деп атайды. 1912 жылы В. Штерн зияттылық коэффициент ұғымын еңгізді.

Бүгінгі күнде тестілеудің үш саласы бар: **білім беру-оқыту** мерзімінің ұзаруыны және оқу бағдарламаларының күрделіленуіне байланысты; **кәсіби даярлық** және **іріктеу-өндірістің** өсу қарқынының жеделдеуіне және күрделдеуіне байланысты; **психологиялық (кеңес) консультация-социодинамикалық** процестердің жеделдеуімен байланысты.

Тестілеу процесін өткізу үш кезеңі бар: **тестіні таңдау** (тестілеудің мақсатымен және тестінің дұрыстығы мен сенімділік дәрежесімен анықталады); **оны өткізу** (тестіге берілген нұсқаумен анықталады) **нәтижелерді пайымдау** (тестілеудің пәніне қатысты теориялық жүйесімен айналысады). Жоғарыда аталған үш кезеңнің үшеуінде де білікті психологтын қатысуы керек.

Пайдаланылатын материал бойынша: **бланкілік** кең тараған ( қарандаш пен қағаз арқылы орындалатын Шульц, Бурдон таблицалары т.б.) атты, онда қолдану нұсқауы, мысалдар, тапсырмалардың өзі және жауап графалары бар. Бланкілі тестерді жеке және топтық түрде қолдануға болады;

**заттық** ( белгілі бір заттармен амалдау тесті, мыс. Косса кубигі, Векслер тесті, Выготский-Сахаров тесті т.б. бөлшектерден фигуралар құрау) бұл тест түрін жеке өткізіледі;

**аппаратуралық** (арнаулы техникалық жабдықтауды талап ететін) кең тараған уақыт шапшаңдығын зерттеу приборлары-реактометр, рефлексометр, тахистоскоп т.б. түрлері болады.

Ал тест тапсырмалардын біртектік дәрежесі бойынша тестер **гомогендік** (тапсырмалары біртекті) және **гетерогендік** (тапсырмалары әртүрлі) түрде болады, егер тест тапсырмалары тек бір психикалық қалыпты не қасиетті зерттеу мақсатымен іске асырылса, онда тест гомогенді деп аталады, яғни осы жеке мақсат үшін жарамды болып табылады. Ал кешенді зерттеу үшін бірнеше факторларды анықтайтын тест тапсырмалар керек. Сәйкесінше


гетерогенді тест кешенді психодиагностикада жарамды болып табылады. Психикалық қасиеттерді қамту бойынша **зияттылық және жеке тұлғаны зерттеу** болып сараланады.

Психодиагностика саласының арнайы психодиагностикалық әдістемелері бар, олар тек қана кеңес беру мен психотерапиядағана емес, сонымен бірге индивидтің және топтың психикалық ерекшеліктерін айқындау қажеттілігі жағдайлардың барлығында қолданылады. Ондай **әдістемелердің ерекшеліктері** төмендегідей: психодиагностикалық ақпаратты қысқа мерзімде жинауға мүмкіндік береді; адам туралы жалпы емес, нақты оның қажетті ерекшеліктері (интеллектісі, мазасыздану деңгейі, көзге түсерлік қырлары) туралы мәліметтер береді; мәліметтер индивидті басқа адамдармен салыстыруға мүмкіндік беретін сандық және сапалық түрде болуы мүмкін; психодиагностикалық әдістемелер арқылы алынатын мәліметтер индивидке жәрдем көрсетудің тәсілдерін таңдағанда, оның өнімділігін болжауда және индивидтің дамуын, қарым-қатынасын, берілген іс-әрекетінің өнімділігін болжағанда өте зор.

Бүгінгі күнде психикалық құбылыстарды білу, тану кезінде психодиагностикалық әдістерге төмендегі талаптар қойылады: **операционалдық** (теориялық шешім) жаңа,ғылыми түсінікті еңгізу кезінде міндетті түрде нақты процедурасын, тәсілін және әдісін қолдау ,сол көрсетілген құбылысты түсіну арқылы бар екеніне көз жеткізу. Сондықтан практикалық әрекетке нұсқау береді; **верификациялық** (практикалық шешім) аударғанда тексеру деген мағынаны білдіреді.

Бүгінгі таңда мыңнан астам психодиагностикалық әдістер бар, оларды топтау және бір үлгіге келтіру мүмкін емес . Жалпы психодиагностикалық әдістерді топтауға келсек, онда оларды төмендегідей корсетуге болады: байқау (бақылау) негізіндегі әдістер; сауалнама әдістері; мінез-құлық реакциясын және оның нәтижесінің дұрыстығын ескере алатын объективтік әдістер; тәжірибелік әдістер. Мысал ретінде бірінші топтағы әдістерді қарастырдық-

байқау негізіндегі диагностикасы. Оның процедурасына стандартты үлгілі түрде өтеді: нені байқау, қалай байқау, байқау нәтижесін қалай белгілеу, оларды қалай бағалау, түсіндіру және қорытынды жасау. Ол үшін Р. Бейлс әдісі бойынша шағын топтағы стандарттық бақылау кезіндегі шешім қабылдау әрекетін үлгі ретінде көрсетеміз:



Р. Бейлстің үлгісінде және онда келтірілген категория жүйесі, топ мүшелерінің әрекет алмасу процесін бақылау үшін пайдаланылады. Бұл үлгі 12 түрге бөлінеді: жарты бөлігі жағымды, жарты бөлімі жағымсыз. Осы үлгіні психодиагност пайдаланып, топ мүшелерінің әсерін, қозғалысын, реакциясын осы процестер арқылы тұжырымдап үлгідегі категориялдың біріне жатқызады. Бақылау соңында әр топтың әсері жалпы қатысушылардың жеке санағы жүргізіледі. Әр қатысушыға жеке және жалпы топ құрылып, мамандардың өзара пікір алмасуы, топтық жеке қатысушылардың мінез-құлықтарына қалай жұмыс істелгені жөнінде тұжырымдалады.



## Пысықтау сурақтары

1. Ф.Гальтон корреляция есептеу әдісін қашан ұсынды.
2. Ф.Гальтон ысқырық арқылы нені өлшеді.
3. Ф.Гальтон сызғыштық арқылы нені өлшеді.
4. Ф.Гальтонның регрессия заңының мазмұны неде?
5. Параметриялық емес d-квадрат коэффициентін кім енгізді?
6. Сфигмограф құралы нені өлшеуге арналған?
7. Массо аппараты арқылы не өлшейді?
8. “Ақыл-ой тесті және оны өлшеу” атты мақаланың авторы кім?
9. Академиялық үлгірім арасындағы корреляцияны көрсеткен кім?
10. Әлемдегі 1-ші психология саласының профессоры деп кімді атаймыз?
11. “Ақыл-ойды эксперименталды зерттеу ” атты кітаптың авторы кім?
12. А. Орн ақыл-ой қабілет тестерді неше топқа бөлді?
13. Бине-Симонның ақыл-ой шкаласы қашан жарияланды?
14. Зияттылық коэффициент ұғымын кім енгізді?
15. “Адам суретін сал” атты тестің авторы кім?
16. Жекелік бейнормал мінез-құлықты өлшеу сауалнамасының авторы кім?
17. Роршахтың “психодиагностика” атты оқулығы қай жылы жарық көрді?
18. Интеллект теориясының мультфакторлы негізін қалаушысы кім?
19. ТАТ әдістемесін кім енгізді?
20. “Сия дақтар” атты тестін авторы кім?
21. Визуалды-моторлы гештальт тестінің негізін салушы кім?
22. Нейротизмді айқындауға арналған тестін авторы кім?
23. “ Үй, адам, ағаш” атты тестін авторы кім?
24. “ Түрлі-түстерді таңдау” атты тестің авторы кім?
25. “Түрлі-түсті пирамида” атты тестің авторы кім?
26. 16 PF сауалнамасын енгізген кім?
27. Үрейленудің көріну шкаласын жасаған кім?

28. “Тұлғалық конструктілер психологиясы” атты кітаптің авторы кім?
29. “Тұлғаны бағалау” атты журналы бұрын қалай аталған?
30. Визуалды даму тестінің (ИТРА) авторы кім?
31. Кубтық модельдің авторы кім?
32. Клиникалық көп осьті сауалнаманың авторы кім?
33. Кауфманның қысқаша ақыл-ой тесті қашан жарияланды?
34. “Образовательная психология” атты тестер нені зерттеуге бағытталған?
35. “Психологиялық профиль” атты шкаланың авторы кім?

## Қосымша бөлімі

### а.Акцентуация мен психопатия

Қазіргі уақытта мектептерде оқитын оқушылар даралығымен, мінез-құлқының өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан да мектеп психологының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі - өтпелі кезеңде жиі көрініс беретін мінез акцентуациясын анықтауы болып табылады.

Мінез акцентуациясы дегеніміз, ол: мінез-құлықтың жекеленген көріністерінің күшеюі (яғни "мен мұндалап" тұруы), норманың шегіне шығу нәтижесі, ол патологияға оңай ауысатын мінез белгілері.

Адамның екпіңдеуінің (акцентуациясының) бірнеше белгілері анықталған, олар:

- адамның ызакор болуы;
  - ашуланшақтығы;
  - дәл өзінде жоқ факторларға немқұрайлы қарауы;
  - жеңілтектік білдіруі;
- стресс факторларына өте қызу түрде реакция беруі т.б.

Акцентуацияның әртүрлі мәселелері мен шұғылданған зерттеушілер: Лев Семенович Выготский акцентуация көрініс беруінің жас кезеңі мен байланыстылығын айқындаған, Томкинс пеп Изард эмоцияның пайда болуын, Дж. Эйсендорф, Эдвард Ли Торндайк, Зигмунд Фрейд, Карл Роджерс, А. Маслоу, Макдаугл, Иван Петрович Павлов мотивация тұжырымдамасын анықтаған.

В. Д. Кисловская, А. Е. Личко, Л. Мехрабиан, Э. Монакези, Карл Леонгард, Эрик Фромм т.б. әртүрлі әдістемелер көмегі мен мектептегі оқушылардың мазасыздану деңгейінің ерекшелігіне байланысты зерттеулер жүргізілу арқылы анықтаған.

Акцентуацияны психиатрлар көбінесе психопатияның (ауруға қатысы жоқ "патологиялық мінез") немесе психикалық аурудың бастамасы деп түсінеді.

Ондай мінезді адамдарда ақыл - ой мүмкіндігі қалыпты не қалыптан астам болады деп отыра, психопатияның бірнеше сипаттамасын береді.

**Психопатияның классикалық типтері:**

**циклоидтер** - циклының ауытқулары бірнеше сағаттан бірнеше айға дейін болатын көңіл-күйдің үнемі алмасып тұруы;

**шизоидтер** - бұларға қарым-қатынастан тартыну, тұйықтық, бүкпешілдік, ренжігіштік, эмпатияның болмауы, жүріс - тұрыстың қолайсыздығы тән;

**эпилептоидтер** - бұлардың негізгі нышандары шектен тыс шамданғыштық, мұнданып, әлденеден қорқып, ашуланып, шыдамсызданып жүрушілік, қыңырлық, жәбірленгіштік, каталдық, ұрысқақтық;

**астениктер** - бұларға әсершілдік, психикалық қозғыштық, тез арықтау, шамданғыштық, жасқаншақтық тән;

**психастениктер** - үнемі алаңдап, өзіне сенімді болмай, қашан да ойға батып жүреді, патологиялық күмәншылдыққа бейім;

**параноялық** - аса құнды идеялар ойлап шығаруға бейім, бірбеткей, өзімшіл болып келеді, күмәнданушылығы болмайды, өзіне нық сенімді болады және өзін тым жоғары бағалайды;

**орнықсыз психопаттар** - бұларға тән көңілшектік, келелі мүдделерінің болмауы, айналасындағылардың ықпалына тез берілушілік;

**органикалық психопаттар** - ақыл - ойының туа біткен шектеулілігімен ерекшеленеді, жақсы оқуы мүмкін, бірақ нәтижесіз, білімді қолдану не бастама көрсету қажет болған кезде "өзін қоғамда ұстай біледі", бірақ пайымдаулары жұрт ығыр болған түрде болып келеді.

Белгілі пеміс психиатры Гумбольт атындағы Берлин университетінің профессоры Карл Леонгард қалыпты адамның мінез-құлқының айрықша белгісін мінездің екпіндеуі деген терминмен тұңғыш рет 1968 жылы белгілеген. Ол өзінің 1981 жылы жарық керткен "Акцентуация личности" деген кітабында мінезі толысып келе жатқан адамның екпіндеуі мен оның мінез -

кұлқының дербестік қасиеттерінің арасын ажырату оңайға түспейді деп жазады.

Сонымен қатар адамның екпіндеуі мен патологиялық мінезі (психопатия) туралы түсінікті бір - бірімен бөліп қарайды.

Карл Леонгард шектен шыққан адамның мінездемесін бере тұра, оның клиникалық типтерін (шиыршық ату, тақуалық, міз бақпау, мазасыздық, эмоциялық және т.б.) көрсетеді.

Жеке мінездің патологиясы емес, бұл сау адамдарда жиі кездесетін жан құбылысы.

Л. С. Выготскийдің зерттеулеріне сүйене отырып (бірінші жастық дағдарыс), қызба типті балада психопатиялық алғашқы белгілер 2 - 4 жас аралығында білінеді. Бұл кезде бала құрдастарына қарағанда өте қозғалғыш, қозғыш, ызақор келеді (ыза болғанда төңірегіндегілерді ұрып, тырнап, тістейді), бала тым қиқарланып, айтқанын орындамаса, ол еденге жатып, басын соғып, жер тырмалап, бақырып жылайды, басқалармен сыйыспай, бірден төбелесе бастайды. Бірінші класта мұндай әрекеттер сирек кездеседі. Психопатия ұлдарда жиі байқалады, ақыл-ойының мүмкіндігі орташа болса да, нашар оқиды, көңіл - күйі де аумалы – төкпелі болады.

Болгарияда Г. Д. Пирсовтың басшылығымен бір топ психологтар жүргізген зерттеу нәтижесінде 5 - 17 жас аралығындағы балаларға "ашушандық" тән екендігі анықталған. Сонымен қатар, олардың психикалық нормаларының үлкендерден айқын ерекшеленіп тұратындығын 14 - 15 жастағы он бес мың американдық жеткіншектеріне жүргізген С. Хатауэйем мен Дж. Маккинлидің жасаған психодиагностикалық "Минесоталық" көпфазалы тұлғалық сауалдама (MMPI) менде дәлелденді. Бұл тест арқылы қалыпты даму мен психопатиялық дамудың шекарасындағы сипаттары анықталып мінез акцентуациясы айқындалды және нәтижесі бойынша нормадағы балалардың өздері "психопатия", "шизофрения", "гипомания" шкалалары бойынша көрсеткіштері үлкендерден әлде қайда жоғары.

Үлкендер үшін психикалық ауру симптомы болып табылатын көрсеткіштер жасөспірімдер үшін норма болып табылады деген қорытындыны жасаған.

АҚШ психологтарының жүргізген зерттеулерінде жеткіншек кезеңдегі балалардың 80%-нің мінез-құлық үйлеспеушілігімен сипатталатынын көрсеткен. Демек, мектеп оқушыларының, яғни кіші және орта мектеп жасындағы балалардың қабылдауы өте жоғары болатындығы белгілі. Сондықтан да, оқушылардың дүниеге көзқарасы, олардың жағымды қасиеттерінің қалыптасуымен байланысты болады.

Америкалық ғалымдар С. Марк Хатауэй мен Э. Мопакези жүргізген "Роршах", "тематикалық апперцепция" тесті бойынша 12-16 жас аралығында оқушылардың мазасыздану деңгейінің жоғары болатындығы, сонымен қатар А. А. Мехрабианның мағлұматы бойыша осы жас аралығында балалардың жекелік ауытқуларының бірден өсетіндігі көрсетілді.

**"Проективті тест"** көмегімен В. Д. Кисловская әр жас кезеңіне тән мазасыздану деңгейін диагностикалау арқылы акцентуация динамикасын анықтады. Оның нәтижесі бойынша, кіші мектеп жасындағы оқушылардың мазасыздануы бейтаныс үлкен адамдармен қарым - қатынас жасағанда көрініс берсе, акцентуация белгісі жасөспірімдерде барлық қатынастарда, әсіресе ата - аналармен және балалар тәуелді болатын үлкендермен қарым - қатынас кезінде анық байқалатыны анықталады. Оның себебі, жасөспірімдік кездегі эмоциялық реактивтіліктің төмен дәрежеде болуында деп тапқан. Ал төмен реактивтілік психологиялық жағымсыз факторлар болып есептелінеді. Осыған байланысты жүргізілген Калифорниялық лонгитюдтік талдау бойынша реактивтілігі төмен жасөспірімдерге біршама мазасыздық, эмоциялық тұрақсыздық, икемсіздік және қарым - қатынасына шектеулілік тән болып келеді. Осы ерекшеліктердің себебін А. Е. Личко зерттеген (1977). Оның ойынша, екпіндеу мінездің қалыптың нұсқасының шекті және тұрақсыз түрі бола тұрып психопатияның қалыптасуына қолайлы негізін қалайды. Әсіресе

қалыптасып келе жатқан жасөспірім мінезіне ықпал ету ұзақ уақыт және қайталанған түрде болуы тиіс. Балалар мен жасөспірімдерге қамқорлық аздығы, қамқорлықтың көптігі, "отбасының табынушысы", "жетім" ретінде тәрбиелеу мінездің, қалыптасуына жағымсыз әсер стеді. Мінездің шектен шығуы қате тәрбие мен психопатия типтерінің арасындағы белгілі бір қарым - қатынастың әсерінен болады.

А. Е. Личко бойынша 12 - 18 жас аралығы психопатияға (патологиялық мінез) жақын келеді. Жасөспірімдердің мінез - құлқының қалыптасуына ерекше көңіл бөлінбесе оларда эмоциялық үйлеспеушілік терендеп, акцентуация дамуы мүмкін дейді.

Мектеп психологтарына ең ыңғайлы зерттеу жүргізуде Г. Шмишек, А. К. Личко топтауына көбірек көңіл аудару керек деп ойлаймыз.

Аталған типтердегі ұпайларға сауалнамадағы кодтың әріптік символдары сәйкес келеді. **Мысалы:** Г - гипертимдік, Ц - циклоидтық, Л - лабильдік, А - астениялық-невроздық, С - сенситивтік, П - психостеиялық, Ш - шизойдтық, Э - эпилептоидтық, И - истероидтық, Н - тұрақсыз, К - конформдық. Ұпайлар қойылатын кейбір графалардың бос болуы сол тандаудың оншалықты мәлімет бсрмейтіндігін көрсетеді. Әріптік символдардың екеу не үшеу болып қайта-қайта жазылуы осы жасаған тандауы үшін сәйкес акцентуация типіне 2 немесе 3 ұпай берілетіндігі болып табылады. Бір таңдаудан да екі немесе одан да көп акцентуация типтеріне ұпайлар есептелінеді. (Мысалы: ЛЛП - 2 ұпай лабильді типке және 1 ұпай психоастениялық типке беріледі).

Таңдау жасамаған жағдайда да ұпайлар қосылатындығын ескертеміз. Мысалы, «Спирттік ішімдіктер» тақырыбы бойынша О ұпай жазылады.

Объективті бағалау шкаласында келесі қосымша көрсеткіштер бар: Мысалы: Д - қарастырылатын мәселелерге нақты қатынастың диссимуляциялық көрсеткіші және өз мінезінің ерекшелігін жасыруға талпыну.

Т - ашықтық, шынайылық көрсеткіші.

В - психопатияға тән мінез сипаттарының көрсеткіші.

Е - өзін-өзі бағалауда эмансипация реакциясының бейнелену көрсеткіші.

О - деликвенттілікке психологиялық бейімділік көрсеткіші.

Әр акцентуация типіне сай алынған ұпайларды есептеу үшін график тұрғызу оңтайлы болып табылады. Әр көрсеткішке және типке сай 1 және 2 зерттеулер бойынша алынған ұпайлар арифметикалық тәсілі мен қосылады. Яғни олар графикте көлденең сызық бойына бейнеленеді. Оларға қосымша ұпайлар қосылады (сауалнама соңында көрсетілген).


Мынадай "X" шартты белгімен графикте типкес сәйкес ұпайлар қойылады, олар сауалнама кодына сәйкес айқындалған болып табылады.

"+" белгісімен 111 типіне сәйкес қосымша ұпайлар берілген (1 ұпай  $K=1$ , 1 ұпай  $0=6$ ).

Графикті бағалауды келесі тәртіппен жүргізу ыңғайлы болып табылады.

### **Конформдылық, көрсеткішін айқындау.**

Егер  $K=1$  немесе  $K=0$  болса, онда конформдылықтың төменгі дәрежеде екендігі айқындалады, өзін-өзі бағалауда шизойдтық және истероидтық типтерге тән болып табылады.





Егер  $K = 2$  немесе  $K = 3$  болса, онда қалыпты,  $K = 4$ ,  $K = 5$  болса онда орташа, ал  $K = 6$  және одан да көбірек болса жоғары конформдылық сәйкес болып келеді.

### **Зерттеуге деген негативті қатысты айқындау.**

